

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,  
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
«XXI СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,  
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ  
«XXI САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

**ТОМ 8**

**ПАВЛОДАР  
2021**

ӘОЖ 001  
КБЖ 72  
Ж66

**Редакция алқасының мүшелері:**

Муканов Р. Б., Ахметов К. К., Бегимтаев А. И., Бексеитов Т. К.,  
Кислов А. П., Колесников Ю. Ю.

**Жауапты хатшылар:**

Азимхан А., Айтмагамбетова Г. А., Акимбекова Н. Ж., Альмишева Т. У.,  
Амангельдинова М. М., Амерханова А. Х., Анарбаев А. Е., Аубакирова Д. Б.,  
Байкен А., Бахбаева С. А., Джусупова Э. М., Досымжан А., Дюсова Р. М.,  
Еликпаев С. Т., Ельмуратов Г. Ж., Жаябаева Р. Г., Жумабаева Г. М.,  
Жумабекова Д. К., Жусупбаева Д. А., Зарипов Р. Ю., Исакова З. С., Кайдарова  
Г. Ш., Камашев С. А., Каменов А. А., Капенова М. М., Кривец О. А.,  
Куанышева Р. С., Молдакимова Г. А., Мусаханова С. Т., Муталиева Р. М.,  
Мухтизарова М. Б., Нуркина Н. А., Ордабаева Ж. Е., Рахимов М. И., Савчук М. И.,  
Садықкалиев А. М., Салимова Р. С., Смагулова Б. Т., Тайболатов Қ., Ткачук А. А.,  
Урузалинова М. Б., Шабамбаева А. Г.

**Ж66** «XXI Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен  
мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары. – Павлодар :  
Toraighyrov University, 2021.

ISBN 978-601-345-167-1 (жалпы)  
Т. 8 «Студенттер». – 2021. – 347 б.  
ISBN 978-601-345-174-9

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001  
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-174-9 (Т. 8)  
ISBN 978-601-345-167-1 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2021

6 секция. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдары  
6 секция. Гуманитарные и социальные науки

6.3 Денешынықтыру мен спорттың өзекті мәселелері  
6.3 Актуальные вопросы физической культуры и спорта

**ЗДОРОВЬЕ НАЦИИ – ДОСТОЙНОЕ БУДУЩЕЕ СТРАНЫ**

КАЗЛЮТИН И. Н.

студент, Павлодарский колледж технического сервиса, г. Павлодар

ЕЛГИНА В. Д.

преподаватель, Павлодарский колледж технического сервиса, г. Павлодар

В Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана сказано: «Особое внимание требуют вопросы укрепления здоровья нации. Важно развивать массовый спорт среди всех возрастных групп населения. Нужно обеспечить максимальную доступность спортивной инфраструктуры для детей. Развитие массовой физической культуры должно стать пирамидой, на вершине которой будут новые чемпионы, а у её основания мы получим здоровую, активную молодёжь и, в конечном счете, сильную нацию».

Агитация здорового образа жизни ведется сегодня весьма активно. Множество общественных и государственных организаций проводят мероприятия, направленные именно на оздоровление и укрепление молодежи. Здоровье нации это – то, к чему стремится любое социально развитое общество, ведь это высокая работоспособность, здоровое поколение Казахстана и достойное будущее страны в целом. Прививать правильный образ жизни следует именно среди молодежи, только в этом случае они смогут расставить верные приоритеты в будущем и выбрать нужный путь во взрослую жизнь.

Как отмечает Г. С. Никифоров, понятие «здоровый образ жизни» есть «концентрированное выражение взаимосвязи образа жизни и здоровья человека», «стратегическая цель жизни, обеспечивающая гармонию длительных периодов индивидуальной жизни, как всей жизни». З. Ф. Дудченко определяет здоровый образ жизни личности как «активность личности, которая использует предоставляемые ей возможности в интересах здоровья, гармоничного психического, физического и духовного развития».

Проведем обзор состояния здоровья подростков в отдельном учебном заведении, на примере КГП на ПХВ «Павлодарский колледж технического сервиса». Контингент колледжа по очной форме обучения 423 человека, из них 27 студентов, имеют освобождение от занятий физической культурой по справкам ВКК, то есть 6,4 процента молодежи учебного заведения не здоровы. Структура причин получения справок ВКК на 2020–2021 учебного года составляет из:

- 1) Гастродуоденальный синдром;
- 2) Пищевая интоксикация;
- 3) Травма глаз;
- 4) Остеохондроз;
- 5) Пиелонефрит;
- 6) Фарингит;
- 7) Гайморит;
- 8) Язвенная болезнь желудка;
- 9) Внутрочерепная гипертензия;
- 10) ОРВИ.

Основные причины **внутричерепной гепертонии** – повышение давления в полости черепа. Может быть обусловлено патологией головного мозга (черепно-мозговая травма, опухоли, внутричерепным кровоизлиянием, энцефаломенингитом и др.), т.е. значительные нагрузки при получении образования, малоподвижное времяпрепровождение (в основном за компьютером), несоблюдение режима дня; стрессовые ситуации разного уровня: тестовый контроль знаний, отношения с родителями, конфликты с ровесниками, психологические комплексы; вредные привычки: многие подростки начинают в этом возрасте курить, употреблять спиртные напитки. Неокрепший организм реагирует на токсическое влияние развитием внутричерепной гепертонии.

**Остеохондроз** – преждевременное старение позвоночника, заболевание, проявляющееся развитием дегенеративных процессов. Межпозвоночные диски становятся тоньше, на телах позвонков образуются солевые наросты – остеофиты.

**Гастродуоденальный синдром** – сочетанное воспаление слизистой оболочки желудка (чаще его привратникового отдела) и 12-перстной кишки, характеризующееся нарушением секреции и моторики желудочно-кишечного тракта.

Проанализировав причины, получения данных справок, было выяснено, что они выданы в результате 10 различных заболеваний.

Смотря на все данные, полученные в ходе исследования, можно уверенно сказать, что с каждым годом количество справок увеличивается, а это значит, что заболеваемость молодого поколения растет. Поэтому общество и правительство должны направить все силы на улучшение экологических факторов, на улучшение и увеличение работоспособности медицинских учреждений, на повышение квалификации медиков и т.д., но самое главное на увеличение здоровья молодой нации. Ведь она является основой.

Современные студенты большую часть времени проводят в учреждениях образования, и поэтому их режим полностью подчинен учебному заведению. Это заставляет сконцентрировать внимание преподавателей и медицинских работников на вопросах профилактики заболеваний, путем проведения лекций медицинскими работниками, семинаров, классных часов, а также охране и организации медицинской помощи.

По данным Всемирной Организации Здравоохранения установлено, что влияние факторов, определяющих уровень общественного здоровья, распределяется следующим образом:

1. Наследственность – определяет здоровье на 15–20 %;
2. Условия внешней среды (природные и социальные) – на 20–25 %;
3. Деятельность системы здравоохранения – на 10–15 %;
4. Образ жизни человека – на 50–55 %

Из этого соотношения видно, что главным резервом здоровья человека является его образ жизни. Положительно влияя на него, мы можем существенно повысить потенциал здоровья.

С медико-биологических позиций наибольшее влияние экологические факторы городской среды оказывают на следующие тенденции:

- 1) процесс акселерации;
- 2) нарушение биоритмов;
- 3) аллергияция населения;
- 4) рост онкологической заболеваемости и смертности;
- 5) рост доли лиц с избыточным весом;
- 6) отставание физиологического возраста от календарного;
- 7) «омоложение» многих форм патологии и др.

В настоящее время остро встала проблема болезненности населения. Все чаще и чаще мы узнаем о болезнях, которые добавляет нам экология, загрязненность воды, ненатуральные продукты. Все это оказывает большое влияние на здоровье населения.

В связи со сложившейся эпидемиологической ситуацией, связанной с распространением CoViD-19, в целях снижения в период режима самоизоляции, объявленного во всём мире, в частности, в Республике Казахстан для обеспечения сохранности жизни и здоровья обучающихся и воспитанников, педагогов, других работников организаций образования, а также для предупреждения распространения корона вирусной инфекции COVID-19 в период пандемии, объявленной Всемирной организацией здравоохранения, на основании Постановления Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 12 марта 2020 года № 20, во исполнение протоколов № 1 от 16 марта, № 2 от 17 марта и № 6 от 26 марта 2020 года заседаний Государственной комиссии по обеспечению режима чрезвычайного положения при Президенте Республики Казахстан были приняты следующие меры:

– усиление санитарно-эпидемиологических и профилактических мероприятий в организациях образования, осуществляющих учебно-воспитательную деятельность, в том числе в интернатах, общежитиях;

– запрет на проведение массовых мероприятий с 13 марта текущего года (праздничных, культурных, спортивных мероприятий, проведение конференций, семинаров и др.);

– запрет на выезд обучающихся и воспитанников на международные спортивные, культурные, туристские мероприятия;

– переход на дистанционное обучение и т.д.

Я студент КГП на ПХВ «Павлодарский колледж технического сервиса» обучаюсь по специальности техник-механик и темой своего доклада не случайно затронул проблему и пропаганду здорового образа жизни. В период карантина в 2020 году принял участие в республиканском конкурсе «ТОП-100 студентов колледжей Республики Казахстан» и вошёл в число победителей. Я предложил свой проект – «Мы – за здоровый образ жизни», главной целью которого стало бы формирование ценности здорового образа жизни, как в колледже, так и во дворе. Организация бесплатного дворового клуба во внеурочное время для удовлетворения потребностей студентов, учеников школ, жителей двора в содержательном досуге позволило бы принять их участие в самоуправлении и общественно полезной деятельности. В данный момент я регулярно занимаюсь таким видом спорта как футбол, участвую во внутриколледжных мероприятиях, где также добиваюсь больших успехов и наград, веду активный и здоровый образ жизни.

Не все молодые люди в силу своей безграмотности, не сформированной психики в состоянии понять, как важно заниматься спортом, вести активный и здоровый образ жизни. Очень важно своим и другими примерами направлять их стремление в лучшую сторону – занятие спортом, закаливание, правильное питание, здоровый образ жизни. Необходимо объяснять полезность, нужность и важность занятий спортом, а также перспективы, которые откроются перед ними в будущем.

Основные компоненты, из которых складывается наше здоровье, это:

- правильное и рациональное питание;
- высокая двигательная активность;
- регулярные занятия физической культурой;
- постоянные занятия утренней зарядкой;
- закаливание;
- отсутствие вредных привычек.

Давайте придерживаться этих основ. Выбор в пользу спорта – это выбор в пользу здорового и полноценного будущего для каждого в отдельности и для общества в целом! Задумайтесь, ведь все в наших руках!

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана, 2 сентября 2019.

2 Психология здоровья: учебник для вузов под ред. Г.С. Никифорова. СПб: Питер, 2006.

3 Дудченко З.Ф. Психологическое обследование здорового образа жизни личности// Здоровая личность. СПб: Речь, 2013.

4 Чумаков Б.Н. Валеология: учебное пособие. – 2-е изд. испр. и доп. – М.: Педагогическое общество России, 2000.

5 Корева И.А., Поляков С.Ю., Хрущев С.В. Мониторинг и коррекция физического здоровья школьников: методическое пособие – М.: Айрис – Пресс, 2006.

6 Постановление Главного государственного санитарного врача Республики Казахстан от 12 марта 2020 года № 20.

## РОЛЬ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ

КРИВЕЦ В. А.

студент, Торайгыров университет, г. Павлодар

БАТЯШОВА И. В.

ст. преподаватель, Торайгыров университет, г. Павлодар

КРИВЕЦ О. А.

ст. преподаватель, Торайгыров университет, г. Павлодар

Современные государственные образовательные стандарты, предоставили возможность вузам разрабатывать рабочие программы специальностей самостоятельно, но одновременно это повысило ответственность преподавателей в частности и учебного заведения в целом за качество обучения студентов.

В настоящий момент характеристики студента-выпускника -мобильность и компетентность. Преподавателю необходимо сместить акцент при изучении дисциплин на процесс познания. Результативность достижения данной цели зависит от познавательной активности самого студента.

Основной задачей преподавателя вуза является создание условий для превращения студента в активного участника процесса обучения, для этого необходимо:

- разработка учебных и учебно-методических пособий, в том числе в электронном формате;
- организация продуктивного учебного процесса в ходе аудиторных и дистанционных занятий;
- организация самостоятельной внеаудиторной учебной деятельности студентов;
- обеспечение поисково-творческого характера обучения [1, с. 48].

В настоящее время происходит трансформация направленности преподавательской деятельности. Педагог вуза не только передает учебный материал, но оказывает помощь студентам при выборе направления, формы, или способа приобретения знаний. Преподаватель направляет их самостоятельный поиск, определяет и оказывает помощь в преодолении проблем, консультирует, как применять научные знания для решения прикладных задач. Педагогу также следует организовать процедуру оценки и самооценки уровня профессиональных компетенций.

Современный преподаватель вуза не только специалист в той или иной области науки, но и профессионал по организации

образовательного процесса на своих занятиях. Педагог должен владеть и использовать инновационные, активные и интерактивные технологии обучения.

Понятие «педагогическая технология» педагогика позаимствовала из терминологии промышленности и производства. Где технология – это процесс переработки исходного материала до получения продукта с заранее заданными свойствами. Технология – алгоритм последовательности операций под управлением человека.

В педагогике технологизация направлена на цели, содержание, организационные формы обучения и переработки информации, взаимодействие субъектов образовательного процесса.

Признаки образовательной педагогической технологии:

- подробное описание образовательных целей;
- систематическое использование обратной связи для коррекции и оценки эффективности учебной деятельности;
- возможность повторить процесс обучения независимо от квалификации педагога;
- оптимальное количество расходуемых ресурсов;
- гарантия достижения учебных результатов.

В педагогике нет единой точки зрения, определяющей понятие «педагогическая технология», но можно уверенно заявить, что она функционирует и исследующей наиболее рациональные пути обучения, и в качестве системы принципов, способов и алгоритмов педагогической деятельности, и в качестве реального процесса обучения.

В последнее время активно используется дистанционное обучение. Под термином «дистанционное обучение» – подразумевается обучение на расстоянии, осуществляемое по индивидуальной программе.

Дистанционное обучение применялось уже в середине XIX в. и существовала как рассылка контрольных работ и материалов по почте (впервые применена в Германии преподавателями иностранных языков Ч. Туссенем и Г. Лангенштейтдом) [2, с. 4]. Но мы, чаще всего под дистанционным обучением подразумеваем обучение в режиме on-line.

Современное дистанционное обучение отличается тем, что предоставляет студентам возможность самостоятельно получать необходимые знания, пользуясь информационными ресурсами, которые предлагают современные технологии. Информационные ресурсы: различные базы данных, компьютерные и мультимедиа,

обучающие и контролирующие системы, видео- и аудиозаписи, электронная почта, электронные библиотеки все эти достижения современной жизни создают уникальную среду обучения студентов, которая доступна для широкого контингента обучающихся.

Преподаватель в образовательном процессе проводит чаты, форумы, видео- и телевизионные конференции, видео лекции, что позволяет взаимодействовать со студентами ежедневно.

При on-line обучении педагог не только управляет самостоятельной работой студентов, но и выполняет вспомогательные виды работ - ведет переписку со студентами, следит за выполнением графика учебного процесса и посещаемостью, составляет график консультаций и т.д.). Контроля за успеваемостью осуществляется с помощью проведения дистанционно экзаменов, собеседований, on-line тестирования, а также через курсовые, проектные работы и кейс-стади.

Преподаватель, работающий в режиме on-line, должен быть компетентным в собственной профессиональной области, в современных активных методах обучения, владеть интернет-технологиями, а также разбираться в вопросах организации, управления и мониторинга дистанционных курсов.

Дистанционное обучение – это такая форма обучения, которая сочетает в себе элементы очной и заочной форм процесса образования.

При дистанционном обучении возможно включить все современные педагогические инновационные методы и технологии: дифференцированное, лично-ориентированное, проблемное, интерактивное, модульное, разноуровневое обучение и т. д.

Дистанционное обучение одно из важнейших достижений педагогической науки и методологии.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение. – М., 1997 – 157 с.

2 Буриев К.С. роль дистанционного обучения в современном образовании/ К.С. Буриев – Текст: непосредственный // Образование и воспитание. -2016.- № 4 (9). – С. 4-6.

#### 6.4 БАҚ даму тенденциялары және журналистикадағы жаңа технологиялар 6.4 Тенденция развития СМИ и современные технологии в журналистике

#### ҚАЗІРГІ АҚПАРАТ ӨНЕРІ: ҒАЛЫМ М. БАРМАНҚҰЛОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША

ТҰРАП Н.

студент, Жур-401-тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қандай қоғам, қандай мемлекеттің де экономикалық, әлеуметтік, рухани, материалдық деңгей-дәрежесі ақпаратпен ғана қуатты. Осы тұста ғалым кез келген қоғамның басты күші – ақпаратта дегенді айтады. Ақпарат пен хабарда да барлық қызықты да, тартымды және қоғам үшін қажет жағдай мен оқиғалар өтіп жатады. Мемлекет пен қоғам журналистің ақпаратынсыз ешкім де, ештеңе де емес. Ендеше қоғамдағы ең басты күш – ақпарат.

Ғалым қай кезде де журналистикадағы ең басты мәселе – ақпарат пен деректе дегенді анықтай келіп, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның (Екатеринбург, 1995) ең өзекті мәселесінің өзі де – дерек арқылы не айтады, дерек нені дәлеле ету керек, бір сөзбен айтқанда дерек не үшін керек деген қарапайым сұрақты талқылағандығын айтады.

Журналистиканы зерттеуші ғалымдардың бірі – таза дерек пен таза шындық немес ақиқат дегеніміз қоғам үшін болатын, бар нәрсе ме? Осы сұрақтар төңірегін бастап, қоғамдағы өзгеретін тұстардың бар екендігін, және өзгермелілік қоғам үшін қажет, адамдар болашағы үшін ерек түс болса, онда оны бар қалпында қабылдауымыз керек деген ойды жалғастырады. Ғалымның бұл ойы Кеңестік кезеңнен кейінгі нарыққа қарай қадам басқан алғашқы жылдарға тән еді. Нарыққа әлі де үйрене қоймаған, қоғамдағы ұжымшылдық пен жалпыхалықтық ортақтыққа сана сенген қоғамдағы бұрынғы журналистердің пікірінің өзгеруінің күрделі де оңай болмайтындығын а түсіндікпен қарау керектігін жеткізеді. Бұған дейін біз шындық, дерек деген тұста объективті түрде баға беріп келсек, енді шындық пен дерекке субъективті баға беретін тұстарымыз көп. М. К. Барманқұловтың ғылыми шығармашылық

және журналистік тәжірибесіндегі қызығушылығының ауқымы кең, әрі алуан қырлы. Ғалымның «Возможности космического ТВ» (1997 ж.) және 1998 жылы шыққан «Телевидение: деньги или власть?» кітабында теледидар мәселелері мен қоса Қазақстандағы телехабардың жаңа даму бағыттары, 1990 жылдар басында нарық жағдайына ыңғайланған коммерциялық телерадиокомпаниялардың пайда болуы осы кезеңдегі жаңа қатынасқа бейімделуі жөнінде зерттеуші көзімен, журналист көзімен, кей тұста көрермен көзімен өз ой-тұжырымдарын береді. Ұлттың, халықтың, қоғамның құндылықтары өзгереді. Бұл құндылықтар қоғамдағы саяси-экономикалық қатынастарға да тәуелді болады. Ендеше ақпарат осы әлеуметтік-экономикалық, саяси-экономикалық мәселелерді шешуде негізгі жетекші насихаттаушы болуы шарт. Бұған дейін ақпарат насихаттаушы, дем беруші болып келсе, енді бастамашыл ғана емес, тәжірибеде алғаш өзінен бастаушы ретінде де қызмет атқаруы тиіс. Ғалым өзгерген қоғамның 6 түрлі дерек пен ақпарат түрлерін анықтап көрсетеді.

1 Ақпараты жоқ қоғам – әрекетсіз қоғам.

2 Ақпарат қоғамның негізгі шындығын, түйіндерін, басты мәселелерін шеш алмайды.

3 Ақпарат қоғам шындығын әдеппен, барынша салқынқандылықпен жеткізеді.

4 Ақпарат қоғамның шындығын түрлі көзқараспен, сан алуан пікірлермен, бірнеше ойлармен береді.

5 Ақпарат қоғам шындығын қоғамдағы бар қалпынан да көркем жеткізеді, шынайы суреттейді.

6 Ақпарат берушілер дерек пен жағдайда өздері жасайды, болар жағдайды, айтар жаңалық, хабарды өздері түсіреді, өздері қолдан жасайды.

#### Экономикалық ақпарат

Журналистикада да әр кезеңнің алға шығаратын тақырыптары болады. Бұл тақырыптардан алыс кетуге болмайды. Ескерусіз қалдыруға таға келмейді. Англияда осы кезеңінің ең басы ақпараты деп – қаржылық-экономикалық ақпараттарды алға қойды. «Файнэншл таймс» газеті Англиядағы ең басты газеттердің біріне айналды. Газет беттері кестелер мен бағаларды, акция рейтингтерін көрсететін материалдармен толыққан. Рейтер ақпараттық агенттігі экономикалық жағынан тұрақты болып қана қойған жоқ, америкалық ең ірі агенттіктің бірін сатып алды. Басты себебі – экономикалық қуатының күштілігінде, қаржылық тұрақтылықта.

Шетелдік басылымдарда бизнес-ақпарат блок, қосымша ертіңде ұсынылады. Ғалым нарықтық кезеңдегі баспасөзге қажет бизнес-жоспардың негізгі бөліктерін ұсынады.

1 Шығындар.

1.1. Жалпы редакциялық шығындар деп оны 22 түрге бөледі.

1.2. Баспа және өндірістік шығындар бұл 28-ге бөлінеді.

2. Табыстар.

Газет тиражын таратудан түскен табыстан бастап дивидендтермен 6 түрге жіктелген.

Ғалым бұқаралық-ақпарат құралдары үшін жаңа нарықтық қоғам туғандығын, осы тұста әр басылымның өз экономикалық есептерін жүргізуі мен оған сауатты бақылау жасаудың қажеттілігін айтады. Қазақстандық БАҚ бұған әлі дайын емес. Бұл қоғамның мүддеден айырылуына ықпал етеді.

Ақпарат – тұрмыстың санадағы іс-әрекеті.

М. К. Барманқұлов – Қазақстанда Интернеттің пайда болуына байланысты оның БАҚ орынын алғаш талдаған және оның электронды БАҚ пен оның жаңа өзгерген қоғам дамуына, біздің тұрмысқа ықпалын қарастырып, Дүниежүзілік Тораптың болашағына көз жіберген, болжау жасаған Қазақстанның алғашқы зерттеушісі.

Интернет пен телевидениені біріккен ақпарат құралы деп емес, симбиоз деп зерттеу екіінгі кездері де байқала бастады. Соның бірінде – Н. Ибрагимов сайттар мен блогтардың бағыттарын зерттеген мақаласында осы тұсқа өзгеше назар салады.

«Существование Интернета зависит в первую очередь от технических составляющих - информацию мы получаем с экрана монитора. Это приближает интернет к телевидению, но в отличие от телевидения, в режиме он-лайн мы имеем богатый выбор сайтов, блогов. В связи с этим интернет становится в последние годы широко распространенным средством массовой информации для определенной аудитории» [1, 72].

Журналистикадағы басты мәселе – ақпарат. Ақпараттың қоғамға ыңғайлы жетуі, қоғамдық санаға әсері, қоғаммен араласуы. Ақпарат қоғаммен қаншалықты араласа алды деген мәселеде бұқаралық-ақпарат көздерінің орны да ашылады. Газет пен радиодағы бұқаралық-ақпараттың орны, хабар мен бағдарламаның мақсаты анықталып келсе, ендігі жерде телевидение мен Интернеттің ақпараттың қызметі талқыға түсті.

«Важно не только информировать, но знать, как эта информация трансформировалась в сознании аудитории. Для этого существуют зондажи, опросы общественного мнения. Они позволяют корректировать информацию, чтобы посланная информация была адекватна усвоенной» [2, 47].

**Ақпараттың монополиялануы.** Ақпараттың қоғамдық рөлінің көтерілуі – қаржылық қатынастарымен де байланысты. Ғалым ақпараттың қаржылық сипаттарын монополиялық сипатымен анықтайды. Оған мысал ретінде Франциядағы бұқаралық-ақпарат құралдарының 1984 жылғы заңдарын алға тартады.

Францияда ақпараттық акциясының бір иеленушінің қолында болуын қаламайтындығын, неғұрлым акционерлердің санының көп болуына назар аударатындығын айтады. Кез келген БАҚ – ныда иеленушінің иелігі 10 %-дан аспауын қатты қадағалайтын. Қаржылық жариялылық үшін басылым тиражы, жылдық қаржылық есеп, негізгі акционерлерінің тізімін, 20 %-дан артық акция сатылымы туралы мәліметтерді беріп отырулары тексеріліп отырады. 1986 жылдан бастап 10 % көтеріліп, 25 % жетті. Бұндай мәліметтер не үшін керек?

Қазақстан үшін бұндай мәліметтер БАҚ басылымдарының арасындағы концентрацияны ұстау үшін қажет. Мысалы «Караван» газетінің жұмалық номерінің тиражы барлық қазақстандық басқа газеттердің тиражына тең. «Караван» өз телеарнасын жасай алмады. Енд қазір «Караван» КТК телеарнасын сатып алуда деген ақпаратты береді. «Караван» барлық жарнаманы өзіне алып алған. Ғалымның осы тұстағы пікірінің өзі ұлттық, халықтық, мемлекетті құрайтын басты ұлттың мүддесі үшін күрес екені пікірлерінен байқалады. Ғалым «Караван» газетінің тиражы мен оның Қазақстан ақпараттық кеңістігіндегі орнына шек келтірмейтіндігін айта келіп, тек кез келген шет елде соның ішінде мысалға алып отырған Францияда, басылымның ең басты мақсаты – мемлекет тілі мен мәдениетін, беделін көтеруге қызмет. Осы тұста Л.Ширончикованың пікірі назар аударарлық.

Ғалым әлемнің дамыған елдері, Еуропа елдері мен Шығыс елдерінде БАҚ монополиясын шектеуге тырысатындықтарын айтады. Оған мысалды төмендегідей келтіреді. (Мәліметтер 1980-1990 жылдар бойынша).

1 Англияда 6 күнделікті, 7 жексенбілік газеттердің тиражы – әрбірінікі 1 млн-нан асады.

2 Германияда 2 күнделікті газеттің – 1 млн-нан астам тиражы бар.

3 Жапонияда 5 күнделікті газеттің тиражы – 2 млн-нан асады, 2 газеттің тиражы – 10 млн-нан асады.

Бұндай мәліметтер не үшін керек деген тұста ғалым БАҚ үшін ең бастысы – ақпараттың біржақты болып қалмауы, сондықтан да акционерлер санының мол болуы мен бәсекелестікке қатты көңіл бөлінетінін айтады.

**Мульти-медиа.** Бұқаралық-ақпарат құралдарын монополиялау мен бірге қатар мульти-медиа үрдісі қатар жүріп жатыр.

1 Конгломертлердің құрылуы. Газет-журнал, кітап шығару, теледидар, радиобағдарламалардың басын қосып, бір қолға жинау.

2 Бұндай біріктіру кейде журналистикамен байланысты бола да бермейді.

3 Англияда БАҚ-тың үлкен жаһандық империясын Руперт Мэрдоктың есімімен байланыстырады.

4 Францияда Ашетт мульти-медиа-сының қол астында. Оның 1981 жылғы айналымы 7,8 млрд. Франкті құраса, 1989 жылы – 29 млрд. Франкті, 1995 жылы – 38 млрд. Франкті құраған. Әр сандар арасындағы өсім 5 есе. Ашеттің қызметінің 40 % кітаптар мен басылымдарды тарату. Ашетт өз қолына оқулықтардан бастап, энциклопедия, кішкене жолсеріктерді шығаруға дейін алған. Жылына 50 млн кітап шығарады. Ашетт Германияның Бертельсман компаниясына ғана жол береді.

#### **Ақпарат және саясат беделі.**

1 Кез келген өз ісіне адал қарайтын журналист ең бастысы – шындықпен байланысты ғана ақпарат тарту деп біледі.

2 Саясаткерлер, керісінше, ақпарат – саясаткерлердің мүддесіне қызмет ететін, саясаткерлердің көзқарасы негізінде ұсынылуы тиіс. Саясат үшін ақпарат олардың беделіне нұсқа келтірмей, ел алдында айтқан ой-пікір, көзқарастарын дәлелейтін, қоғамның оң бағытта дамып жатқандығын көрсететін бейне ретінде де танылады.

3 Кей тұстарда театрланған көрсетер де бола береді.

Театрланған көріністерді барынша ашық көрсетуге, саясаткерлердің мүддесіне қызмет етуге теледидардың ең тиімді бұқаралық-ақпарат көзі екендігін айтады. Мысалы, Б. Клинтонның флейтада ойнауы, рождество тағамдарын даярлауын түсірген тұстар – саясаткерлердің халыққа жақындауы үшін ойнаған ойындары.



3 Теледидар арқылы саясаткерлер рөлдерінің алғашқы немес нұсқа үлгілерін тауып алуға болады. Мысалы, В. Жириновский (Ресей) Ли Пеннің (Франция) бейнесін еске түсіреді.

4 Саясаткерлердің түрлі театрланған көріністері сайлау алды науқанда анық көрінеді. М. Барманқұлов саясаткерлердің елдің әр түкпіріндегі халықпен араласқан кездерінің түсірілімдерін, спортпен, қоғамдық-әлеуметтік іске араласқан тұстарын мысалға келтіреді.

5 Теледидар шындықты көрсеткісі келеді. Саясаткерлер теледидарды өз маркаларын демонстрациялау үшін жақсы көреді. Саясаттың бар шындық бетін көрсете алмаса да, теледидар реванш алады. Кей тұста теледидар саясатта өтірікке де барады. Бірақ артынан бұл өтірік шындыққа да айналуы мүмкін. Теледидар осы тұста ұтады. Қоғамға саясаткерді жасап шығарады.

**Деректерді монтаждау.** Журналистердің аудиторияның талап-тілегіне қарай жасалған, таңдап алған ақпараттары әлі де толығымен тарайтын ақпараттар емес. Монополияландырумен көрермендерге көрінбейтін қосымша өңделімі жүреді. Кез келген көзқарасты, пікірді ешқандай комментарийсіз, кіріспе, дискуссиясыз таңуға болады. Бірақ дерекке қатысты келесі мәселелер ескерілуі тиіс.

1 Дерек жаңа, алғашқы ақпарат. Екінші жеткізуден емес.

2 Журналистер деректің ақпаратпен бірге берілгендігін қаламайды. Тек деректің өзі ғана берілуі – ақпаратты зерттеуге, ашып, анықтауға, – монтаждауға мүмкіндік береді.

3 Тек деректің берілуі – журналист үшін қоғамның қажетіне қаарй шешу мен ақпарат берушінің мүддесіне қарай бұрылуына жағдай жасайды.

4 Аудиториямен мақсатты жұмыс істеудің бірнеше тәсілдері бар. Оларға:

- а) деректерді іріктеу;
- ә) ақпаратты теңдестіру;
- б) музыкамен әрлеу;
- в) ақпараттық бояуды жатқызуға болады.

Деректерді іріктеу көбіне-көп журналистің ұстанымы мен мүддесіне қызмет етеді. Кей тұстарда тапсырыс берушінің мақсаты алға шығады. Деректерді қатал талдау мен ақпаратты ұсақтатту бір медальдің екі жағы сияқты.

Деректерді шындықтан, қоғамдық өмірден алыстататын бірнеше себептер қатарына ғалым – іріктеудегі бірізділік, жаһандық

үнсіздік, ақпараттағы көркемдік, қоғамды тартатын бояудың жоқтығы т.б. атайды.

**Ақпарат және жарнама.** Нарықтық қоғамдағы басылым үшін ең үлкен қаржы көздерінің бір – жарнама. Осы тұста Англияның газеттерінің бағаларының түсіруі арқыыл тираждарын көбейтуі, бұл тираждардың көбею себебі жарнаммен байланысты болған 20-ғасырдың соңғы кезеңіндегі журналистика тарихына шолу жасайды. Англияның «Ньюс интернешл» компаниясы 1994 жылы жарнаманы жариялаудың негізінде 15 % табысқа қол жеткізіпті. Жалпы табысының 15% таза жарнама көздері арқылы түскен. «Таймс» газеті түр мен түске мол мән бере отырып, жарнаманың қаржылық көздерін өсіріп отыр. Ал Францияда жарнама ісі жарнаманың жиналуы мен өндіріс, таратылу, оратлықтардан жарнамалық кеңістіктің сатып алуына баса көңіл бөледі. Жарнаманы әр орталықтардан жинап ала отырып, жарнама орталықтары арасындағы бәсекеге жол ашады, әрі баға тарифін түсіруге мүмкіндік береді. Теледидардағы жарнаманы кім қояды, қай арна өзіне орналастырады деген тұста шетелдік теледидар арасындағы үлес салмақтарына талдау жасайды. Жарнама мен ақпараттың өндіріспен байланысына, қоғам, тұтынушымен байланысына және нарықпен қатынасына қатысты жүргізілетініне талдау жасайды.

Теледидардың рейтингісін көтеріп немес түсіруге де жаранманың әсері бар. Сондықтан да жарнамаға қатысты бірнеше кезендерді еске ұстау керектігі түсіндіріледі.

**1 Жалпы нормалар.** Кез келген жарнама нақты және әдепппен орындалып, шындықпен байланысты болуы керек. Тұтынушыны адастырмауы керек. Балаларға арналған немесе балалар араласқан жарнама ерекше анзарға алынуы қажет. Оның балалар өміріне әсері, психологиялық әсері зерттелуі тиіс.

**2 Ұзақтығы.** Жарнаманың ұзақтығы жалпы күндізгі көрсетілімнің 15 % аспауы қадағаланады.

**3 Формасы мен берілуі.** Оптикалық және акустикалық жағынан басқа бағдарламалардан бөлек болуы. Блокпен жіберілуі. Жасырын камера арқылы жарнама түсіруге тыйм салынады. Жарнамада жаңалықтар мен өзекті саяси бағдарламалардағы тұлғалар көрінбеуі керек.

**4 Жарнаманың қосылуы.** Жарнама бағдарламалар, хабарлар арасында қосылады. Ғалым М. Барманқұлов жарнаманың сипаттарына мән бере отырып, қазақстандық жарнама өнімдеріне талдау жасайды. Әсіресе Т. Бекмамбетов пен Б. Қилыбаевтың

жарнамалық видеоклиптерінің көркемдік және шеберлік сырына токталады. «Дүниежүзі тарихы» сериясы бойынша түсірген бірнеше жарнамаларындағы көркем суреттер, дәл алынған персонаждар ғаан емес, дәл айтылған сөздер де жарнаманың бояуын одан сайын көркейте түскен. Мысалы, «Ждем-с!», «Всемирная история. Банк Империял», «Надо же, не обманули!», «Так ведь пость, матушка. До первой звезды нельзя!» «Звезду Суворову Александру Васильевичу!» деген слогандар ел есінде қалып қоюы жарнаманың да қоғаммен араласатындығының, ақпаратты жеткізіп қана қоймай, тіпті артығырақ беруге де мүмкіндігі бар екендігі дәлелденеді.

Ғалым, тележурналист Марат Барманқұлов – 1990 жылдардың соңында тележурналистикадағы барлық өзгерістерді зерттеу нысанынан тыс қалдырған жоқ. Зерттеушінің әр бағдарлама, әр хабарға жасаған талдауларынан бастап, оны шетелдік бағдарлама, хабарлармен салыстыруы – соған орай ой, пікір тұжырым жасау бүгінгі күн үшін өзекті.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ибрагимов Н. Интернет-журналистика – это симбиоз телевидение, радио, газетной печати //В журнале «Хабаршы» КазНУ им. Аль-Фараби. – Алматы: 2011 С. 72-74

2 Барманқұлов М. К. Телевидение: деньги или власть? – Алматы: Санат, 1997. С. 272.

3 Барманқұлов М. К. Журналистика для всех (Общность и специфика жанров печати, телевидения и радиовещания). – Алма-Ата: Казахстан, 1979. С. 320.

#### ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА – АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ ТӘСІЛІ

БЕРДІМҰРАТ Е.

студент, Жур-401 тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бүгінгі жаһандық тұтасуларға бет алған тұста әлемді әлеуметтік желілерсіз елестету мүмкін емес. Әлеуметтік желілер қоғам өмірінің барлық салаларында. Біз қоғамдағы тұрмыстық және саяси, білім беру, ақпараттық тіпті кейінгі кездері денсаулық саласын да әлеуметтік желілер арқылы қызметтерін күшейте аламыз. Сол

себептен де әлеуметтік желілер – үлкен күшке ие болып отырғаны белгілі. Әлеуметтік желілердің саяси және рухани күштерді жинаушы қызметтерімен бірге қоғамды әлеуметтендіру қызметінің де орны ерекше. Осы ретте, қазіргі кезеңдегі әлеуметтік желілер қызметінің барлық жас арасын, барлық әлеуметтік категориясына қамтығандығын атап өткен дұрыс. Бұл ретте, пандемия кезінде мектеп оқушыларының негізгі – білім алу көзі де әлеуметтік желілер арқылы өтті. Білім беру басқармаларының ата-аналармен, балалармен және жалпы қоғаммен қызметінің өскені соншалық, қазіргі кезде әлеуметтік желілер қоғамдағы жарнамалық қызметке де көшті. Бүгінгі қазақ қоғамында ғана емес, әлемде әлеуметтік желілер қоғамды әлеуметтендіруші, жинақтаушы, ақпарат тасушы қызметтерін тұтас атқарып отыр.

Әлеуметтік желілер әр мемлекеттің саяси бағдарынан хабар беруші негізгі дерек көздері қызметтерін де атқарып отыр. Бүгінде әр қоғам мүшесінің ғана емес, әр мемлекет басшысының да өз әлеуметтік желісі, әлеуметпен қызмет ортасы бар. Бұл өз ретінде қарай бірнеше желі арқылы жүзеге асады. Қазіргі кезде Ватсап желісі күнделікті хабар алу, ақпарат тарату қызметін атқарып тұрса, Фейсбук пен Твиттер саяси-әлеуметтік, экономикалық, рухани қызметтерді жүзеге асырады. Бұл ретте, Одноклассники мен ТикТок желісі музыка, жеңіл ойындар, көңіл көтеру қызметтеріне көбірек назарға алған. Бұл ретте, Инстаграмм желісі жарнама, сауда, әр жеке тұлғаның, сауда мекемесінің сауда қызметтерін жүзеге асыруға мол көңіл бөледі.

Әлеуметтік желілердің қызметтік бөліністері мен олардың арасындағы байланыстың өзара қызметтік сабақтастықтың қоғаммен ара қатынастарын анықтай келіп, қазіргі қоғамдық байланыста – ең негізгі түр деп те белгілеуге болады. Себібі қазіргі кезде әр мекеменің, сол мекемедегі әр бөлімнің өз парақшалары, өз беттерінің болуы, әр жеке тұлғаның өз ойын, өз пікірін, көзқарасын білдіруге тым еркіндігінің болуы да – әлеуметтік қызметтердің аясын өсіріп отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алған отыз жылға жуық кезеңінде қоғам өмірінің барлық саласында, айтарлықтай өзгеріс орын алды.

Бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі ақпарат кеңістігіндегі көптеген тың ізденіс пен шығармашылық тәсілдің алуан түрі қалыптасуына қол жеткізді. Олардың түрлі тақырыптағы жарияланымдары ғалам мен өркениет үйлесіміне, әлеуметтік

ақпарат жеткізудің кәсіби жоғарғы стандарттарына, дәлдікке, объективтілікке және тепе-теңдікке қол жеткізуге ұмтылды.

Бүгінгі БАҚ арқылы таралатын аудиалды және визуалды түрде қабылданатын хабарламалардың бәрі біріге келіп вербалды және медиалық белгілердің жиынтығы ретінде «әлеуметтік медиа» ұғымын құрайды.

Әлеуметтік медиа – бұл адамдарға мазмұнды жылдам, тиімді және нақты уақытта ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін веб-сайттар мен қосымшалар сериясы. Бүгінгі күні көптеген адамдар әлеуметтік медианы смартфондарда немесе планшеттерде қолданатын бағдарламалар ретінде анықтайды, бірақ коммуникациялық құрал компьютерден басталды [1].

Әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды. Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы [2].

Американдық журналист Джек Фуллер «Журналистиканың негізгі міндеті – адамдар өздерін еркін сезініп ақпарат алуы, шындықты айту» деген екен.

Әлеуметтік желі – бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын вебсайт ғана емес, сондай-ақ, олар өз айналасындағы адамдардың тағы да кімдермен байланыста һәм таныс екенін білудің, сондай-ақ, сол арқылы өз таныс-білістіңді арттырудың жолы.

Демек, әлеумет – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. Осы жердегі «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз.

Тиісінше, сіз де өзгелер секілді достарыңыздың санын көбейтіп, бұрынғы жұмыс орныңыздағы адамдарды тауып, олардың достарының ішінен бала кезіңіздегі досыңызды тауып, өз ортаңыздағы таныстық шеңберін кеңейте түсесіз. Осылайша, сіз әлеуметтік желінің мызғымас бір бөлігіне айналасыз. Токетері, әлеуметтік желі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы үшін керек.

XXI ғасыр ақпараттар майданы жүретін дәуір деп айтсақ қателеспесіміз анық. Ғаламтор бетіне кіре қалсаңыз, алдыңызға небір мындаған ақпарат келеді. Жақсысы мен жаманы, жан шошытарлығы мен шаттандыратыны, күлкі сыйлайтыны мен жылататыны бар, бәрін көресіз. Әсіресе, уақыттың белгілі бір

бөлігін әлеуметтік желілерге жұмсаймыз. Тіпті, әлеуметтік желіде тіркелмеген адам кемде-кем.

Қазақстандағы әлеуметтік желілерді қолданушылар саны жағынан бірінші орында – ВКонтакте (1,945 миллион), екінші орында – Instagram (1,336 миллион), Мой мир (155,3 мың), одан кейін – Facebook (125,8 мың). Ең соңғы орында Twitter желісі (16,6 мың) болып отыр [3; 4].

Әлеуметтік желі тарихына көз жүгіртейік. Ғаламторға үнілсек, әлеуметтік желі тарихы сонау өткен ғасырдың соңы – 1995 жылы пайда болған америкалық «Classmates.com» порталынан бастау алады екен. Жобаның сәтті шыққаны соншалық, кейінгі бірер жыл көлемінде бұған ұқсас ондаған порталдар пайда болыпты. Дегенмен, 2003-2004 жылдары тағы сол АҚШ-та іске қосылған «LinkedIn», «MySpace» және «Facebook» сынды әлеуметтік желілер әлем назарын біржолата өзіне аударды [5].

Ал, көршілес Ресейде «Mail.ru», «Одноклассники» және «ВКонтакте» әлеуметтік желілері 2006 жылдан бастап қолданысқа енген екен. Бүгінгі таңда екінің бірі отыратын «Facebook-тің» орыс тілді нұсқасы 2008 жылы ғана іске қосылыпты [6].

Елімізде қазіргі уақытта әлеуметтік желінің алуан түрі бар. Соның ішінде, кең таралғаны – «Facebook», «Instagram», «Mail.ru», «Одноклассники» және «ВКонтакте» болса керек.

МойМир секілді жалпы әлеуметтік желілер немесе блогтар желісі, микроблогтар, тек қана видео немесе суреттерді жүктеуге арналған белгілі бір бағыттағы, тақырыптық әлеуметтік желілер бар. Мысал ретінде әлеуметтік видео желіге youtube-ті айтсақ, блогтар желісіне wordpress, фотографиялар немесе жай ғана суретке түсіргенді жақсы көретін әуесқойлар үшін flickr, ал микроблоггинг мысалына twitter жатады.

Mail.Ru – ресейлік ірі байланыс порталы (сайт). Оның негізгі тұтынушылары – бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде тұратындар, ай сайын оның аудиториясы 50 миллион қатысушыға көбейіп отырады.

Порталдың басты қызметі – @mail.ru пошта қызметі. Қолданушылар қолайлығы үшін пошта жәшігі арқылы іздеу қызметі, мекенжай кітапшасы, жазбалардың емлесін тексеру, аударма қызметтері, күнделік және ескерту жүйелері қарастырылған.

Mail.ru Агент – жедел хат алмасу бағдарламасы, Мой Мир@ mail.ru – әлеуметтік желі, блогхостинг Блоги@ mail.ru, Рунеттегі ең белгілі Ответы@ mail.ru сұрақ-жауап жүйесі, сонымен қатар

файл алмастыру қызметі, фото және бейнехостинг, чаттар және т.б. [1, 212 б.].

Әлеуметтік желілер қазіргі кезденде алғашқы ақпарат беру, күнделікті жаңалықтар ұсыну қызметтерінің аясын жаңа өріске өкертті.

1 Ақпараттар тарату, деректер ұсыну.

2 Бір топты, бір әріптестерді ортағы жинау, ортақ мәселелерді талдау.

3 Сауда, тауар айналысын жүргізу.

4 Жарнама жасау, мәртебені көтеру.

5 Жеке тұлғаны насихаттау, жеке адамның сипаттарына баға беру.

6 Мерекелермен құттықтау.

7 Айтулы даталарды еске түсіру, бірге естеліктермен бөлісу.

Әлеуметтік желілердің бұл қызметтерін әлемнің барлық жерінде қолданады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік желі арқылы қаржы жинау, экономиканы көтеру мәселелері алға шықты. Белгілі бір ойды, көзқарасты, пікірлерді ортаға салу мен насихаттау ісін де әлеуметтік желілер ерекше жүргізеді.

Әлеуметтік желілер қызметіндегі қауіптің де басым жақтары бар. Бұл әсіресе жасөспірімдер мен балалар үшін зиян. Сонымен бірге жастар арасында түрлі жат көзқарастарды насихаттау, сан алуан қоғамға кереғар пікірлерді ортаға салу т.б. мәселелері әлеуметтік желінің қауіпсіздігі туралы да ойланудың қажеттігін негіздейді. Твиттер бүгінгі таңда әлемге танымал әлеуметтік желілердің бірі. Оның негізін 2006 жылы Джек Дорси қалаған. Өзге желілерден айырмашылығы – мұнда ең бастысы қысқалық сақталады. Былайша айтқанда, қолданушыға өз ойы мен көңіл күйін білдіруге бар болғаны 140 символ ғана беріледі. Одан асырып жаза алмайсыз.

Твиттердің бас штабы Калифорнияда. Соның ішінде – Сан-Франциско қаласында. Твиттер желісі әлемдегі әлеуметтік топтар ішінде аса мәртебелісі болып та саналады.

Твиттерде әлемдік жұлдыздар, танымал тұлғалар отырады. Отандық қолданушылардан ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильинді айтайық. Оның твиттердегі оқырмандар саны – 37,8 мың. Сонымен бірге ҚР ҰҚК төрағасы Кәрім Мәсімов твиттерді тұрақты қолданушылардың бірі ретінде белгілі. Оның 96,4 мың оқырманы бар.

Танымал боксшы Г. Головкин бүгінде әлем назарында. Отандасымыздың твиттерде 388 мың оқырманы бар. Оның

мексикалық боксшы Сауль Альвареспен болған (болатын) жекпе-жегі твиттер бетінде қызу талқыға түсті.

Қорыта айтқанда, твиттер «аз сөзді сүйетін» әлемге танымал желілердің бірі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Әлеуметтік желі деген не?» 08.02.2012, Вақ.kz.

2 Аксак В.А. Жизнь в сети с @Mail.Ru. Шаг за шагом – Москва: Эксмо, 2008. – 416 с.

3 Қабдолдин Р. Әлеуметтік желі жаңа медиа ма? // Орталық Қазақстан. – 2017, 27 маусым.

4 Еркімбаев А. Қазақ баспасөзінің болашағы – жаңа медиа. Сұхбаттасқан Сыдықбай Ж. // Абай-ақпарат. – 2011, 11 шілде.

5 Орынбасарова «Ақпараттық сауаттылық: біз кімге сенеміз? // «Ақиқат» журналы 2009, №6. – 15-18 б.б.

6 Иманалиев Ж.О. Электрондық БАҚ аудиториясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 22 б.

7 Бондаренко Е.А. Медиаграмотность и информационная культура в современной российской школе // Медиа. Информация. Коммуникация (международный журнал). – 2013. – №7. – С.22-28.

#### РАДИОЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БӘДЕЛХАН Ж.

студент, Жур-201 тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ғалым Намазалы Омашев радионы «адамзат өркениетіндегі аса ірі ғылыми жетістік қана емес, қоғамның даму тегершігін жеделдеткен құбылыс» деп бағалайды [1, 23 б.].

20-ғасырдағы адамды және оның болашағын жаңа технологияларсыз, тың байланыс құралдарынсыз елестету мүмкін емес. Осылардың алғашқы қатарындағы ғылыми жаңалық – 20-ғасыр басындағы радио. Осы радионың өзі де жетілдіру мен дамытылу үстінде. Бүгінгі радио – ақпаратты жеткізудің, тасымалдаудың құралы ретінде де, қоғамдағы ақпаратты өңдеу мен басқару мен бір жүйеге келтірудің де тетігі болып саналады.

Әуе толқындары арқылы тарайтын радионың бірнеше сипаттары бар.

1 Әуе толқыны арқылы шекараның өзін де бұзуға болады.

2 Тосқауылсыз арнаның жаһандық сипатқа ие болуына аз энергиямен ғана жұмыс істейтін, ыңғайлы қондырғы.

3 Ақпаратты ең жылдам жеткізуге болатын – бұқаралық-ақпарат түрі.

4 Сөзді, ақпаратты ауызекі түрде айту арқылы ойға, айтушыға эмоционалды-экспрессивті ықпал ете алады.

5 Ғалым радионың келесі бір артықшылығы – қазақ даласына өткен ғасырдың 30-жылдары оқыту жүйесі енді қолға алынған кезде оқулықтар мен ұстаздар жетіспеген шақта радио халықтың жаппай сауаттануына, мәдениетінің өсіп-жетілуінде ерекше орынға ие болды [1, 114].

6 «Табиғатынан зерек те зейінді далалық үшін жаңа мәдениет құнарлы топыраққа отырғызылған ағаштай тез көктеп, жеміс берді. Ол ел басына күн туған қиямет соғыс жылдары елдік рухты сақтап, жауға қарсы жұмылдыруда, жеңіске жетуде аса жасампаз рөл атқарды. Соғыс жарасынан емделіп, қайта өркендеуде де бірден-бір қуатты бұқаралық құрал радио болып табылды» [1, 114].

7 Ұлттық өнерді насихаттап, оны тарату, жаңа таланттарды халыққа таныстыруда да жарыққа шығаруда да радионың мәні үлкен.

8 Қазақ радиосының «Алтын қоры» өткен ғасырлардың мәдениеті мен рухани қазынасын, баға жетпес байлығын болашаққа жеткізді.

9 Радио арқылы қазақ журналистикасының, өнері мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлері, ел таныған қаламгерлері, сөзі дуалы зиялы қауымы қалыптасты.

10 Қазақ радиосында жинақталған кең тәжірибе, дағдыға айналған дәстүр, журналистік мол ізденіс пен шеберлік кейіннен Қазақ теледидарының да жедел дамып, өркендеуіне жол ашты.

Радиожурналистика қай кезеңде болсын саяси, мәдени, рухани және әлеуметтік мақсаттарға қарай қолданылады. Көптеген зерттеушілер кенестік кезеңде радио идеологиялық құрал ретінде басқарылды. Қатаң бақылауда болды, саяси ұстанымдар мен партиялық талаптар шеңберінен шыға алмады деген пікірді айтады. Радио қай кезеңде болсын қоғамды белгілі бір ойға, идеологияға жұмылдырады. Радио басқа да БАҚ көздері сияқты табиғатынан демократияшыл, ашық насихат құралы болуы шарт деген пікір радионың ұлттық сипатынан шығады.

Қазақ радиосының ұлтты біртұтас идеяға жұмылдырған шағында қариялар радионың әдемі әуеніне елігіп, өткен жастық шағын сағынышпен көз алдына келтірсе, балбұлақ бүлдіршін радиодағы ертегі мен мөлдір тұнық дауысты санасына сіңіріп өссе, қоғамның әр адамы өзіне керек ақпаратты радиодан тауып ала алса, бұл радионың халықтық болғаны.

Бүгінгі жаһандық даму өзінің қарқынын жаңа технологиялармен күнделікті өзгертіп отырған кезеңде Қазақ радиосының да жеке ел ретінде де, егемендік, тәуелсіз тұрғыда мүмкіндігі шексіз арта түсті. Радио бәсекелестікті арттырды. Түрлі радио арналары арқылы бәсекелестік күшейді, таңдау мүмкіндігінің шегі үлкейді. Қазақ еліндегі әртүрлі бағыттағы, стильдегі радиостанциялар саны артты. Қазіргі радионың мүмкіндігі өзінің шеберлігі мен жаңалықты тауып, қоғамдық ортадан өз тыңдаушысын еліктіре алуымен де артық. Бұл тұрғыда радиоарна қаржысын өзі тауып, шығармашылықта жаңа стильдерге өздері жол аша алатын болды.

Радиожурналист үшін де бірнеше өзгерістер қажет болды:

- эфирде еркін сөйлейтін, ойын бүкпесіз жеткізетін;
- хабарды мүмкіндігінше ойламаған тұстан, жаңашылдықпен басқара алатын;
- өз хабары, бағдарламасы, ақпаратына өзі жауапты болатын қалыпта жұмыс істеуі шарт.

Қазақстандағы радиожурналистиканың дамуы мен бағытына қатысты тұстарда радионың кейінгі он жылдың ішінде сапасы, хабар, ақпарат беру, бағдарламалар саны жағынан өскені байқалады.

Ақпараттық жеделдікті қамту, терең сараптамалық бағдарлама, хабарлардың санын көбейту, жеңіл ойын-сауықтық, сазды бағдарламалардан да танымдық-рухани, білімдік-дәстүрлі бағдарламаларға шығармашылық ізденістер аз болып қалады.

Қазақ радиосындағы ұлттық сөйлеу мәдениеті мен тазалығының төмендігі туралы жиі айтылады. Журналистердің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігіне қатысты тұстарды сындар көп айтылғанымен әр кезде дұрыс бағыт таңдала бермейді. Ғалым зерттеулерінде қазақ ұлттық радиосының шеберлігі мен ұлт байлығын көрсету, тарату, насихаттау үшін қажет тұстар жиі көрсетіліп, бағыт-бағдар беріліп отырады. Н.Омашев жоғарыдағы кемшіліктермен бірге радиодағы мемлекеттік тілдің дамуына қамқорлық жасалмайтындығы мен ұлттық мүдденің қорғалуына коммерциялық, қаржылық мәселені жоғары қоймай керектігін айтады [1, 218].

Ғалым Қазақстандағы радионың болашағына сеніммен қарайды. Радио қуатты ақпарат құралы ретінде дамитып, әлемдік тәжірибедегі бар басты ақпарат көзі бола аладды дейді [1, 223]. Мысалы, АҚШ-та 8000-нан астам түрлі радиостанциялар жұмыс істейді. Барлығы дерлік жеке меншікте. Өз тапқан табысы есебінен дамып әрі бәсекелестік арқылы шеберліктерін де шыңдайды. Бүгінгі Қазақстандағы радиостанциялар саны 10 шақты ғана. Негізінен ірі қалаларға хабар тарататын арналар.

Н. Омашев Қазақ радиосы дамуы үшін қандай ерекшеліктерді негізге алуы қажет. Радиожурналистиканың артықшылығы неде деген сұрақтарға келесі жауаптарды береді [1].

1 Радионы басқару, жүргізу – өнер. Тыңдаушыға ойды, хабар мен ақпаратты көркем, эстетикалық талғаммен жеткізе білу шарт. Бағдарламадағы ойды әсірелеу, музыкамен әрлеу, ойды оймен жалғай білу үшін көркемөнерді танытын ғана болу аз. Сол өнерді өңдей білу, қажет болса, жасауды білу, үйрену керек.

2 Радионың басты қызметі – ақпарат. Радио – ақпаратты жедел және әр тараптан ең жедел хабар жеткізетін құрал. Сондықтан да журналист үшін қоғамдағы ақпаратты жедел өңдеу мен оны жылдам жеткізу, оған қатысты пікірлер мен ой-тұжырымдарды жинақтай білуі қажет.

3 Радио – қаржы көзі. Нарық жағдайына бейімделген радио қаржы табуды да білуі бүгінгі күннің талабы. Бұл талап радионың барлық шеберлігі мен ондағы журналистердің кәсіби біліктілігіне тікелей қатысты. Сондықтан да тыңдармендар аудиториясын мол жинай алған радио қаржы көзі де бола алады.

осознает всей ответственности создания семьи. Чтобы повысить уровень ответственности, возродить семейные ценности, нужно пропагандировать семейные ценности через институты образования, средства массовой информации, мероприятия различных уровней. И конечно, важным образцом является собственная семья, которая воспитывает современную молодежь, будущее нашей страны.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Наберушкина Э.К., Узакова С.А. Система семейных ценностей казахстанского социума в современных условиях. [Электронный ресурс]. - URL: <http://science-education.ru/ru/article/view?Id=18664> [дата обращения: 04.03.2021].

2 Валиуллина, А. Ф. Отношение к браку глазами современной молодежи / А. Ф. Валиуллина, А. И. Кислова. - Текст: непосредственный // Молодой ученый. - 2013. - № 11 (58). - с. 760-762. [Электронный ресурс]. - URL: <https://moluch.ru/archive/58/7781/> [дата обращения: 11.03.2021].

3 Ковалев С. В. Психология современной семьи. М.: Просвещение, 1988. - 208 с.

4 Психология семейных отношений с основами семейного консультирования: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. студ. высш. учеб. заведений / Е. И. Артамонова, Е. В. Екжанова, Е. В. Зырянова и др.; Под. Ред. Е. Г. Силяевой. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 220 с.

5 Урбанович Л. Н. Нравственные основы семьи и брака. Система работы со старшеклассниками и родителями. - М.: Издательство «Глобус», 2009. -256 с.

#### 6.8 Шетел филологиясының, лингводидактиканың және аударматанудың өзекті мәселелері 6.8 Актуальные вопросы иностранной филологии, лингводидактики и переводоведения

#### VIDEO AS A MEANS OF EDUCATION PROCESS INTENSIFICATION IN THE ENGLISH LANGUAGE TEACHING

SYDYKOVA SH.

student, 4th year, Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar

BAIGOZHINA ZH. M.

candidate of pedagogical sciences, professor

Currently, the methodology of teaching foreign languages in schools has changed significantly under the influence of changed target settings and the transition of students to distance learning, so the use of video materials in foreign language classes helps to solve the problem of increasing the educational motivation of students.

The purpose of teaching a foreign language in schools during distance learning is to create conditions for the formation of and the development of the communicative competence necessary for foreign language learning activities for the implementation of cultural and professional communication. It is quite difficult to master the communicative competence in English without being in the country of the language being studied. Therefore, an important task of the teacher is to create real and imaginary situations of communication in the classroom in a foreign language, using various methods, techniques and tools.

In modern teaching methods, much attention is paid to the use of various methods and channels of information receipt, which positively affects the strength of assimilation of regional and language material, and the clarity of the demonstrated study material. But in the period of distance learning, it is necessary to create all the conditions for the development of students' communicative competence. Audio learning tools clearly demonstrate the subject being studied - a foreign language - in a natural setting. But most fully these characteristics correspond to video materials. The use of video materials in teaching a foreign language is based on one of the oldest and most basic methodological principles - the principle of visibility. The use of visual clarity becomes possible due to the ability of a person to perceive and process speech and visual information.

The use of video materials is one of the ways of influence, which is aimed at implementing a personality-oriented approach. The advantages of video materials are the power of impression and emotional expression on students, which affect the increase in the level of motivation for the English language. In addition, the use of video tools in distance learning is an effective way to master a foreign language.

The main advantage of using video in the educational process is the availability of video materials that can be shown to students from various sources on such platforms as Zoom, Webex, Google Meet and others. It should be noted that this is a video material, the demonstration of which is subject to certain educational goals and, therefore, is organized in a special way and consists of several stages. In order for the result of using authentic video materials to be effective and have a positive character, the teacher must prepare the materials for the lesson well and efficiently, taking into account the stages of working with video content. Any video sequence is a combination of video cards and their accompanying text, which is perceived by students by ear [1, p. 77–83].

N. N. Rozhkova notes that the perception of the sounding text in English contributes to the preparation of students to understand the speech of different people. It is important to form a communicative competence that includes both linguistic and socio-cultural competence. Knowledge of the socio-cultural background is very important, because without it, it is impossible to form a communicative competence, even within restricted limits. Therefore, it is necessary to have an idea of the socio-cultural features of the country of the language being studied. The study of culture and language carries not only general educational ideas, but also at the same time provides personal development, supports the motivation of students [2, p. 84–90].

It should be noted that the teacher should conduct a thorough work with the use of video materials in the English lesson. For example, to really effectively use video resources in the lesson, you need to make sure that:

- the context has a certain degree of novelty /surprise;
- the text of the video resource is accompanied by clear instructions aimed at solving a specific and realistic educational task, understandable to students and justified by the entire logic of the lesson;
- the video element must be known to the teacher himself and set in advance for the beginning of viewing;
- the video material must fully correspond to the topic of the lesson;

– the video should form a linguistic and socio-cultural competence [3, p. 12].

For effective use of video materials, it is important to use them for their intended purpose, that is, video fragments should be closely related to the topic of the lesson. Now there is a huge amount of video material that can be viewed and used in English lessons. They can be represented by commercials, interviews with famous people, cartoons, stories from world films, fragments of news and TV shows.

Since there is no strict classification of video materials in the scientific and methodological literature, we analyzed and identified the following groups of video materials that can develop students' communicative competence:

1 For the purpose of creation: specially designed for teaching a foreign language (video courses and other educational films) and intended for native speakers or authentic (including feature films and live broadcast of TV programs on the air);

2 by genre: feature films, documentaries, talk shows, interviews, short films, animated films, historical films and video clips.

3 by structure and degree of completeness: complete and fragmentary.

After analyzing the work of methodologists such as Dubrovin M. I. [5, p. 143], Barmenkova O. I. [4, p. 20-23] and Ilchenko E. V. [6, p. 7–10], we conducted a study using video materials of different genres, taking into account the requirements for the use of video resources, identifying three stages of working with video materials: the pre-text (pre-demonstration) stage, the text (demonstration) stage, and the post-text (post-demonstration) stage.

Since the distance learning lesson lasted from 30 to 40 minutes, we used video materials related to the topic of the lesson. The main textbook for the 8th grade was the Excel students' book (for Kazakhstan, grade 8).

The purpose of the pre-demonstration stage was to motivate and psychologically prepare students to perceive information and perform exercises, to activate attention and transfer students to active participants in the educational process, to eliminate difficulties in the perception of the text [4, p. 21]. At the pre-demonstration stage, we briefly characterized the type of video material to be viewed, providing basic information about the video material, saying a few phrases like «You will see the video material about...» reporting the meaning and translation of unfamiliar words that are important for understanding the content and the meaning of which cannot be guessed from the context. For example, on the topic

«Travel and transport», students were given a list of translations of unfamiliar words related to travel and transport and shown pictures that inform about the content of the video material:

Table 1 – Words

№	English	Translation
1	Sort out	Отсортировать, отбирать
2	Accommodation	Проживание
3	Attraction	Привлечение, аттракцион
4	Spot	Место
5	Landmark	Ориентир
6	Off the beaten track	В глуши, нестандартный
7	Safety helmet	Шлем безопасности
8	At my own pace	В собственном темпе
9	Available	Доступный
10	Regular	Обычный, регулярный
11	Departure	Отправление
12	Pier	Причал, пристань
13	The ultimate	Максимальный
14	Cable car	Вагон канатной дороги
15	Perspective	Точка зрения, перспектива
16	Panoramic	Панорамный
17	Spectacular	Захватывающий
18	In advance	Заранее
19	To have a head for heights	Не бояться высоты
20	recommend	Советовать, рекомендовать

The purpose of the demonstration stage was to develop listening skills, the ability to navigate the text and extract the necessary information, and to develop logic, memory and attention. At this stage, we used exercises like:

- 1 Choose the correct answer;
- 2 Answer questions;
- 3 Write down the nouns / adjectives / verbs / adverbs that you will hear while watching the video;
- 4 Fill in the gaps.

On the topic «Travel and transport», we used the exercise «answer the questions»:

- 1 *What is one of the famous tours in London?*
- 2 *Which tour is becoming more and more popular?*
- 3 *Which tour is available to take things at your own pace?*
- 4 *What can you try on the River Thames?*
- 5 *What transport can you use to get from Greenwich Peninsula to Royal Victoria Dock?*
- 6 *How long does travel by cable car take?*
- 7 *What transport can you use to get the panoramic view from 1000 feet?*

The post-demonstration stage forms the creative and linguistic guess of the students when describing the frames from the video fragment. In order to effectively develop the skills of oral and written speech at the post-screening stage, the content of the video is used as a basis and support, which is the goal of this stage. As a reinforcement of the acquired knowledge, we used exercises aimed at developing productive skills in oral and written speech:

- 1 Retelling the content of the video;
- 2 Commenting on what was interesting or not interesting, new, significant for the student;
- 3 Answers to questions related to the topic of the lesson and the video material;
- 4 Filling in gaps in a phrase or sentence.
- 5 Grammar tasks [6, p. 8].

On the topic «Travel and transport», students were asked questions on the topic of the lesson:

- 1 *Which tour would you like to go on? Why?*
- 2 *Imagine you are in London. What have/haven't you done?*

For the development of written speech, students were asked to fill in the gaps with prepositions:

- *Where do you come \_\_\_\_\_?*
- *My cousin lives \_\_\_\_\_ Norway.*
- *They are walking \_\_\_\_\_ the bridge.*
- *I don't like flying, so I went to Paris \_\_\_\_\_ bus.*
- *You can stay \_\_\_\_\_ me tonight.*
- *My birthday is \_\_\_\_\_ 29th February.*
- *I'll see you \_\_\_\_\_ Christmas.*
- *Put the books \_\_\_\_\_ the table, please.*

Thus, the use of video materials in the classroom supports students' interest in the subject and increases motivation to learn. During such lessons, students' horizons expand, plus with the increase in information about the culture of the country, the language being studied, the socio-cultural competence of students improves. And compliance with the sequence of stages of presentation of video material and competent formulation of tasks determine the effectiveness of the use of video materials in the process of teaching a foreign language.

It should also be noted that the use of video films makes distance learning more lively and interesting. And teachers are required to use in the classroom various types of activation of interest in the studied foreign language, the use of various forms, methods and techniques of presenting information and working with it.

#### REFERENCES

- 1 Pisarenko V.I. Features of the organization of work with video films // Advanced information technologies and intelligent systems. 2002. No.10. P. 77-83.
- 2 Rozhkova N.N. The use of video technology in foreign language lessons // Language. Speech. Communication. 2000. No.4. P. 84-90.
- 3 Solovova E.N. Methodology of teaching foreign languages: advanced course. 2010. P.12.
- 4 Barmenkova O.I. Video employment in the system of teaching foreign speech // Foreign languages at school. 1999. No.3. P. 20-23.
- 5 Dubrovin M.I. Educational films and filmstrips in teaching English in secondary school: a manual for secondary school teachers. Moscow: Prosveshchenie, 1979. P. 143.
- 6 Ilchenko E.V. The use of video recordings in English lessons // First of September (English). 2003. No.9. P. 7-10.

## ОРТА БУЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АРАЛАС ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛИЕВА А. М.  
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
АХМЕТБЕКОВА А. М.  
ғылыми жетекші, PhD, қауымд. профессор,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қалыптасқан жағдайда зерттеудің өзектілігі оқытудың заманауи технологияларын игеру және цифрландыру құралы ретінде жалпы орта білім беру жүйесіне аралас оқытуды енгізу қажеттілігімен негізделіп отыр. Пандемиялық жағдайларға байланысты білім беру саласына өз түзетулерін енгізілді және оқу процесін ұйымдастыруда жаңа тәсілді талап етілді, яғни дәстүрлі және онлайн оқытуды біріктіру, мұнда мұғалім білім көзі емес, көмекші рөлін атқаратын болды. Аралас оқыту технологиясы оқушыға бағытталған онлайн-ресурстарды қолдана отырып, дәстүрлі оқыту форматын біріктіреді. Аралас оқыту модельдері оқытудың қазіргі заманғы дағдыларын дамытуға ықпал етеді және білім алушыларға білім беру процесінің белсенді қатысушылары болуға мүмкіндік береді. Жобалар негізінде аралас оқыту моделі орта буындағы ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын модельдердің бірі болып табылады. Бұл модель ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдана отырып, Блум таксономиясына негізделген.

Аралас оқыту – жартылай қашықтан оқыту сияқты ғаламтор арқылы оқыту элементтерін енгізе отырып, оқу процесін құрудың жалпы дәстүрлі принциптері сақталатын оқыту. Оқытудың бұл екі формасының арақатынасы білім беру мекемесінің оқыту процесінің аталмыш құрылымына дайындығымен, сондай-ақ оқушылардың ынтасымен және техникалық мүмкіндіктерімен анықталады [1, б. 9].

Көптеген ғалымдар құрылымы бойынша бір-бірінен ерекшеленетін аралас оқытудың түрлі модельдерін ұсынуда. Таңдалған модельдің қаншалықты нәтижелі мен тиімді болуы, оқушылардың зерттелетін пәніне тәуелді. Сондықтан, қазіргі ғылымда мазмұны, ауқымы, технологиясы, оқу кеңістігі және т. б. жағынан ерекшеленетін аралас оқытудың мыңдаған түрлері бар деп айтуға болады. Хизер Стейкер мен Майкл Б. Хорн аралас оқытудың төрт жеке моделі ұсынған. Төрт модельдің әрқайсысы аралас оқытуды анықтаудың әртүрлі элементтерін өз тәсіліне қалай қосатынын түсіндіреді [2, б. 10]. Аралас оқыту модельдерінің тағы



6 түрін ажыратуға болады. Бұл модельдер аралас оқыту аясында оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында мұғалімдерге арналған білім беру сайтында ұсынылады [3]. Ұсынылған модельдер аралас оқытудың негізгі модельдерін толықтырады және белгілі бір білім саласында оқушылардың дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Модельдердің әрқайсысы өзіндік қасиеттермен және оқу үдерісін өзгеше ұйымдастырумен ерекшеленеді. Тәжірибе нәтижесінде ағылшын тілін оқыту үшін ең тиімді модельдер ретінде, қосымша аралас оқыту (*supplemental blended learning*), жобалар негізінде аралас оқыту (*project-based blended learning*) және төңкерілген сынып (*flipped classroom*) модельдерін атап көрсетуге болады. Аталмыш модельдер Блум таксономиясына (*Bloom's Taxonomy*) негізделген продуктивті және рецептивті дағдыларды қалыптастыруға және арттыруға мүмкіндік береді. Мақсаттар мен міндеттерді дұрыс таңдауда модельмен және дәлгермен үйлесімді болатын АКТ құралдары маңызды рөл атқарады. Онлайн-викториналар, сауалнамалар, тесттер, 'mind map', бейне-роликтер, презентациялар сияқты АКТ құралдары қолдануға ең қолайлы болып келеді.

*Жобалар негізінде аралас оқыту (Project-based blended learning)* – бұл оқушы онлайн режимінде оқытуды, курстар түрінде немесе өздігінен қол жетімділік түрінде, сонымен қатар жобаларға негізделген оқу тапсырмаларын, өнімдерін және олармен байланысты артефактілерді әзірлеу, қайталау және жариялау үшін бетпе-бет оқыту мен ынтымақтастықты қолданатын модель. Жалпы сипаттамасы: жобалық оқытуды қолдау үшін онлайн-ресурстарды пайдалану [3].

Ағылшын тілі сабағында жобалар негізінде аралас оқыту моделін қолданудың ең басты артықшылығы – білім алушылардың тапсырмаларды өзідігінен нақты өнім жасай алу мүмкіндігі. Нақтырақ айтқанда оқу немесе аудио-визуалды тапсырмаларды зерттей отыра, оқушы өзі жаңа өнім жасай алады. Керемет оқыту платформасы ретінде 'Google Classroom' сайты бола алады. Осы платформа арқылы оқушыларға арналған аудио-визуалды материалдармен сүйемелденген онлайн-сауалнамалар, тесттер, қосымша жазбалар, ескертулер 'deadline'-дар қойып жазуға болады. Одан басқа мұғалім қосымша материалдарға сілтемелер жіберуге мүмкіндігі бар. Осылайша, оқушылар, тақырыпқа сай материалды

қарастырып, сауалнамадан өтіп, өз білімін тексеріп және мұғалімнен жедел кері байланысты ала алады.

Жоғарыда айтылған модель орта буын сыныптарына тәжірибе барысында енгізіліп, білім алушылардың шет тілін үйренудегі продуктивті және рецептивті дағдыларын тиімді дамытуға және жоғары білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етті. Модельдің енгізу кезеңдерін төмендегі кестеден көруге болады.

**Модель:** Жобалар негізінде аралас оқыту (Project-based blended learning)

**Тақырыбы:** «Our holiday»

Келтірілген модель оқушыларға жобаларға негізделген оқу тапсырмаларын, өнімдерін жасауға мүмкіндік беретін модель болып табылады. Модельдің негізгі мақсаты ретінде жобалық оқытуды қолдау үшін онлайн-ресурстарды пайдалану және қолдану деп айтуға болады. Бұл үшін жаңа лексика енгізіліп, оқушылар оны оқу, бейне тапсырмалары арқылы толықтай меңгерді. Оқу үдерісі кезінде Power Power Presentation, Google classroom платформасы қолданылды. Модельді енгізу кезеңдері I-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Блум таксономиясы негізінде жобалар негізінде аралас оқыту моделін енгізу кезеңдері

№ р/р	Блум таксономиясының деңгейі	Сабақ кезеңі	Өткізу форматы
1.	Есте сақтау (remembering)	<b>Power Power Presentation.</b> «Holiday and vacation» тақырыбындағы слайд-презентация, онда оқушыларға суреттерге сәйкес ағылшын тілінде сөздерді айту мүмкіндігі беріледі. Осылайша, мұғалім берілген тақырып бойынша оқушылармен лексикалық материалды өңдейді.	офлайн
2.	Түсіну (understanding)	<b>Reading the text «Holiday».</b> Тілдік материалдың көзі – New English File (Pre-Intermediate) оқу құралы. <u>Тапсырма 1:</u> Fill in the gaps with the	офлайн

Кесте 1 жалғасы

		<p><b>correct form of the verb;</b>  <b>Тапсырма 2:</b> Match the words;  <b>Тапсырма 3:</b> Answer the questions:          1) Where did the author stay on holiday?          2) What did the author buy on holiday?          3) How was the weather like?          Бұл жаттығулар оқушыларға жаңа лексиканы бекітуге мүмкіндік береді. Мұғалім оқушылардың жаңа лексика мен мәтін мазмұнын қаншалықты түсінетінін тексереді.</p>	
3.	Қолдану (applying)	<p><b>Mind mapping.</b>          Бұл кезеңде мұғалім оқушылармен бірге зерттелген мәтін бойынша ассоциограмма жасайды, бұл оқушыларға жобаны дайындауға көмектеседі. Дайындық кезеңі оқушыларға жобаны өз бетінше орындауға мүмкіндік береді.          Ассоциограмма келесі сұрақтардың көмегімен жасалды:          Where did you go?          When did you go?          How did you get there?          Where did you stay?          Who did you go with?          How long were you there?          Was the weather good?          Did you have a good time?</p>	офлайн
4.	Талдау (analysing)	<p><b>Watching the video «How was your vacation?»</b> on YouTube channel.          Тапсырма: Answer the questions:          1) Explain why Mr. Rashid's vacation was terrible;          2) What would you do if you were Mr. Rashid?          3) Do you agree that Mr. Rashid's vacation was wonderful? Explain why?          Жаттығуда оқушылар сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін «қалың сұрақтарға» жауап береді. Бұл бейне мен жаттығу Google classroom платформасында бекітілді.</p>	онлайн

Кесте 1 соңы			
5.	Құру (creating)	<p><b>Mind mapping for project work «My summer holiday».</b>          Оқушылар ассоциограмманы өз бетінше құрастырып, Google classroom платформасына жүктейді.</p>	онлайн
6.	Бағалау (evaluating)	<p><b>Project Presentation «My summer holiday».</b>          Оқушылар өздерінің ассоциограммаларын ұсынады, содан кейін мұғалім олардың жұмысын бағалайды.</p>	Онлайн/офлайн

Жоғарыда аталған модельді тиімді пайдалану үшін АКТ-ды қолдана отырып педагогикалық тәжірибе жүргізілді. Тәжірибе барысында жоғарыда аталған модель өзіндік тиімділігін растап, орта буындағы оқушылардың оқу үдерісінде үйренудегі продуктивті және рецептивті дағдыларын тиімді дамытуға және жоғары білім беру нәтижелеріне қол жеткізулеріне ықпал етті.

Аралас оқытуды оқу үдерісіне енгізу көп дайындықты қажет етеді деген пікір жасауға болады. Себебі, бұл тек онлайн құралдар мен АКТ пайдалану туралы емес. Нәтижесінде, аралас оқыту практикасын енгізу үшін мұғалім келесі талаптарды орындағаны және ұсынымдарды ескергені жөн:

- оқушыларын білу және тақырыпты жүйелі түрде жоспарлау;
- оқытудың мақсатын, міндеттерін айқындап, оқу іс-әрекетінің уақытын дәрістің/тақырыптың барысына байланысты нақты жобалау;

- аралас оқыту компоненттерін айқын көріп, АКТ құралдарын оқу үдерісіне қоса алу, жалпы проблемалар мен қиындықтарды атап өтіп, олардың шешу жолдарын қарастыру;

- тәжірбиенің әртүрлі аспектілері туралы кері байланыс алу, оның ішінде мазмұн, дизайн, оқу және оқытушылық қызметті қайта қарастыру мен талдау;

- оқушылардан алынған барлық қателер мен пікірлерді ескеру, бағытты жақсарту, тиімділікті арттыру және болашақта соңғы қателіктерден аулақ болуды қамтамасыз ету.

Сонымен аралас оқытуда мұғалім көптеген маңызды нәрселерді ескеруі керек екендігі сөзсіз. Қорытындылай келе, егер аралас оқыту үдерісі дұрыс ұйымдастырылып және жүзеге асырылса, оны толығымен тиімді және қолайлы деп айтуға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қапалбек Б., Кеңесова А., Жұмағұлова А. Әдіскер анықтамалығы – Қазақстан республикасы мәдениет және спорт министрлігі тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитеті Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. – Астана, 2016. – 195 б.

2 Staker H., Horn M. B. Classifying K–12 Blended Learning. – Mountain View, CA : Innosight Institute, 2012. – 22 p.

3 TeachThought Staff 12 Of The Most Common Types Of Blended Learning. [Электронды ресурсы]. URL : <https://www.teachthought.com/learning/12-types-of-blended-learning/>. (Өтініш берген күні : 12. 02. 2021).

### МЕКТЕПТЕРДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖОБАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

БОШ А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АНЕСОВА А. Ж.

PhD, қауымд. профессор (доцент), Павлодар педагогикалық университеті,  
Павлодар қ.

Қазіргі уақытта жобалау әдіснамасы шетел тілі сабақтарында ғана емес, басқа да академиялық пәндерде кеңінен таралған. Тәжірибе осы әдісті көптеген индикаторлар үшін пайдалану тиімділігін көрсетті. Тағы бір маңызы, белгілі бір білім жиынтығына ие болуды болжайтын және жобалау іс-әрекеті арқылы шешімін табуды алдын-ала ескеретін мәселелерге деген оқушылардың қызығушылығын ынталандыру, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу икемділігін, рефлексорлық ойлауды (сыни тұрғыдан ойлауды) дамыту. Мәселе ойдың мақсатын белгілейді, ал мақсат ойлаудың үрдісін бақылайды. Рефлексорлы ойлау мәні – фактілерді әрдайым іздеу, олардың талдауы, олардың анықтығы туралы ойлану, жаңаны тану үшін, күмәннен шығу жолдарын табу үшін, фактілерді логикалық тұрғызу, дәлелденген пікірлерге негізделген сенімділікті қалыптастыру.

Жобалау әдісі біріншіден – қандай да бір мәселені шешуге, екіншіден нәтижеге қол жеткізуге болжайды.

Қоршаған ортадағы, әлеуметтегі өзгерістерге байланысты сабақ беру тәсілі, әдісі методикасы бірге өзгеріп отырады. Тек сонда ғана тәрбие мен сабақ үрдісі өнімді, нәтижелі болады.

Мектеп бағдарламасындағы сабақ беру үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялардың енуін оқушының рухани, интеллектуалды дамуының маңызды түрі екеніне көп көңіл бөлу керек, яғни тек даму ғана педагогикалық процесстің нәтижелі түрі болып табылады. Шетел тілі сабақ ретінде оқушылардың мәдени, рухани дамуына үлкен мүмкіндік беретін Ғылыми жұмыста оқушылардың шетел тілі сабақтарында жобалау әдісін қолдану белсенділігін ұйымдастыру ерекшеліктері анықталды. Жобалау қызметке дайындық және оны іске асыру үшін тапсырмалар жүйесі ұсынылған. Шетел тілдерін оқытудың орта сатысында оқушыларды ынталандыруды арттыру жобалау әдістерінің тиімділігін теориялық негіздемесі келтірілген.

Еуропа тілдерінде «жоба» сөзі латын тілінен алынып, *projectus* «алдыға лақтырылған» деген мағынаны білдіреді, «сойлеуші», «көзге түсуші», яғни бір объектінің, бір істің прототипі, прообразы сияқты, осы іс-әрекет жоба жасауға әкеледі. Жоба әдісі оқушылардың бір проблеманы шешуін талап етеді. Ал проблеманы шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек.

Демек, жоба әдісі оқушылардың білімділік ситуацияға түсіп, өз проблемаларын іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы. Жобалап оқыту технологиясы өткен ғасырдың басында АҚШ-та дүниеге келген. Оны проблемалар әдісі деп те атаған, америка философы әрі педагогы Дж. Дьюи, және оқушысы У. Х. Килпатри ойлап тапты. Дж. Дьюи оқудың белсенді формасын ұсынды. Бұл жерде өмірден алынған проблема қажет, ол бала үшін маңызды әрі таныс болуы керек, оны шешу үшін өз білімін пайдалана алатындай болуы керек. Мұғалім ақпарат көздерін қайдан алуға болатынын ғана айтады немесе оқушы ойына өзіндік жұмыс жасау мақсатында бағыт бере отырып, белгілі бір проблемаға қызығушылық тудырып, жобалап оқыту іс-әрекеті арқылы алған білімін пайдаланып, шешім жолдарын ұғындыруға жетелейді. Жоба әдісі жеке бағдар беру технологиясының бірі. Бұнда оқушылардың танымдық дағдыларын дамыту, өз білімін өздігінен қолдану біліктігін қалыптастыру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, сыни тұрғыдан ойлауларын дамыту жатады.

Жобалар әдісінің негізгі мақсаты: «оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту».

Жобалау әдісінің мәні – белгілі бір білім жиынтығына ие болуды болжайтын және жобалау іс-әрекеті арқылы шешімін табуды алдын-ала ескеретін мәселелерге деген оқушылардың қызығушылығын ынталандыру, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу икемділігін, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту. Мәселе ойдың мақсатын белгілейді, ал мақсат ойлаудың үрдісін бақылайды.

Жоба әдісін қолдана отырып, оқушы өмір талаптарына сай, қоғамдық жағдайларға байланысты мәселелерге мұқият дайындалады. Олардың лингвистикалық белсенділігі жазу, сөйлеу, оқуы да дамиды. Ол үшін шығармашылық хат, газет, журналдар, монологтар, шығармашылық ойын (пьеса) т.б. қолданылады. Жобаны жасауда балаларға әр түрлі бейнефильмдер, мультфильмдер, компьютерленген бағдарламалар ұсынылады. Дене қимыл қозғалысы – ұлттық билер, музыкалық – ритмикалық қимылдар арқылы, ал өлең, тақпақ, хормен немесе жеке ән айтуда дауыс ырғағы, сезім мүшесі дамиды. Түрлі жұмыстар тек ойлау қабілетін ғана дамытып жобамен өз бетімен жұмыс істеуге де үйретеді. Сабақты түрлендіре өткізу оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бала мұндай сабақтан жалығып, шаршамайды. Ал жобаны әр баланың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты беру керек. Жобаны оқу жылының басында оқытушы жоспарланған бағдарламадағы тақырыптарға сай етіп алады.

Жобалаудың құрылымы:

- нақты нәтиже шығару жобасы;
- нақты мәселенің талдауы;
- нақты уақыт белгілеу;
- жұмыс жүргізу жобасы;
- нәтиже шығару

Жоба белгілі бір тақырып бойынша құрастырылады. Ол оқушының қызығулығына қарай таңдалуы мүмкін.

1-кезең дайындық кезеңі. Тақырып таңдау, оны құрастыру, міндеттерін белгілеу, ұйымдастыру, талқылау, жоба мазмұнымен танысу. Мұнда оқытушымен бірге оқушы жобаның тақырыбын, мақсатын анықтайды.

2-кезең. Материал жинау, материалды өңдеу, толықтыру. Оқушылардың жинаған тілдік материалдарын, алғашқы

нәтижелерін қорытындылап талқылау, келесі қосымша материалды, жаңа материалды іздестіру. Жоба үй тапсырмасы ретінде материалды қолдана отырып сұхбат жасауға беріледі, лексикалық, грамматикалық материалдар өңделінеді, кесте беріледі.

3-кезең. Сөйлеу кезеңінде алынған материалды қолдану, жоба жұмысын аяқтайды.

4-кезең. Қорытынды шығару, жобаның презентациясы.

Мұғалім әр кезеңде әр түрлі роль атқарады, ол – көмекші, бақылаушы, нұсқаушы жұмыстың барлық кезеңінде мұғалім шәкірттерінің іс-әрекеттерін қолдап, мадақтай келе, олардың ынтасын көтерген жағдайда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

Жобалау әдісі – ағылшын тілін оқытуда тиімді әдістердің бірі боп саналады. Мұнда оқушылар жеке немесе топпен бірлесіп белгілі бір бағытта әрекет етеді, ізденіс жүргізеді, еңбектенуді үйренеді, өз пікірін дәлелдей алады, білімін, күшін сынайды. Оқытушының мақсаты – тақырыпты шығармашылық түрде меңгерту, логикалық ойлауын жетілдіру. Әр жоба ауызша бір тақырыпқа байланысты болады. Мұнда оқушы тек 1 ғана пәннен алған білімін ғана емес басқа пәндерден алған білімін де көрсете алады. Және де топ мүшелерінің дайындық деңгейі бірдей болуы шарт. Жобалық тапсырмаларды мен 5-8 сыныпқа арналған «Ағылшын елінің мейрамдары», «Ұлыбританияны басқару жүйесі», «АҚШ-тың билік жүйесі» тақырыптарын өткен кезде- қорытынды сабақта ұсындым және топтық жұмыс арқылы атқарылды.

Сонымен бірге осы курста қабілеттеріне қарай деңгейлік тапсырмалар беру әдісін жиі қолданамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зимняя И.А., Сахарова Т.Е. Проектная методика обучения английскому языку. // Иностраный язык в школе. 1991. №3.
- 2 Бородулина М.К. Шет тілін үйрету. – М. Просвещение, 1975.
- 3 Кузьмичева Т.Н. Технические средства в обучений английскому языку. – М. Просвещение, 2001.
- 4 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологий // Иностраный язык в школе. 2004. №3.

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘДІЛ С.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АНЕСОВА А. Ж.

ғылыми жетекші, PhD, Павлодар қ.

Қазіргі заманда шетел тілінде сөйлейтін адамдарға деген қажеттіліктің күшейе түсуіне байланысты осы мақаланың тақырыбы таңдалды. Лингвистикалық бейін бойынша сапалы мамандарды даярлау көбіне студенттерге шет тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін білуге байланысты. Білім беру процесі субъектілерінің бұл тобы жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту процесіне қандай да бір түрде әсер ететін ерекше ерекшеліктерімен сипатталады.

Кәсіби лингвистикалық және педагогикалық білімнің теоретиктері мен практиктерін толғандыратын негізгі мәселелер - студенттерге шет тілін оқытудың принциптері, әдістері, болашақ педагог студенттердің кәсіпқойлығының дамуында тиімділікке қол жеткізуге болатын материалды таңдау критерийлері туралы сұрақтар туындайды.

Лингвистикалық бейінді студенттерге шет тілін оқытудың негізгі принципі - оқыту процесінің дифференциациясы. Оқытуды дифференциациялау жеке тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруға, барлық оқушылар үшін әр түрлі болуы мүмкін білім мазмұнын барлық оқушылардың игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бірақ міндетті түрде барлығына арналған өзгермейтін бөлік. Сонымен қатар, ұқсас жеке сипаттамаларға ие оқушылардың әр тобы өз жолымен жүреді. Дифференциалдау жағдайындағы оқу процесі оқушылардың танымдық қажеттіліктеріне, олардың жеке ерекшеліктеріне мүмкіндігінше жақын болады.

Саралауды түсінудің үш негізгі аспектісі бар:

1 Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

2 Осы сипаттамалар бойынша оқушыларды топтастыру.

3 Оқу процесін топтарда ұйымдастыру [1].

Қазіргі зерттеушілер ашық типтегі тапсырмаларды пайдалануды әр түрлі деңгейдегі оқушыларды сөйлеу-ойлау қызметіне қосудың маңызды мүмкіндіктерінің бірі деп атайды. Бұл бірде-бір дұрыс шешімі немесе жауабы жоқ және студенттерге тілді меңгерудің

кез-келген деңгейінде олармен күресуге мүмкіндік беретін тапсырмалар. Өкінішке орай, қазіргі заманғы оқулықтарды талдау ондағы тапсырмалардың (жаттығулардың) көпшілігі жабық сипатта болатындығын, яғни олар мүмкін болатын жалғыз дұрыс жауаптың болуын болжайды. Мұндай тапсырмалар біртектес сыныпқа бағытталған және оқушылардың өте шектеулі саны үшін қолайлы жағдай жасайды. Студенттік топтардағы жұмыс жаттығулар сипатының ашықтыққа қарай өзгеруін талап етеді. Оқытылатын пән бойынша оқу бағдарламасын құру кезінде оқытушы жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сүйенеді, бірақ сонымен бірге өзі білім беру материалының қай бөлігін барлық студенттер игеруі керек екенін және қайсысы өзі анықтайды осы материалды тереңірек игеруді көздейтін, неғұрлым дайын және ынталы студенттер. Шет тілі сабақтарындағы жаттығулар дәл осылай және үлкен «қормен» таңдалады. Мысалы, ертегіні құрметтегеннен немесе тыңдағаннан кейін мәтіннен түсінігін тексеру үшін оқушыларға бірнеше сұрақтарға жауап беру ұсынылады. Мұғалім қойған сұрақтарға бірізділікпен жауап берудің орнына, студенттерге сұрақтар тізімі және бірінші жауап бергісі келетінін таңдау тапсырмасы беріледі. Бұл әр студентке өздері үшін қызықты және өз мүмкіндіктеріне сай сұрақтарды таңдауға мүмкіндік береді [2].

Мұндай тапсырманың нұсқасы келесідей болуы мүмкін: студенттерге өздеріне қызықты емес сұрақтарды сызып тастап, өздеріне сәйкес сұрақтар қоюға шақырылады. Сіз студенттерге өздерінің сұрақтар тізбегін әңгіменің мазмұны өзгертін етіп құруға тырысуға мүмкіндік бере аласыз. Ашық типтегі тағы бір тапсырма келесідей болуы мүмкін. Оқушыларға жазбаша немесе аудио мәтін ұсынылады. Біраз уақыттан кейін мұғалім бұл материалды алып тастап, оқушылардан есте сақтағанның бәрін жазуды сұрайды. Әрі қарай студенттер жұпта немесе үшемде бірігіп, тізімді едәуір кеңейтуге мүмкіндік беретін жұмыс нәтижесін талқылайды. Соңында мұғалім материалды қайта ұсына алады немесе оқушыларды өз жұмысының нәтижелерімен алмасуға шақыра алады. Бұл жағдайда ынтымақтастық барлығына өз нәтижелерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Мұғалім жұптар мен топтардың құрамын үнемі өзгертіп отыратын болса, оқушылардың сөйлеу тәжірибесі едәуір байыпталып, сыныптағы психологиялық ахуал жақсаратыны белгілі, оның ішінде әр түрлі курстастарымен қарым-қатынаста оқушылар бар. Көптеген сыныптастарымен

қысқа сөйлесу алмасуын қамтитын уақытша жұптар техникасы (басқа топ мүшелерінің пікірін сұрау, қойылған сұрақтарға ұқсас жауап берген студенттерді анықтау және т.б.) тағы бір мүмкіндік ашады сол уақытта. Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, ашық тапсырмалар әр оқушыға өзі көтере алатын көлем мен қиындық деңгейіне жауап беруге мүмкіндік береді. Мәлімдемелер көлемі мен сапасына қарай әр түрлі болады. Алайда, тапсырманың сөйлеу тітіркендіргіштерімен үйлесімділігі шет тілдік сөйлеу әрекетінде тыңдаушылардың ынтасын арттырады [3].

Сонымен, шет тілі сабағында оқушыға бағдарланған тәсілді жүзеге асыру әр оқушының сабақтың кез-келген уақытында «жанкүйердің» ішінен өзіне сәйкес келетін қызықты тапсырмаларды таңдай отырып, өзінің эмоционалды және интеллектуалдық әлеуетін барынша арттыра алатынын білдіреді. Бұл тәсіл мұғалімнен қосымша уақыт пен зияткерлік шығындарды талап етеді, өйткені бұл оқушылардың құзыреттіліктерді игеру барысын мұқият бақылау, оқулықты бейімдеу және өзіндік жаттығулар жиынтығын, қажет болған жағдайда қосымша дидактикалық материалдарды құру қажеттілігін білдіреді. Алайда, мұндай күш-жігердің нәтижесі барлық студенттерге ыңғайлы, олардың шет тілін тиімді меңгеруіне мүмкіндік беретін жағдайлар болады.

Оқу материалын таңдау мәселесін шешпей, «оқытудың кез-келген ұтымдылығы мағынасыз болады». Бұл мәселені шешкен кезде әдістемендегі шетел тілін оқыту мақсатында білім беру үдерісінде пайдалану үшін түпнұсқа материалдарды таңдаудың жалпы критерийлерін талдауға және оларды таңдау критерийлеріне сүйену керек. лингвистикалық бейінді студенттердің коммуникативті және әлеуметтік-мәдени құзыреттілігі, сонымен қатар шет тілін оқыту үшін шынайы материалдарды таңдауға әсер ететін оқыту шарттары мен факторларын ескеру.

Шетел тілін оқыту үдерісінде лингвистикалық профильді студенттердің коммуникативті және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін дамыту үшін шынайы материалдарды таңдағанда, университеттің ағылшын тілін оқыту курсы сонымен қатар білім беру және білім беру мақсаттарын қоятындығын ескеру қажет. оның орындалуы:

- болашақ мамандардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілік деңгейін арттыру;
- мәдениетаралық және ғылыми байланыстарды орнатуға ықпал етуге дайын болу;

– мәдениетаралық коммуникацияға қатысу мүмкіндігі.

Сонымен қатар жеке ретінде сипатталатын және ұсыныстар ретінде қарастырылатын түпнұсқа материалдарды таңдау критерийлеріне егжей-тегжейлі тоқталу қажет:

1) лексиканы кәсіби таңбалау - түпнұсқалық материалдардың келесі лингвистикалық сипаттамалары ерекшеленеді, олардың болуы оларды лингвистикалық профильдегі студенттердің әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді:

– аударылатын тіл елдерінің ұлттық-мәдени ортасына тән шындықты жеткізетін баламасыз лексика

– әр түрлі білім салаларына қатысты терминология: мысалы, экономикалық терминология балансы – баланс; овердрафт – клиенттің жеке шотында бар сомандан артық берілген, осы клиентке сенім артуға болатын несие; облигация – вексель, облигация; үлестік қаржыландыру – корпорацияның жарғылық капиталын құру;

2) жағдайлық өзгергіштік – бұл критерий шынайы материалдарда берілген тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынас жағдайларының әртүрлілігін көрсетеді. Шетел тілінде сөйлеушілердің белгілі бір сөйлеу және сөйлеу емес мінез-құлқын байқау мен сіңіру студенттерге өз ана және оқыған шет тілдеріндегі қарым-қатынас әдістерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуде белгілі бір тәжірибе жинақтауға, дұрыс коммуникативті және әлеуметтік-мәдени мінез-құлықты үйретуге мүмкіндік береді. берілген тілдік қатынас жағдайында;

3) тәрбиелік мәні – басқа елдің халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген құрметті дамытуда.

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Аталған ұстанымдар коммуникативтілік қабілетінің компоненті ретінде мәдениетаралық біліктілікті дамытудың алғышартын жасайды. Шетел тіліндестүрлі оқытуда тіл үйренушілер тілдік жаттығуларды жасап, қажетті материалды жаттаумен ғана шектеледі. Яғни, ол төмендегідей көрініске ие болады: «сөздік қор + қажетті құрылым = тіл». Алайда, тілдік құрылымды жаттаумен шектелу, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге толық мүмкіндік бермейді [4].

Шетел тілінде тілдік қарым-қатынасқа үйрету үшін шынайы, өмірлік жағдаяттар туындату қажет. Ол оқушылардың қажетті материалды меңгеруіне және соған сәйкес мінез-құлқын

калыптастыруға жағдай жасайды. Шын мәнінде, Қазақстандағы үштілділік – елімізді, оның әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталған тұжырымдама, оны қоғам қолдауы тиіс. Үш тұғырлы тіл идеясы, шын мәнінде, үздіктердің арасында тең, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қалыптасуына және дамуына бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлігі болып табылады.

Осылайша, студенттерге шет тілін кәсіби оқытудың көптеген мәселелері әлі де шешімін табу қажет деген ой қорытуға болады. Оның ішінде ЖОО мұғалімдерінің ағылшын тілін жетік меңгеруі, студенттердің шет тілінен жоғары дайындық деңгейі, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік қордың жинақталуы қажет, яғни түрлі пәндер бойынша ағылшын тіліндегі оқулықтары мен оқу құралдары және ағылшын тілін қарқынды да белсенді меңгеруге көмектесетін жаңа оқыту әдістері мен әдістемелері құрастырылуы қажет деп тұжырымдаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Профессиональное общение как лингводидактическая категория. // Актуальные проблемы системы контроля качества подготовки специалистов в вузе. – Алматы., ҚазМХҚжӘТУ., 13-14 ақпан 1997, 66-68 б. Тыныштықбаева А.Б.

2 Методика обучения студентов экономической специальности пониманию иностранного языка. – Алматы., ВАК., 2001, 6 б. Мукушева Г.Р.

3. Международная научно-практическая конференция. // Актуальные проблемы лингвистики и лингводидактики иностранного языка делового и профессионального общения. – Москва., 2008, 9 б. Бабырә Н.М., Бабырә Е.Д.

4. Английский для экономистов и менеджеров. – Алматы., 2011, издательство Томского политехнического университета, Ульянова О.В., Гричин С.В. <http://elf-english.ru/2010/04/ekonomicheskij-angli...-2010>, Экономический английский, Елена Амерханова

#### АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

ЖАКИБАЕВА К. М.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

БАЙГОЖИНА Ж. М.

педагогика ғылымының профессоры, доцент,  
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының толығымен түбегейлі жаңаруына себепші болуда. Шет тілінде заманауи оқыту әдістерін салыстыру маңызды рөл атқарады, бұл мұғалімнің әдіс тәсілді таңдауы үшін де маңызды, себебі түрлі әдістердің ерекшеліктерін ескермей, дұрыс әдіс тәсілді таңдау қиынға соғады. Шет тілдерін оқыту әдісін таңдау кезінде ол білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сүйену қажет. Олардың жасын, қызығушылықтарын, дайындық деңгейін мен білім деңгейін, сондай-ақ оқу орнының техникалық жабдықталуын ескеру қажет.

Заманауи әдістердің басты белгілерінің бірі - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Олар шет тілін тек жазбаша ғана емес, сонымен қатар ойындармен, қызықты әдіс тәсілдермен, яғни сабақты қызықта да танымды жолдармен құрастыруға мүмкіндік береді.

#### Әдістердің түрлері

Грамматикалық әдіс немесе аударма әдісі. Бұл әдіс негізінде грамматиканы оқыту, сөздерді аударма арқылы оқытуға тиімді, тіл грамматикалық ережелерді жаттау арқылы оқытылады. Жаңа сөздер грамматикалық тақырып көлемінде алынады. Ал аударма жаңа сөздерді, сөз құрылымын, ережесін оқытқанда қолданылады. Барлық жаттығулар белгілі грамматикалық ереженің аясында құрылып, ана тілінен шет тіліне, шет тілінен ана тіліне аудару арқылы орындалады. Грамматикалық – аудармалық әдіс бойынша сөйлемді талдаудың ең жақсы әдісі – оны әуелі ана тілінде түсіндіріп, сөйлем мүшелерін, яғни бастауыш пен баяндауышты, толықтауышты анықтау. Әрі қарай талдауды етістіктің шағын, етісін анықтап жалғастыруға болады. Содан кейін оқушыларға осы сөйлемнің шет тіліндегі аудармасын беру оңайырақ болады.

Дыбыстар, морфемалар, сөздер әр тілдің өзіне ғана тән түрінде болады, ал синтаксистік негізгі қағидалары барлық тілдерге тән [1, 14 б.].

Белсенді оқыту әдісі – оқушыларды материалды меңгеру барысында белсенді ойлау мен тәжірибелік әрекетке қалыптастыруға септігін тигізетін әдіс. Белсенді оқыту кезінде мұғалім оқушыларға дайын тұрған тапсырманы беріп, есте сақтау, қайталау жұмыстарын орындатпайды. Керісінше, оқушыларды өз бетімен іздену арқылы оқуға жұмылдырады. Бұл әдісті тәжірибелік тұрғыда жүргізуге болады, мысалы: оқушылардың білімі мен тәжірибесін қамти отырып, ойын, шығармашылық жұмыс, оқушылардың бір-бірімен қарым- қатынасы арқылы, диалог түрінде, топтасу жолымен өткізу арқылы. Осы әдісті ұйымдастырудың бірнеше формалары бар:

- Дискуссия
- Ойын үлгілері
- Жаттығулар

Мектепте қолданылатын неғұрлым тиімді белсенді әдістерге:

- Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы
- Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық

жағдаяттар құру.

- Релаксацияны және қорытынды шығаруды ұйымдастыру.
- Оқу материалының тұсаукесері
- Индуктивті және дедуктивті логикалық сызбаларды

пайдалану

- Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану

Дәстүрлі сабақтың дәстүрлі емес басталуы – сабаққа эмоционалдық бетбұрыс (эпиграф, костюмделген көрініс, видеоүзінді, ребус, жұмбақ, анаграмма), мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, күдіктерді айқындау. Проблемалық сұрақтар қою және шешу, проблемалық жағдаяттар құру. Сабақта қолданылатын проблемалық жағдаяттардың типтері:

- күтпеген нәрсе жағдаяты;
- конфликт жағдаяты;
- белгісіздік жағдаяты;
- болжам жағдаяты;
- таңдау жағдаяты.

Интербелсенді оқыту формаларын немесе олардың элементтерін пайдалану: «жобалар әдісі», «миға шабуыл», «пікірталас», «түрлі кейіпкерлерден интервью алу» жатады. Оқытудың белсенді әдістері-

оқушының іс-әрекеті өнімді, шығармашылық, ізденіс сипат таситын, оқушының танымдық іс- әрекетін ынталандырушы және қандай да болсын мәселенің шешу жолдары жөнінде еркін пікір алмасуды көздейтін диалогқа құрылған әдістер. Оларға әңгіме, диспут, тақырыптың семинар, іс-ойын, тренинг жатқызуға болады [1, 16 б.].

Лексикалық аударма әдісі. Оқу процесінде оқушылар меңгеруге тиісті шетел тілі аспектілерінің ішінде аса маңыздысы – лексика. Өйткені шамалы болса да, сөздік қорын игермей шетел тілін іс жүзінде игеру мүмкін емес. Бұл әдіс Еуропаның түрлі елдерінде қолданылады және көбіне лексикаға мән береді. Грамматикаға аса көп мән берілмейді, ол мәтінге түсініктеме ретінде оқытылады. Лексикалық аударма әдісі негізінен жалпы білімдік мақсатқа бағытталып, оқу және аударма дағдысын дамытуды көздейді.

Шет тілі сөздерді үйретудің негізгі түрі – оны туған тілге аудару, оның аудармасын білу. Аударманы қолданудың жетістігі - сөздің туған тілден аудармасын жылдам тауып, оның мағынасын есте сақтауға мүмкіндік беруі, ал кемшілігі кейде сөздің туған тілде баламасының болмауы. Бұл тілдерді білу деңгейінің алуандығына да байланысты, кей жағдайда сөздің мағынасын тура аудармай, сөйлемнің деңгейінде аударамыз.

Сөздермен жұмыс жасау жолдары мына үлгі бойынша жүргізіледі:

- 1) затты көрсету
- 2) сөзді бірнеше рет айту (дыбыстау)
- 3) сөзді туған тілге аудару
- 4) сөзді жекелеп немесе хормен айту
- 5) сөзді таңтаға транскрипциясымен, аудармасымен жазу
- 6) мұғалімнің көмегімен дыбыстарға әріптік талдау жасау
- 7) сөзді сөздікке жазу

Ірі қарай мәтінді оқу кезінде сөздің мағынасы түсіндіріледі. Әр жаңа сөзге тоқталу қажет. Сөздің мағынасын анықтауға барлық оқушылар қатысады. Түсіну тірегі ретінде сөздің тек сөйлемдегі мағынасы ғана емес, оның сыртқы белгілері де қолданылады: сөйлемдегі сөздің орны, сөздің алдында артикльдің болуы, сөз жасаушы суффикстер мен профикстердің болуы [1, с. 14].

Коммуникативтік оқыту әдісі. Бұл әдістің негізгі қатысушылары мұғалім мен оқушы және де бұл әдісте мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынасқа және ынтымақтастыққа негізделген. Бұл әдісте ауызекі сөйлеу ғана емес, сонымен қатар жазу қабілетін де дамытады. Грамматика сөйлеу барысында жетіліп отырады:



оқушы ең алдымен сөзді, сөз тіркестерін, айтылымдарды, тілдік формулаларды есте сақтайды, содан кейін бірақ грамматикалық мағынасын қарастырады. Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқушыны шет тілінде еркін сөйлетіп қана қоймай, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру.

Коммуникативтік стратегияға кіретін кезеңдер:

1 Әңгімелесушінің зейін қойып тындауын қадағалау;

2 «Бәрі түсінікті» деген сигнал арқылы толық түсінуді қамтамасыз ету;

3 «Мен дұрыс түсіндім» деген сигнал арқылы әңгімелесушінің толық түсінігін қамтамасыз ету;

4 Сөз жетіспеушілік мәселесін сөз тіркестері мен түсініктемелер, аудару арқылы шешу;

5 Қате кеткен жағдайда өзін-өзі түзеу;

6 Қарым-қатынастың тақырыбын өзгерту арқылы әңгімені қолдап отыру.

Коммуникативтік ойлау іс-әрекетіне дайын болатын когнитивтік құзырлық коммуникативтік құзырлықтың керекті компоненті болып табылады. Шетел тілі сабақтарында оқушылардың тіл-ойлау қабілетін дамытатын жағдайлар:

1 Мәтінмен жұмыс

2 Мәселемен жұмыс

3 Ойын ойнату жұмысы

Тура әдіс немесе Пальмер әдісі.

Табиғи әдістің негізінде жоғары дамыған. Тура әдіс негізінен физиологиялық және психологиялық заңдылыққа бағытталған. Ойлаудан бұрын, ес пен түйсікті қызметінде басты рөлді атқарады. Бұл әдісті қолдану барысында сабақ сахналық қойылымға айналады, оқушы өзінің рөлін сомдаса, мұғалім режиссер әрі драматург болады. Тура әдіс. Г. Пальмер әдісі. Тура әдіс грамматикалық-аудармалық әдіске қайшы әдіс ретінде дүниеге келді.

Өндіріс пен сауданың халықаралық көлемде қарқынды дамуы, капиталистік мемлекеттердің үлкен елдерді отарлауы сияқты процестер шет тілін білетін мамандарға сұранысты арттырды. Бұл өз кезегінде жаңа әдістің пайда болуына себепші болды. Тілді іс жүзінде игеру мектептерде шет тілін оқытудың негізгі мәселесіне айналды.

Тура әдістің негізгі ерекшеліктері мынадай:

1) Шет тілін оқытудың негізгі бағыты – тәжірибелік, яғни, бірінші орынға сөйлеу қойылуы;

2) Ана тілінің екінші орында, тіпті назарсыз қалуы;

3) Тілді үйрету ісінде аударманың өте аз мөлшерде, керісінше, ауызша-жазбаша жаттығулардың көп қолданылуы;

4) Грамматиканы оқытуда индуктивтік әдістің қолданылуы (грамматикалық әдісте грамматикалық ереже бірінші беріліп, жаттығулар орындалады, ал бұл әдісте әуелі жаттығулар орындалып, содан кейін грамматикалық тұжырым жасалады).

5) Айтуды үйретуге үлкен көңіл бөлінеді;

6) Мәтіндердің мазмұнына, әсіресе, тақырыпқа байланысты мәтіндер құрастыруға назар аударылады.

Бұл әдістің тура әдіс деп аталуының себебі – шет тілін оқытуда, шеттілімен беретін түсініктің арасындағы байланыстың тура болып, ана тілінің мүлдем қолданылмауы.

Тура әдістің негізгі қағидаларын ұсынған атақты ағылшын әдіскерлері: Г. Пальмер мен М. Уэст болды. Г. Пальмер әдісінің негізгі қағидалары:

– Шет тілін оқыту ауызша сөйлеуден басталады.

– Шет тілін оқыту іріктелген материалдардың негізінде жүзеге асырылады. Г. Пальмердің ұсынуы бойынша оқытылуға тиіс жаңа сөздердің, мөлшері 3000 сөз болды.

Пальмер ауызша оқытудың мынадай жолдарын ұсынды:

1 Іс-қимыл арқылы (Мұнда арнайы жасалған заттарды көрсетіп, қимыл арқылы білдіретін жаттығулар ұсынылады);

2 Сәйкестендірудің 100 кестесі (Оқушылар осы кестелердегі ағылшын тіліндегі мысалдарға қарап, сөйлемдер құрауы тиіс).

Г. Пальмердің бұл әдістері қазіргі кезде де жиі қолданылады және оқушыларға мынадай мүмкіндіктер береді:

3 Сөйлем үлгілерінде үнемі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінің берілуі ауызекі сөйлеуде көмектеседі;

4 Тыңдау жаттығуларының көп болуы оқушыға жылдам сөйлегенде ағылшын тілін түсінуге мүмкіндік береді [1, 22 б.].

Салыстырмалы әдіс. Бұл әдісте тілді интуитивті тұрғыдан емес, сезіну арқылы үйренуде жатыр. Шет тілін негізінде салыстырмалы тұрғыдан үйрену қарым-қатынас барысында фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдардың меңгеруі мен жобалануына бағыттайды. Саналы – салыстырмалы әдістің ұлағатты өкілдері М. В. Ломоносов, К. Д. Ушинский [2, 14 б.].

Аудиолингвалды немесе көру әдісі. Осы әдіске сәйкес тіл көлемі жағынан шағын, бірлігі мен құрылымы жағынан дәйектелген түрде ұсынылуы қажет. Ал оқушылар болса оны қайталау, алмастыру, өзгерту т.с.с. жолдармен меңгереді.

Сұрақ-жауап әдісі – балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі деп ойлаймын. Қай сынып болсын, сабақтың қай кезеңі болсын қолдануға қолайлы. Өте белгілі де тиімді әдіс. Практикалық әдіске ойын ойнау арқылы тіл үйрену кіреді. Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады. Оқытушы ойынның тәртібін білмейтін балаға ойынның шартын үйретіп түсіндіреді. Рөлге бөліп ойнайтын ойындар баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі.

Компьютерлік технология - оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, соңғы жылдары шет тілін оқыту мен білім беруді компьютерлендіруде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын әдістер. Бүгінгі таңда адамзат өмірінде компьютердің қолданылмаған жері жоқ. Психологиялық тұрғыдан қарағанда компьютермен оқытудың тиімділігі мол. Оқу-әдістемелік жұмысының ерекшеліктері: Оқу барысында ақпараттық технологияны, электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны және т.б. пайдалануға болады. Бұл технологияның ерекшелігі – сөздерді есте сақтап, тез меңгеруге компьютермен жұмыс істеу өте қызықты болатынын көрсету. Үлгерімі нашар оқушының да ең алдымен, оқытушы оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға көмектеседі. Компьютерлік технология арқылы сөздерді таңдау, іріктеу мәселесімен айналысуға болады. Лексикалық және грамматикалық материалдарды сұрыптау ұстанымдары анықталып, оны компьютер арқылы дамытады:

- а) сөздің жеңіл-қиындығы мәнін ескеру;
- ә) сөздің тіркесу қабілеті;
- б) сөздің синонимдік қасиеті;
- в) сөз мағынасын түсіндіру және оны сөйлемде дұрыс қолдану,
- г) сөздің мағынасын дұрыс аудару.

Сұрақ-жауап диалогы. Оқушы сұраққа құрылған лексика-грамматикалық материалдар негізінде сұрақтарға жауап беруі.

Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. Компьютерге жауап беру үшін оқушы еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түрде түзету.

Толықтыруды керек ететін жаттығулар. Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады.

Сөздікті меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар. Асықпай компьютермен еркін жұмыс істей отырып, оқушының өз бетімен жұмыс істеуі.

Әдістерді практикалық қолдануға келетін болсақ, мен бір әдісті қолданудың қажеті жоқ деп санаймын. Олардың ең жақсы жақтарын біріктіре отырып, бірнеше әдістерді біріктірген дұрыс болар еді. Әдістеме дамуының қазіргі кезеңінде әдістердің интеграциясы жүріп жатыр. Білім беру әдістері түрлі әдістердің ең үздік элементтерін біріктіріп, оқыту процессін тиімді жүргізуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Г. Амандықова, Ш. Мұхтарова, А. Бисенғалиева. Шет тілін оқыту әдістемесі: 3-бас. Астана: Фолиант, 2018. - 168 б.

2 Бухбиндер В. А. Основы методики преподавания иностранных языков. Киев, Вицашкола, 1986. – 194 с.

### ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСİNДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

ЖЕТПІСКЫЗЫ С. А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

АНЕСОВА А. Ж.

ғылыми жетекші, PhD, Павлодар қ.

Шет тілдерін оқытуда ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. Компьютерлік технологияны қолдану оқушыға шет тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану жолындағы психологиялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді. Бұл тосқауылдың көріністерінің бірі – «қателік қорқынышы» деп аталады. Студенттер компьютерлік технологияны қолданған кезде қателіктер жіберіп, ыңғайсыздық сезінбейтінін және жіберілген қатені қалай жеңуге болатындығы туралы нақты нұсқаулар алатындығын айтады.

Ақпараттық технологиялар материалды жеткізу құралы да, бақылау құралы да болып табылады. Мұндай технологиялар материалды жеткізудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді және әртүрлі байланыс арналарын (мәтіндік, дыбыстық, графикалық, сенсорлық және т.б.) пайдаланады. Осының барлығы оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді [1].

Білім беруді ақпараттандыру қазіргі Мұғалімге жаңа талаптар қояды. Ақпараттық қоғамдағы мұғалімнің рөлі өзгеруде: ол

авторитарлық және білімнің жалғыз көзі болуды тоқтатады және білім беру процесінде студенттердің жетекшісі және көмекшісі болады. Студенттерге тез өзгертін әлемде өздеріне қажетті білімді өз бетінше іздеуге мүмкіндік беріледі, сондықтан олардың әрқайсысына оқу процесінің белсенді қатысушысы болуға және оларға берілген білімге сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін жеке оқыту стратегияларының едәуір саны қажет.

Мұғалімнің жұмысында ақпараттық технологияларды қолдану, әрине, білім беру саласында панацея емес. Әрине, мұғалімнің құзыреттілігі, ең алдымен, оның пәндік саласында маңызды. Оқушылармен жұмыс жасауда мұғалімнің кәсібилігі, тәжірибесі мен үнемі жетілдіруге деген ықыласы маңызды. Алайда, бүгінде сабақта және оған дайындық кезінде ақпараттық технологияларды қолданудың үлкен артықшылықтарын байқамау қиын.

Шет тілі сабақтарында бейнематериалдарды, компьютерлік бағдарламаларды, интернетті және қолданудың артықшылықтары өте зор: олар шет тілін меңгеруде динамикалық көрнекілік пен жедел аудиовизуалды қолдауды құруға, тыңдау дағдыларын дамытуға, әртүрлілікті енгізуге, жаңа өлшем жасауға, сабақты жаңа мазмұнмен толтыруға, сонымен қатар студенттердің сөйлеу белсенділігін арттыруға және ықпал етеді. көлемді түпнұсқалық жағдай жағдайында шетелдік коммуникативтік құзіреттілікті арттыру.

Балаларды шет тілін үйренуге қызықтыру үшін жоғары мотивация тудыратын және сабақта олардың белсенділігін қамтамасыз ететін оқу процесін ұйымдастыру қажет. Бұл мақсатты шешу үшін ең жақсы компьютерлік технологиялар қолайлы. Күшті ынталандыру ынталандыру-ал бұл үлкен пайызы табысты оқыту [1].

Ең алдымен, компьютерлік оқыту әдісінің қадір-қасиетін психологиялық тұрғыдан бөліп көрсету керек. Компьютерлік оқыту үлкен мотивациялық әлеуетке ие. Дұрыс құрастырылған бағдарлама жағдайында компьютер мұғалімге көмектесе алады, ал студенттер мейірімді машина нұсқаушысының үнемі қатысуын сезінеді. Балалар үшін оқуды қызықты ету үшін бағдарламалар белгілі компьютерлік ойындардың элементтерін қамтиды және тіпті ойын моделін толығымен қайталайды, оны оқу мақсаттары үшін шебер өзгертуді [2].

Компьютер құпиялылыққа кепілдік береді. Егер мұғалім үшін Нәтижелер жазылмаса, тек оқушының өзі қандай қателіктер жібергенін біледі және сыныптастары мен мұғалімі оның нәтижелерін біледі деп қорықпайды. Осылайша, оқушының өзін-

өзі бағалауы төмендемейді, бірақ сабақта психологиялық жайлы атмосфера жасалады.

Компьютер сыныпта немесе лингафондық кабинетте жұмыс істеуге қарағанда оқытудың интерактивтілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл жаттығу барысында машинаның оқушының жауаптарына тұрақты және тікелей реакциясы арқылы қамтамасыз етіледі. Оқушылардың өздері жұмыс қарқынын анықтайтындықтан, компьютерлік оқыту жеке оқыту принциптеріне сәйкес келеді. Оқушылар компьютердің шыдамдылығын сезінбестен кез-келген қателіктерге жол бере алады және уақытты тек түзетуге, өз қателіктерін талдауға жұмсайды және мұғалімнің таныс материалды тағы қалай түсіндіретінін тыңдамауы мүмкін [2, 23 б.].

Әр мұғалім шет тілін меңгерудегі тәжірибенің маңыздылығын түсінеді. Оқу процесінде сөйлемді бір рет айту жеткіліксіз, оны бірнеше рет қайталау керек; сонымен бірге оның тілдік дизайнын мазмұнды неғұрлым нақты анықтау үшін өзгерткен жөн.

Мұнда компьютер де көмектесе алады: мәліметтер базасын қамтитын бағдарламалар тек жеке компоненттерді немесе контексті өзгерте отырып, ұқсас дизайнды қайталауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандай, компьютер әртүрлі тілдік топтар арасындағы интерактивті қарым-қатынастың тамаша құралы болып табылады, бұл әсіресе компьютерлік желіні қолдану кезінде айқын көрінеді. Бұл бір оқу орнында бірнеше машинаны біріктіретін жергілікті желі немесе бүкіл әлем бойынша миллиондаған нөлдік пайдаланушыларды біріктіретін ғаламдық Интернет желісі болуы мүмкін. Желі компьютерлерге мәтіннен суреттерге, дыбысқа және бейнеге дейін әртүрлі ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Арнайы КОБ (компьютерлік оқыту бағдарламалары) оқытудың нақты тар мақсаттарын жүзеге асыруға арналған және күшті дағдыларды қалыптастыру үшін негізінен көлемі аз оқу материалын игеру үшін қолданылады.

Мамандандырылған компьютерлік оқу бағдарламаларының негізгі түрлері, оларды бөлу критерийі оқу іс-әрекетінің түрі (оқыту, оқыту, бақылау) болып табылады:

- оқыту;
- жаттығу;
- бақылаушы;
- аралас [2, 24 б.].

Интернеттің үлкен ақпараттық мүмкіндіктері және әсерлі қызметтері бар. Таңқаларлық емес, шет тілі мұғалімдері Интернеттің ғаламдық әлеуетін жоғары бағалады.

Алдымен «шет тілі» пәнінің ерекшеліктерін еске түсірейік. Негізгі мақсат-мәдениетаралық өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыруды көздейтін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Қазіргі уақытта дәл осы мақсат студенттердің ең көп сұранысына ие [2, 24 б.].

«Шет тілі» пәнінің тағы бір ерекшелігін есте ұстаған жөн. Сөйлеу әрекетін тек қарым-қатынаста, тірі қарым-қатынаста үйретуге болады. [3, 39 б.].

Интернет түпнұсқа мәтіндерді қолдана отырып, шет тілін үйренуге, ана тілдерімен сөйлесуге бірегей мүмкіндіктер жасайды, яғни, ол табиғи тілдік органы жасайды.

Келесі сабаққа дайындалу кезінде мұғалім таңдалған оқу құралдарының әрқайсысының дидактикалық қасиеттері мен функцияларын есте ұстауы керек, қандай әдістемелік мәселені шешу үшін қандай да бір оқу құралы тиімді болатындығын нақты түсінуі керек.

Егер біздің талқылау тақырыбымыз – Интернетті ескеретін болсақ, оның мүмкіндіктері мен ресурстарын қандай мақсатта пайдаланатынымызды анықтау маңызды. Мысалы:

- желі материалдарын сабақтың мазмұнына қосу үшін; жобамен жұмыс шеңберінде оқушылардың ақпаратын өз бетінше іздеу үшін;
- білімдегі олқылықтарды жою үшін.

Компьютерлік оқыту құралдарының дидактикалық тиімділігін анықтаудың негізгі параметрлері:

- білім алушының уақыт шығындарының көрсеткіші;
- дұрыс орындалған тапсырмалар санының нәтижелер тұрақтылығының көрсеткішімен жиынтықтағы тапсырмалардың жалпы санына қатынасы ретінде есептелетін оқу мақсаттарына қол жеткізу сапасының коэффициенті;
- білім алушылар санының оқу уақытына қатынасымен анықталатын педагогикалық еңбектің өнімділігі;
- дидактикалық процестің тиімділігі Оқу уақытының студенттер санына қатынасы ретінде.

Шет тілдерін оқытудағы компьютерлік құралдардың лингводидактикалық әлеуеті келесі кешенді көрсеткіштермен анықталады:

- жұмыс режимдері мен ұйымдастыру формаларын өзгерту мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесінде компьютерлік құралдардың функциялары

- оқу процесінің;
- компьютерлік құралдарды қолдану саласы, оларды шешуге болатын оқу міндеттерімен және олар бағытталған пайдаланушылар тобымен анықталады;
- олардың мақсаты тұрғысынан осы құралдардың дидактикалық тиімділігі [3, 40 б.].

Оқытылатын тіл елінде болмай-ақ, ағылшын тілінде коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру өте қиын мәселе. Сондықтан мұғалімнің маңызды міндеті – әр түрлі жұмыс әдістерін қолдана отырып, шет тілі сабағында нақты және қиялды қарым-қатынас жағдайларын құру.

Мектеп оқушыларын халықтың – ана тілінің мәдени құндылықтарымен таныстыру маңызды болып саналады. Осы мақсатта түпнұсқалық материалдар, соның ішінде бейнефильмдер үлкен маңызға ие.

Оларды қолдану коммуникативті техниканың маңызды талабын жүзеге асыруға ықпал етеді – тілді меңгеру процесін тірі шет тілі мәдениетін түсіну ретінде ұсыну; оқушылардың оқу және сөйлеу әрекетін даралау және дамыту.

Бейнефильмнің тағы бір артықшылығы-оның студенттерге эмоционалды әсері. Сондықтан назар оқушылардың көрген нәрселеріне жеке көзқарасын қалыптастыруға бағытталуы керек. Бейнефильмді қолдану сонымен қатар оқушылардың психикалық белсенділігінің әртүрлі аспектілерін, ең алдымен назар мен есте сақтауды дамытуға көмектеседі. Сыныпта қарау кезінде бірлескен танымдық белсенділік атмосферасы пайда болады, мұндай жағдайда тіпті ұқыпсыз оқушы да мұқият болады. Фильмнің мазмұнын түсіну үшін студенттер белгілі бір күш салуы керек. Осылайша, еріксіз көңіл бөлінеді, оның қарқындылығы есте сақтау процесіне әсер етеді. Ақпаратты қабылдаудың әртүрлі арналарын пайдалану (есту, көру, моторды қабылдау). Елтану және тілдік материалдарды түсіру беріктігіне оң әсер етеді.

Осылайша, оқу бейнефильмдерінің студенттерге әсер етуінің психологиялық ерекшеліктері оқу процесінің қарқындылығына ықпал етеді және оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Тәжірибе көрсеткендей, бейне сабақтар оқытудың тиімді түрі болып табылады [4, 2 б.].

Шет тілін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың тиімділігі оның оқу жүйесіндегі орнын дәл анықтауға ғана емес, сонымен қатар сабақтың құрылымы қаншалықты ұтымды ұйымдастырылғанына, оқу мүмкіндіктері оқу міндеттерімен қалай келісілгеніне байланысты.

Білімге заманауи гуманистік көзқарас оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни мектепте алған білімдерін нақты өмірде қолдана білуін дамытуды көздейді. Сондықтан мектепте оқу шындыққа барынша жақын контексте жүруі керек, осылайша студенттер шет тілін өз бетінше үйренеді. Мектепте оқу процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың одан әрі әлеуметтенуіне көмектеседі, өйткені біз осы технологиялар әлемінде өмір сүріп, жұмыс істейміз және оқимыз.

Ақпараттық технологияларды екі түрге бөлуге болады:

1 Дәстүрлі ақпараттық технологиялар (кітаптар мен басқа да баспа өнімдерін пайдалануға негізделген);

2 Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар (компьютерді пайдалануға негізделген).

Ақпараттық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді: бала оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналатын түсіндірмелі-иллюстрациялық оқыту тәсілінен іс-әрекетке көшу. Бұл студенттердің білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді; оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру; сабақты жоғары эстетикалық және эмоционалды деңгейде өткізу; оқытудың саралануының жоғары дәрежесін қамтамасыз ету; сабақта орындалатын жұмыс көлемін арттыру; білімді бақылауды жетілдіру; оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, сабақтың тиімділігін арттыру; зерттеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру; әртүрлі анықтамалық жүйелерге, электрондық кітапханаларға, басқа да ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету [5].

Компьютер оқушылардың назарын белсендіреді, олардың мотивациясын күшейтеді, танымдық процестерді, ойлауды, зейінді дамытады, қиял мен қиялды дамытады. Бастауыш мектептегі сабақтарға оқу материалын дайындау мен ұсынудың ең сәтті түрлерінің бірі Мультимедиялық презентациялар құру деп атауға болады. Мультимедиялық презентациялар-бұл компьютерлік бағдарламалар арқылы ақпаратты ұсынудың ыңғайлы және тиімді әдісі. Ол динамиканы, дыбысты және Суретті біріктіреді, яғни

баланың назарын ұзақ уақыт сақтайтын факторлар. Қабылдаудың екі маңызды органына бір уақытта әсер ету (есту және көру) әлдеқайда үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді [6]. Мультимедияның әдістемелік күші-бұл дыбыстық және визуалды бейнелердің келісілген ағынын қабылдаған кезде оқушыны қызықтыру және тәрбиелеу оңайырақ, оған тек ақпараттық ғана емес, сонымен бірге эмоционалды әсер де әсер етеді. Сонымен қатар, презентация мұғалімге оқу материалын белгілі бір сыныптың, тақырыптың, пәннің ерекшеліктеріне сүйене отырып өз бетінше құрастыруға мүмкіндік береді, бұл сізге максималды оқу әсеріне жету үшін сабақ құруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды қолдану оқу процесінің сапасын жақсартуға және арттыруға, жұмыс түрлерін әртараптандыруға және сабақты студенттер үшін қызықты және есте қаларлық етуге мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар мен әдістердің арсеналын байытуға ықпал етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Вайндорф-Сысоева М.Е. Виртуалды Білім беру ортасындағы Педагогика: Хрестоматия. М.: МГОУ, 2006. – 167 б.

2 Гусев Д. А. Қашықтықтан оқытудың пайдасы туралы ескертпелер . <http://e-college.ru/elearning/analytics/a0004/>

3 Зайченко Т. П. Қашықтықтан оқыту негіздері: теориялық-практикалық базис: оқу құралы. - СПб.: РМПУ баспасы. А. И. Герцен, 2004. - 167 б.

4 Колкер Я. М. Шет тілін оқытудың практикалық әдістемесі: оқу құралы / Я.М. Колкер, Е. С. Устинова, Т. М. Еналиева. –М.: Академия, 2000. -260 с. 2.Мильруд, Р.

5 Ағылшын тілін оқыту әдістемесі: оқу. Оқу Құралы / Р. П. Мильруд. –М.: Дуадақ, 2005. -255 Б.

6 Козлова д.а. қашықтықтан оқыту үздіксіз білім беруді жүзеге асырудағы инновациялық тәсіл ретінде / Д. А. Козлова // А. П. Чехов атындағы Таганрог институтының хабаршысы. – Таганрог, 2013. – № 1. – С. 36-40.

## ЖОҒАЛУ ҚАУПІ ТӨНГЕН ТІЛДЕРДІ САҚТАП ҚАЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚОЛДАНЫЛЫП ЖАТЫР?

ИЛЬЯСОВА Ж. А.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі күнде жер бетінде 7000-нан астам тіл тіркелген. Зерттеулер бойынша әр 14 күн сайын бір тіл жойылады, оның себебі сол тілдердегі соңғы сөйлеушілерінің дүниеден өтуі. Сарапшылар ХХІ ғасырдың соңына қарай қазіргі тілдердің жартысы жойылады деген болжам жасауда. Жетекші тіл мамандары бұл мәселенің күрделенуіне байланысты мынандай тұжырым айтады: «Қолданыстағы тілдердің тек 5 пайызы ғана жақсы құжатталып сақталған, ал қалған 95 пайызында мұндай іс атқарылмаған» [1].

Жоғалып бара жатқан тілдер дегеніміз – (орыс. исчезающий язык, ағылш. moribund language) – бұл да өлмелі тіл, тірі және өлі тілдер арасындағы тіл. Жоғалып бара жатқан тіл – бұл сөйлеушілері балаларына оны үйретпейтін тіл. Жоғалып бара жатқан тілдер әдетте бір-екі ұрпақтан соң жоғалады. М. Краустың пікірінше (1992) жүз жылдан соң тілдердің 90 % жер бетінен не мүлдем жоғалады, не жоғалу сатысында тұрады. Тілдер адамзат тарихи барысында жоғалып отырған (шумер, аккад, ескі славян т.б. өлі тілдер); 1490 жыл мен 1990 жылдар аралығында тілдердің жоғалу жалғасуда (двирбол, айн, убых, аллотор, арчин, керек т.б.). Тілдердің жоғалуы қазіргі кезде өте қарқынды жүруде, бұған ғаламдастыру, индустрияландыру, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жерде кең тарауы біршама мәртебелі тілге ауысу т.б. себеп болуда. Лингвистердің маңызды міндеттеріне Жоғалып бара жатқан тілдерді құжатты түрде тіркеу, олардың грамматикасын, фонетикасын, сөздік қорын сипаттау болып табылады [2, 60 б.].

Тілдің өміршеңдігі әлеуметтің тілтанымдағы аса маңызды ұғымдардың бірі болып табылады. Өміршеңдік тіл мен адам, тіл мен қоғам, тіл мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты көрсететін құбылыс, кез-келген тілдің өміршеңдігі осы қарым-қатынасқа тәуелді. Тілдің өміршеңдігі дегеніміз – тілдің өмір сүруге, дамуға деген құштарлығы. Жалпы тілдердің өміршеңдігі 5 өлшем бойынша қаралады. Тілдердің өміршеңдігі төменде көрсетілген объективті және субъективті көрсеткіштер жиынтығымен өлшенеді:

1 Әлеуметтік – саяси көрсеткіш, тілді мәртебелік жоспарлау мен кешенді жоспарлаудағы мақсаты айқындалған тіл саясатының жүргізілуі, тіл дамыту мен оған қамқорлық жасаудың мемлекеттік бағдарламасының болуы, тілдің толықтай қызмет ететін әлеуметтік тұрғыдағы инфрақұрылымдарының дамуы, (яғни, білім беру, баспа сөз, кітап баспасы, телерадио бағдарламаларының қызметі және т.б.)

2 Әлеуметтік – демографиялық көрсеткіш, демек мемлекет шегінде өзге тілдік ұғымдарға қарағанда сол тілдерде сөйлеушілердің саны, этникалық топтың саны және оның ішіндегі сөйлеушілердің, жастар арасындағы, ол тілдегі монолингвистер мен билингвистер саны, сол тілдегі костілді білетіндер дәрежесі және т.б. дегенді білдіреді.

3 Таза лингвистикалық көрсеткіштер, әдеби тілдің болуы, тілдік норманың жасалуы мен тұрақтылығы, тілдік инновациялардың таралу жылдамдығы мен шетелдік әсер етушілікке табандылығы, салалық терминдерің болуы және сөздік қордың даму динамикасы және т.б.

4 Әлеуметтік – қызметтік көрсеткіштер – тілдің әлеуметтік қызметінің қоғамдағы маңызды өмір салаларында оның ішінде алдымен ағарту саласында (тілдік құзыреттіліктің негізгі саласында қалыптасуы), ғылымда (гуманитарлық пен жаратылыс – техникалық), бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, әкімшілік қызметте және іс – қағаздарын жүргізуде, сот ісін жүргізуде өнеркәсіп органдары мен өндірістің өзге де салаларында қолдануымен өлшенеді.

5 Ұлттық-мәдени көрсеткіштер, ұлттық өнерде, театр, кино, дін мен әдебиет түрлерінің (көркем әдебиет, лексикография, діни-сезім іскерлік, оқулық пен терминологиялық және т.б.), әдет-ғұрыптық дәстүрдің барлығы [3, 5–7 б.].

Көптеген сирек кездесетін тілдер біртіндеп жоғалады, яғни бұл тілдерде қарым-қатынас жасап ешкім араласпайды деген сөз. Бұның бірнеше себептері бар, мысалы басқа тілдермен алмасуы немесе ол тілдерде сөйлеуші адамдардың қайтыс болуымен байланысты болады.

Жаһандану дәуірінде аз ғана адам сөйлейтін тілді сақтаудың қажеті бар ма? Қарым-қатынас жасау үшін бәріне бірдей тілде сөйлеу жақсы болмас па еді? деген сұрақтар пайда болады. 1490–1990 жылдар аралығында әлем тілдерінің жартысына жуығы жоғалып кетті. Егер де тіл мен диалектілерді ажырату мәселесін қарастырсақ, онда әлемде бұрын-соңды айтылған тілдердің ең көп саны 10000–15000 жуық болады. Барлық тілдерді сақтау, тіпті сирек кездесетін тілдерді де сақтау адамзат мәдениетінің

өртүрлігін сақтау тұрғысынан да, ғылыми жағынан да өте маңызды. Көптеген жойылып бара жатқан тілдерді лингвисттер әлі де нашар сипаттайды, және олар салыстырмалы-тарихи тіл білімі, этнография, этнологияда үлкен қызығушылық тудырады.

Өз тілінің жоғалуымен бірге ұлттар өз мәдениетінің маңызды көрінісінен айырылады. Олар жануарлардың, өсімдіктердің, елді мекендер мен діни ұғымдардың аттарын жоғалтады. Олар өз тарихының тамырын жоғалтады. Тілдің жойылуы оларды өзін-өзі тану мүмкіндігінен айырады, сонымен қатар өскелең ұрпаққа да зиянын тигізеді.

ЮНЕСКО – БҰҰ, Ғылым және Мәдениет жөніндегі ұйымы. ЮНЕСКО негізгі мақсаты – бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым мен мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, заңдардың орындалуын, адамдар құқығы мен барлық елдің түр-түсіне, жынысына, тілі мен діндеріне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту. БҰҰ білім, ғылым мен мәдениет жөніндегі ұйымы (яғни, ЮНЕСКО) 21 ғ. соңына қарай жер бетіндегі ұлт тілдерінің 50 пайызы жойылып кетеді деген болжам жасаған болатын. Олардың көпшілігі бұрынғы КСРО құрамындағы елдердің тілі деген ой айтылды.

ЮНЕСКО 2010 жылы жоғалу қаупі төнген тілдердің атласын жасады. Бұл атласқа 2500 тіл мен диалект енді. Еуропаның өзінде жоғалу қаупі төніп тұрған 212 тіл бар екен. Және оның 13-і жақын арада мүлдем жоғалады деген пікір болды.

Кесте 1 – ЮНЕСКО ұсынған жоғалу қаупі төнген тілдер атласы үшін жасалған қауіптілік классификациясы [4].

Мәртебесі	Анықтамасы	Тілдер
Қауіпсіз	Бұл тілдер барлық ұрпақтарының пайдаланысында, олардың арасында тілдің ұрпақтан-ұрпаққа таралуы бұзылмаған	Ағылшын, араб, испан, неміс, қазақ, орыс, француз, украин, хинди, итальян, түрік тілдері
Осалдау	Қолданысы шектеулі болуы мүмкін	Адыгей, башқұр, анал, белорусс, идиш, неополитан мен чуваш тілдері
Жоғалу қаупі бар	Балалар оны ана тілі ретінде үйренбейді	Валлон, абазин, невар, цыган және карель

Жоғалу қаупі жоғары	Ересек ұрпақтар қолданады, балалармен, бір-бірімен араласқанда қолданылмайды	Ижор, арнаут, коряк, чукот пен нанай тілі
Жойылу қарсаңында	Сөйлеушілері қарт адамдар, ішінара және сирек қолданылады	Водский, дахлик, парджи, корн, гавай, эвен және лив
Жоғалған тілдер	Тірі сөйлеушілері жоқ	Саамск, арман, далматин, сойот пен гот тілдері

«Тілдердің жойылып кетпеуі үшін ЮНЕСКО не істеп жатыр?» деген сұраққа жауапты ЮНЕСКО-ның ресми сайтында іздеген болатынмын. Сонымен, ЮНЕСКО жойылу қаупі төнген тілдерді сақтап қалу үшін бірнеше бағыттарда жұмыс атқарып жатыр екен:

- Білім беру саласында ЮНЕСКО көптілділікті дамыту және ана тілінде білім алу саясатына қолдау көрсетеді; жергілікті халыққа білім беру компонентін қолдаумен қатар білім беру саласында тілдерді сақтау маңыздылығы жайлы хабардар болу деңгейін арттыруда.
- Мәдениет саласында ЮНЕСКО жойылып бара жатқан байырғы тілдер жайлы мәліметтерды жинап, стандартты құралдар мен әдістерді дамытып, тілдік қауымдастықтардың мәртебесін арттыруға көмектеседі.
- Байланыс және ақпарат саласында ЮНЕСКО жергілікті тілдерді бұқаралық ақпарат құралдарында қолдануды қолдайды және киберкеңістікте көптілділіктің дамуына ықпал етеді.
- Ғылым саласында ЮНЕСКО жергілікті байырғы халықтың дәстүрлі білімін беруде жергілікті тілдердің рөлін нығайту бағдарламаларына қатысады [5].

Бүкіл әлемде байырғы тілдік қауымдастықтардың ата-бабаларының қарым-қатынас жасаған тілдеріне жойылып кету қаупі төніп тұр. Бұл дағдарысты жергілікті деңгейде және мемлекеттік деңгейде шешу үшін тілдерді құжаттау мен жандандыруға тырысты. Бұл тілдердің қайта жандануы жайлы айту ерте болғанымен, осы бағытта іс-шаралар күшейе түсуде.

Қазіргі кезде тілдердің жағдайы мен болашағына байланысты жасалып жатқан шаралар молшылық. Соңғы жылдары қостілдікке деген көзқарастың өзгеріп жатқанын байқауға болады, оны қолдау тенденциясының дамуы байқалады. Осындай көзқарастардың ең маңыздыларының бірі жергілікті американдық қауымдастарға қатысты өзгерістер болды. Егер бұрын адамдар өз тілдерінен ұялса, қазір олар тілдерін мақтан етеді. Жастар тілдерді жандардыруға

кызығушылық танытады, көптеген тілдік бағдарламалар пайда болып жатыр. Институционалдық деңгейде байырғы тілдерде білім беруді дамыту бойынша белсенді түрде жұмыстар атқарылуда. Дүниежүзінің көптеген аймақтарында тілдерді сақтау туралы жобалар қолдау алуда. 2012 жылдың 21 маусымында жойылып бара жатқан тілдерді құтқару жобасы туралы Google inc компаниясы сөз қозғады [6]. Бұл жобаның мәні – жоғалу қаупі төніп тұрған тілдер жайлы ақпараттар болатын орталықтандырылған сайт құру болып табылады. Осы сайттың базасында 2012 жылдың 21 маусымында барлығы 3054 тіл туралы деректер болды. Бұл тілдердің географиялық орналасуын арнайы интерактивті картадан көруге болады. Осы жобада Ресейде сирек кездесетін тілдер де бар. Олардың ішінде бірнеше саам диалектілері, вод және т.б кіргізілген. Жоба болашақ ұрпақ үшін жойылып бара жатқан тілдер туралы деректерді сақтап қана қоймай, кейбір тілдерді жойылу қаупінен құтқаруы мүмкін [7].

Әр тіл қымбат болып табылады. Тілдің арқасында адамдар жеке топтар құрады. Тілдің көмегімен адамдардың сыртқы әлеммен қарым-қатынасы орнатылып, нығайатын орта пайда болады. Тілді жоғалтқанда біз әлемге деген белгілі бір көзқарасымызды, білім қоймасына деген қолжетімділікті жоғалтамыз. Сондықтан жоғалу қаупі бар тілдердің өмірін үзбеу үшін бар шараларды қолданып, жаңа бағдарламалар құру қажет. Себебі тіл жоғалса, ұлтта жоғалады.

Қадыр Мырза Али атамыз айтпақшы: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» яғни, әр адам өзінің ана тілін білу қажет, өз ана тілінде сөйлеуге ұмтылуы керек, себебі тілін жоғалтқан ұлтты жою оңай екенін ұмытпауымыз қажет. Тіл әр адамның өміріндегі басты құндылықтардың бірі болып табылады. Әлемде басым деген, жарқын болашаққа жол ашатын тілдер баршылық, соларды үйрену барысында, сол тілдердің еліне көшуде өз ана тілдерін ұмытпау керек. Өскелең ұрпаққа ана тілінің маңызын дәріптеп тәрбие беріп, патриотизмді дамыту керек. Еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың болашағы тілмен тікелей байланысты. Дамыған елдер қатарында болу үшін, ең алдымен ана тілімізді құрметтеу керекпіз. Әр адам үшін – ана тілі қадірлі болуы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нематериальное наследие. Вестник. Специальный выпуск: Языки под угрозой исчезновения. Сентябрь – 2006. – 1с

2 Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016.-168 б.

3 Сулейманова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов. Изд.2., дополн. И перераб. Отв.ред. Сулейманова Э.Д. Алматы: Қазақ университеті, 2007.

4 Мозли Кристофер, изд. 2010, Атлас языков мира под угрозой исчезновения, Париж, Издательство ЮНЕСКО. Эл.версия: <http://www.unesco.org/culture/languages-atlas/en/atlasmap.html>

5 ЮНЕСКО-ның ресми парақшасы: <http://www.unesco.org/new/ru/culture/themes/endangered-languages/faq-on-endangered-languages/>

6 Clara Rivera Rodriguez and Jason Rissman The Endangered Languages Project: Supporting language preservation through technology and collaboration // Google Official Blog, June 20, 2012 \

7 Антон Белогородцев Языковой заповедник от Google // Позитайм.ру, 21.06.2012

#### METHODS OF ENGLISH VOCABULARY TEACHING IN THE FORM OF GAMES

KABZHAPAROVA G. U.  
student, group 21, Pavlodar

NBAIGOZHINA ZH. M.  
candidate of pedagogical sciences, professor,  
Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar

English is the language of international communication. Vocabulary plays an important role in teaching a foreign language, it is impossible to develop communicative competence without knowledge of lexical material. Possession of a lexical skill is the foundation of speaking, and it brings its culture with it, and at the same time, it is the key to further self-education and self-improvement. Work on the formation of lexical skills takes place throughout the entire process of learning a language. At almost every lesson, the teacher introduces new words to the student's vocabulary and organizes the work on their assimilation. Game-based learning is a teaching method, which allows making the learning process more exciting, interesting, it activates the mental activity of students. The game is effective in motivating to learn the English language. Games give children and adults the joy of creativity, without creativity, life



becomes ordinary and boring. A person, who is passionate, about what he does can be called creative or a creator of new ideas. In this way, lexical games develop memory, logical thinking, language, and basic English skills. For example, role-playing games in English lessons can be used at different stages of learning.

Table 1 – Types and properties of role-playing games

Type of role-playing game	Properties of the role-playing game
Controlled role - play	Participants receive the necessary replicas
Semi-controlled role-play	Students receive a general description of the plot and descriptions of their roles
Free role - play	Students get the opportunity to communicate
Small-scale role-play	A separate episode is played
Large-scale role-play	A series of episodes is played out over a long period of time

Plot-role-playing and intellectual, for example, require a high knowledge of vocabulary, as they assume spontaneous statements of the players. Games can be presented in the form of game elements, situations, exercises, and be directed to other goals.

The peculiarity of English vocabulary is the difference between pronunciation and writing. Game methods are one of the most effective methods of teaching a foreign language since their psychological and pedagogical basis is game activity, which makes a great contribution to the mental development of the individual. Depending on the pedagogical goals, methods of organization, and level of language proficiency, there are several groups of games.




Figure 1 – Performance Games

Game methods vary depending on the number of participants, the time of the event, and so on. At the present stage of learning, there is a huge variety of lexical games. The desire to win the game, as well as to solve the questions that arise, sharpens the mental activity of the players. It is also a positive fact that the student speaks an English language. From this it follows that the game method is fraught with rich learning opportunities. Therefore, use of lexical games in the classroom contributes to the active assimilation of vocabulary. There are very few endings in English – these are -s (-es), -ed, and -ing. There are a lot of suffixes in English:

Create, creator, creation, creative, creatively.  
 Liberty, liberties, liberation, liberate, libertine.  
 Identity, identify, identical, identification, identifier.  
 Final, finalize, finally, finale, finalist.  
 Critic, critical, critically, criticize, criticality.

Suffixes in English-hood and-ship mean the state of a person associated with his age, social relations, sometimes activities; or a group of people united by this state.

Childhood – childhood  
 motherhood – motherhood

priesthood – clergy  
 friendship-friendship  
 internship-internship, internship

Lexical word guessing game, the purpose of which is to learn the subjects.

Lexical games accentuate the student's attention exclusively on the vocabulary, and help them acquire and expand their vocabulary, practice the use of words in different situations, as well as activate the student's speech-thinking activity and develop their speech reaction. For example, at the beginning of the game, the teacher leads a story in which he gradually uses new words, the meaning of which the students can guess from the context. They try to explain the new word by giving it the definition is either by using a synonym or an antonym. This creates healthy competition and a friendly atmosphere.

The game «Guess the word».

The course of the game: the teacher appoints a leader who thinks of a word (the name of a subject) that is familiar to the students. Students take turns asking questions to the host:

What is it? Is it a pencil?

What is it? Is it Gary's desk?

What is it? Is it Tom's bag?

What is it? Is it a blackboard?

The one who guessed the intended word takes the place.

In the classroom, can turn to lexical riddles, when the teacher describes a word without naming it, and the students guess, remember the expressions in which it is used, and use it in a sentence or situation. Certainly, didactic games – an effective means of consolidating grammatical, lexical skills, as due to the dialectic, emotionality of the conduct, and the interest of students, they make it possible to repeatedly repeat and consolidate the previously learned rules. In the form of a game, the knowledge of vocabulary and grammar is tested, the colorful design helps to better assimilate the topics covered and enjoy learning English. Each student can show their creativity, show their skills and abilities because even the smallest success in immersion in a foreign language is a huge step and a good opportunity to learn it further.

Song 1 Green Jeans

He's wearing green jeans and a bright green shirt.

She's wearing a long green jacket and a short green skirt.

He's got a chocolate for the teacher in a little green box.

He's wearing big green sneakers with his big green socks.

She's wearing little green gloves and a big green hat.

She's got a green ribbon on her green cat.

They're eating green popcorn. Hooray! Today's St. Patrick's Day!

The methodology of teaching a foreign language in primary school is based on four types of work: play, movement, music, and visualization. These types of work help to maintain interest in learning the language, contribute to improving the quality of learning. Thus, it can be argued that the constant use of game elements in English lessons will save a lot of time and effort for teachers and students, and raise the level of foreign language learning in school in general. It is no coincidence that games in the modern methodology come to one of the dominant roles, this topic is actively being developed and is fraught with many more approaches and innovations. I quite agree with a proverb: «A new language is a new world».

## ШЕТ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

КАСЫМОВА Ж. М.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ДУНЕНКУЛОВА Р. Г.

аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Білім берудің қазіргі заманғы жүйесінде ақпаратты жеткізудің ең тиімді тәсілі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар қолданылады. Ойын технологиясы - бұл оқушылардың монотонды қызметін әлдеқайда қызықты етуге мүмкіндік беретін оқытудың бірегей түрлерінің бірі. Ағылшын педагогы және философ Джон Локк: « – Ең үлкен өнер балалар үшін олар істеу немесе үйрену керек барлық нәрселерді ойынға айналдыра білу», – деген пікір қалдырды[1]. Үйреніп жатқан тілді жетік меңгеру онай жұмыстардың қатарына жатпайды. Демек, ұстаздың басты міндеттерінің бірі тілді үйренуге қолайлы жағдай туғызу. Ал бұған шет тілі сабағында әртүрлі ойындарды қолдану айтарлықтай септігін тигізе алады. Шет тілін оқыту әдістемесінің әлі де дамып келе жатуы және ағылшын тілі сабағында ойын технологиясын тиімді қолдану жолдарының зерттеуді қажет етуі осы тақырып бойынша зерттеу жүргізуге себепші болды. Басты мақсат – ойын технологиясын шет тілі сабақтарында қолдану арқылы оның тиімді мен тиімсіз жақтарын анықтау және нәтижелі ойындарды іріктеу.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Ойындарды сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Шет тілі сабағында қолданылатын ойын түрлерінің артықшылықтарын анықтау барысында біз оларды қолданылу уақытына байланысты бірнеше санатқа бөліп зерттедік:

1 Өткен тақырыпты қайталауға арналған әмбебап ойындар;

2 Жаңа ақпаратты есте сақтау, бекіту, бақылау сатыларында қолданылатын ойындар;

3 Сабақтың қорытынды бөлімінде қолданылатын ойындар.

Сабақтағы ойынның орны, оған бөлінетін уақыт мөлшері оқушылардың білім деңгейімен, оқу материалының жеңіл не қиындығымен, сабақтың мақсаты және мүмкіндігімен байланысты болуы керек. Мысалы, егер ойын жаңа материалды бекіту кезеңінде жүргізілсе, онда ойынға уақыт көбірек бөлінеді, ал кейінірек сол ойын өткен материалды қайталау мақсатында ұйымдастырылса 3-5 минут жеткілікті болады. Үй жұмысын уақылы тексеріп отыру оқушылардың тілді үйренуге қызығушылықтары мен жауапкершіліктерін арттыратын кілтпандардың бірі. Шет тілін оқытуда оқушылардың белсендігін арттырып, ұяндық қасиеттерін жою үшін үй жұмысын ойын арқылы тексеруге болады.

Шет тілі сабағында үй жұмысын тексеру үшін «Commands», «Let's find the synonyms», «Game with a ball», «Word game», «Know nothing», «What's in the bag?», «Scattered letters», «The missing letter», «Numbers», «Riders», «Balloon» және тағы да басқа көптеген ойындарды қолдануға болады. Мысалы, «our house» тақырыбы бойынша меңгерген лексиканы тексеру. Ойынның барысы:

Сынып екі немесе үш топқа бөлінеді. Әр топқа ватман және желім беріледі. Мұғалім алдың ала үйдің бөліктері бар суреттерді шығарып әкеледі. Топтар бірінші болып әр үй бөлігінен толықтай үйдің сұлбасын аяқауға тырысады. Ал үй бөліктері бар суреттерді алу үшін мұғалімге сол сөзді шет тілінде айту қажет. Дұрыс айтса мұғалім суретті береді, ал қате айтса мұғалім оларға кезгегі келгенде қайтадан сұрауға мүмкіндік береді. Осылайша қай топтағы оқушылар тақырыпты қаншалықты меңгергенін жылдам әрі қызықты тексеруге болады. Бұл ойынның тиімділігі - оқушылар әділ түрде әркімнің тақырыпты меңгеру дәрежесін көре алады және ұпай үшін тартыс болмайды. Ойынның тәрбиелік мәніне назар аударсақ, ол оқушыларды бірлікке және сыйластыққа тәрбиелейді.

Жаңа ақпаратты есте сақтау, бекіту, бақылау сатыларында қолданылатын ойындарға келетін болсақ олардың да сабақтың

тақырыбына байланысты түрлері көп. Г. В. Плехановтың пайымдауынша « – Ойын еңбекке еліктеуден пайда болған еңбектің нәтижесі. Ойын – балалардың еңбегі. Сондай-ақ еңбек оның мазмұнын анықтайды», – деген тұжырым жасайды. Бұл ғалымның ой-пікіріне назар аударсақ, жаңа ақпаратты есте сақтап бекіту де оқушылардың еңбегі болып саналады.[2]. Бұл үрдісті нәтижелі ету үшін сабақтың ортаңғы бөлігінде де ойын технологиясын қолдануға болады. Бұнда «Masons», «Mess», «Golden gate», «Golden key», «Exercise», «Lie detector», «Two balls», «Caterpillar», «Swirl», «Paper airplanes» және тағы да басқа осындай көптеген ойын түрлерін қолдануға болады. Ойынның барысын оқып оны қай тақырыпта қолдану тиімдірек болатынын анықтауға болады.

Сабақтағы орындалып жатқан жаттығулардың қаншалықты тиімді болып жатқанын бақылау үшін «Exercise» ойының да сабаққа қосуға болады. Бұл жолы «Body parts және imperative mood» тақырыптарын мысал ретінде келтірейік. Ойынның барысы: оқушылар партаның шетіне шығып тұрады. Мұғалім мысалы: «Touch your shoulders!» деп бұйрық береді. Ойыншылар қолдарын иығына қойып, содан кейін оларды төмен түсіреді. Содан соң мұғалім келесі бұйрықты айтады, мысалы: «Touch your shoulders and neck!». Содан кейін балалар өз қолдарын иығына қойып, өз мойындарын ұстайды. Содан кейін, мұғалім келесі бұйрықты береді, мысалы: «Touch your shoulders, neck and waist!». Қатысушылар ойынның өткізу тәртібін түсінгенін байқағанда мұғалім дұрыс орындамаған оқушыны шығарып ойнауды бастайды. Ол үшін, мұғалім «қар үйіндісі» принципі бойынша бұйрық беру қарқынын бірте-бірте тездетеді, мысалы: «Touch your shoulders, neck, waist and head!». Бұл жағдайда, қолдарын басына соңғы болып тигізген бала ойыннан шығады. Ойын бір жеңімпаз қалғанға дейін жалғасады.


Сабақтың қорытынды кезеңінде мұғалім сол күнгі өткен тақырыпты жалпылап, кері байланыс жасайды. Қорытынды бөлімге аз уақыт берілгенімен, өткізілетін кері байланыстың маңызы өте зор. Себебі мұғалім оқушылардың қанша пайызы тақырыпты толығымен, қаншасы орташа түсінгенін, арасында тақырыпты ұғынуда аса қиындықтары бар оқушылар бар ма әлде жоқ па екенін анықтайды. Жоғарыда аталғандай қорытынды бөлімге уақыт тапшы болғандықтан, бұл кезеңде жеңіл әрі жылдам сабақты қорытындылайтын ойын ойнатуға болады. Бұндай ойындар тақырыпты жалпылап, арасында түсінбеген кедергілер болса, оларды анықтап түсініспеушіліктерді жоюға қолданылады. Осындай

ойындар қатарына «Duel», «Dribling», «Balloon», «Altogether», «ABC book», «Butterflies», «Arithmetic», «Abracadabra», «Cheerful place» және т.б. көптеген ойындар жатады. Мысалы, «Cheerful place» ойыны:

Ойынның мақсаты - оқушыларды өзін-өзі еркін ұстауға, батылдыققа және көшбасшылыққа жетелеу. Ойынның шарты: Тақтаға бір оқушыны шығарамыз. Оған үш түрлі суреттер беріледі. Оқушы сол суретті ым-ишарамен, іс-қимылмен жасырады. Сыныптағы оқушылар сол заттың (жануар, мамандық иесі, жеміс, т. б) атауын ағылшын тілінде табуы тиіс. Ескерту: дыбыс шығарып түсіндіруге болмайды. Сыныптағы оқушылардың ішінде кім көп сөз тапса, сол тақтаға шығып көрсетуші болады. Солай ойын жалғасын табады. Бұл өте жеңіл, қызықты, көп дайындықты талап етпейтін, қорытынды кезеңде қолдануға өте тиімді ойындардың бірі. Ойын арқылы оқушылар өз білімдерін өздері бағалай алады [3].

Қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша ұстаз әрбір оқушының бойында бар дарындылықты ескеріп, сабақты сол арқылы нәтижелі өткізуіне болады. Мысал ретінде егер де сабақта ән салуға дарындылығы бар оқушылар болса, мұғалім «I am a singer» ойынын қолданып, оқушылардың ән салу қабілетін тіл үйренуде пайдалануына болады. Ойынның мақсаты: оқушылардың есте сақтау, оқылым және тыңдалым қабілеттерін дамыту. Ойынның барысы: мұғалім бір өлеңнің сөздерін алдын ала басып шығарып, өлеңнің әр жолын қияды. Қиылған жолдарды араластырып әр оқушыға бір-бірден таратып береді. Содан соң барлық оқушылар тақтаға шығып сыныптың бір жағына тұрады. Мұғалім өлеңді қосқан кезде оқушылар сөздерді мұқият тындап, айтылып жатқан өлең жолдарына байланысты орын орнымен сыныптың бір бөлігінен бастап тұрулары қажет. Қайырма немесе өлең шумақтарында жолдар қайталанса онда оқушылар қайта қозғалысқа түседі. Яғни соңғы естілген өлең жолы бар оқушы саптың басына барып орын ауыстырады.

Шет тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау үшін мен Павлодар қаласының №19 мектебінде 3 «а» және 3 «ә» сыныптарымен тәжірибе өткіздім. Төмендегі 1-суретте оқушылардың қалыптастырушы эксперимент өткенге дейінгі білім сапасы көрсетілген.



Сурет 1 – 3 «а» және 3 «ә» сыныптарының қалыптастырушы экспериментке дейінгі білім көрсеткіштері

Суретке назар аударсақ екі сыныпта да үй жұмысын орындаушылар саны орташа, сабақта белсенді қатысатын оқушылар 3 «А» сыныбында 3 «Ә» сыныбына қарағанда сәл жоғарырақ және тақырыпты меңгеру дәрежесі де 3 «Ә» сыныбында басымырақ. Жалпы оқу процесін анықтаушы эксперименттен өткізген соң біз 3 «Ә» сыныбымен шет тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың тиімділігін анықтау үшін қалыптастырушы эксперимент жүргіздік.

Кесте 1 – Бақылаудың жоспары және нәтижелері

№	Бақылаудың сұрағы	Мақсаты	Қорытынды
1	Өткен тақырыпты қайталауға арналған әмбебап ойындардың қызметі мен тиімділігін анықтау	Шет тілі сабағында өткен тақырыпты қайталауға арналған әмбебап ойындарды жинақтау, синтездеу, анализдеу	«Commands», «Let's find the synonyms», «Game with a ball», «Word game», «Know nothing», «What's in the bag?», «Scattered letters», «The missing letter», «Numbers», «Riders», «Balloon» ойындары үй жұмысын тексеруден бөлек өткен тақырыптарды еске түсіріп, жаңа сабақта пысықтап шығуға мүмкіндік беретінін және үй жұмысының орындалу сапасы мен тұрақтылығын арттырғанын байқадым.
2	Жаңа ақпаратты есте сақтау, бақылау сатыларында қолданылатын ойындардың тиімді және тиімсіз жақтарын зерттеу	Шет тілі сабағында жаңа ақпаратты есте сақтау, бекіту, бақылау сатыларында қолданылатын ойындарды тәжірибеде қолданып, тиімділерін анықтау	«Masons», «Mess», «Golden gate», «Golden key», «Exercise», «Lie detector», «Two balls», «Caterpillar», «Swirl», «Paper airplanes» ойындарының құрылымы жаңа ақпаратты меңгеруде ең нәтижелілерінің қатарына жататынын анықтадым. Бұл ойындардың шарты жаңа тақырыпты бекітіп қана қоймай, оқушылардың сөйлеу әрекетін дамытып, қызығушылықты арттыратынын байқадым.


3	Сабақтың қорытынды бөлімінде қолданылатын ойындардың маңыздылығын анықтау	Шет тілі сабағының қорытынды бөлімінде қолданылатын ойындардың тіл үйренудегі тигізетін пайдасын зерттеу	«Duel», «Dribling», «Balloon», «Altogether», «ABC book», «Butterflies», «Arithmetic», «Abracadabra», «Cheerful place» ойындары сабақты жалпылап қорытындылауда көп уақыт жұмсамай сол күнгі алынған білім сапасы мен нәтижесін жылдам анықтауға мүмкіндік береді деген нәтижеге келдім.
---	---------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қалыптастырушы эксперимент бойынша сабақ барысында бақылаудың жоспарында көрсетілген ойындарды қолдана отырып, шет тілін үйретуде орасан зор маңыздылығы барын байқадық. Бұған дәлел ретінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артуын, оқу үлгерімінің күрт көтерілуін, үй жұмысын орындаушылардың санының артуын айта аламыз.

Жаңа ақпаратты есте сақтау, бекіту, бақылау сатыларында қолданылатын ойындардың шет тілін үйренудегі орны ерекше. Бұл ойындар құрылымдық жағынан оқушыларға жаңа ақпаратты беріп қана қоймай, сөйлеу әрекетіндегі (оқылым, жазылым, тыңдалым, сөйлеу) қабілеттіліктерді арттырып, бұрынғы білімдерді тәжірибеде қолдануға, олардың ұмытылуына жол бермеуге қолайлы жағдай тудырады. Бұл ойындарды сабақта қолданудың тағы бір атап өтетін жақсы жағы – олар оқушыларды шет тілінде бір-бірімен көбірек тілдесіп, уақыт өте келе еркін сөйлеу қабілеттілігіне алып келеді.


Ал сабақтың қорытынды бөлімінде қолданылатын ойындарға келетін болсақ, олар сабақты жалпылап, сол күнгі тақырыпты қорытындылауға мүмкіндік береді. Бұл ойындар арқылы мұғалім оқушылармен кері байланыс жасап, оқушылардың жаңа тақырыптың қаншалықты қабылдағанын тексере алады. Ойынның нәтижесін ескере отырып, кемшіліктер анықталған жағдайда мұғалім оларды жоюға арналған қосымша тапсырмалар алып келеді. Оған қоса әр баланың жаңа білімді игеру сапасына қарай, мұғалім әр оқушыға жеке қосымша тапсырмаларды бере алады. Жалпы айтқанда осы ойындар бір тақырыптан екінші тақырыпқа көшкенде бұрынғы алынған білім толықтай игерілгендіктен, жаңа сабақты ұғыну да қиындықсыз өтуіне септігін тигізеді.

Төмендегі 2-суретте ойын технологиясын шет тілі сабағында қолдану арқылы 3 «ә» сынып оқушыларының бір тарау соныңда жеткен нәтижелері көрсетілген. Бұған дейін 3 «ә» сыныбы сабақта белсенділік таныту жағынан 3 «а» сыныбына қарағанда сәл төмен нәтиже көрсеткен. Ал жүргізілген тәжірибе оқушылардың білім дәрежесін 3 «а» сыныбына қарағанда, әлде қайда жоғарылатты.



Сурет 2 – 3 «Ә» сынып оқушыларының экспериментке дейінгі және эксперимент жүргізілгеннен кейінгі білім сапасы

Тәжірибе аяқталған соң 3 «ә» сыныбымен сабақта ойын технологиясын қолдану арқылы білім алу қаншалықты ұнамды болуын тексеру мақсатында оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесіне қарасақ сыныптағы оқушылардың 95 %-ы иә деп жауап берген (3-сурет).



Сначала ученикам было трудно ответить на эти вопросы; позже, во время ролевых игр, они уже сознательно отвечали на эти вопросы.

Таким образом, учет мнений и интересов учащихся способствовал созданию атмосферы сотрудничества, что, в свою очередь, было важным условием повышения мотивации учащихся к изучению иностранного языка и в целом к повышению успеваемости в школе.

Ролевые игры положительно влияют на формирование познавательных интересов, способствуют сознательному овладению иностранным языком. Они способствуют развитию таких качеств, как самостоятельность, инициатива, командная работа. Ученики активны, увлеченно работают, помогают друг другу, внимательно слушают своих товарищей; учитель только руководит педагогической деятельностью.

Ролевые игры мотивируют речевую деятельность, так как учащиеся оказываются в ситуации, когда потребность что-то сказать, спросить, выяснить, доказать реализуется. Ролевая игра отвечает на вопросы о том, почему (мотив) и почему (цель) нужно что-то сказать. Таким образом, фокус внимания партнеров становится содержанием разговора, что само по себе является положительным фактором. Студенты четко убеждены, что язык можно и нужно использовать в качестве средства общения.

В заключение можно сказать, что игра, безусловно, является эффективным инструментом для изучения иностранного языка, но учитель должен соблюдать чувство меры, иначе она потеряет свою эффективность и привлекательность для учеников. Одна и та же игра может использоваться на разных этапах занятий. Однако все это зависит от конкретных условий работы учителя.

Особенно важно использование ролевых игр в низших классах, так как это важный метод стимулирования мотивации образовательной и познавательной деятельности учащихся. Именно в этом возрасте происходит переход от игры к педагогическому

лидерству. Игра для ребенка-самый понятный способ взаимодействия с учителем и коллегами, но все же не следует забывать, что это в первую очередь не просто игра, а обучающая игра. Каждая игра должна иметь свою цель, задачи и результат.

Подготовка к игре-очень важный момент. Если речь идет о театральной игре, учитель должен заранее продумать все необходимые декорации и костюмы, необходимые во время игры. Необходимо подумать о том, с какими трудностями может столкнуться ученик, или предвидеть конфликтную ситуацию, если игра носит конкурентный характер. В конечном счете, как уже говорилось, эффективность игры будет зависеть не только от внешнего содержания, но и в большей степени от эмоционального состояния, как учеников, так и учителей.

Место проведения и время игры зависят от различных факторов: подготовки учащихся, учебных материалов, конкретных целей и условий занятия. Например, если игра используется в качестве тренировочного упражнения для первоначальной фиксации, можно выделить 20-25 минут урока. В дальнейшем одна и та же игра может играть в течение 3-5 минут и служить своего рода повторением уже выполненного материала, а также разрядкой на уроке. Ряд грамматических игр, например, может быть эффективен при введении нового материала.

Игра способствует развитию познавательной активности учащихся при изучении иностранного языка. Он имеет важный элемент, потому что он делает изучение иностранного языка творческим и коллективным.

Теоретическое исследование было экспериментально проверено по результатам педагогической практики и доказано методическое значение использования ролевых игр в обучении иностранному языку, заключающееся в том, что участие в игре формирует у ребенка ряд психических новообразований. Это воображение и сознание, позволяющие ему переносить свойства одних вещей на другие; формирование характера человеческих отношений, придающих определенный смысл конкретному действию индивида. У него развивается осмысленная ориентация в собственных переживаниях, ребенок пытается их обобщить. Основываясь на всем этом, вы можете разработать культурное поведение, которое позволит вам эффективно отслеживать коллективную и индивидуальную деятельность. Таким образом, на практике доказана эффективность использования игровых технологий в преподавании иностранных языков для стимулирования

мотивации образовательной и познавательной деятельности учащихся.

Подводя итоги курсовой работы, можно сказать, что игра на уроке иностранных языков необходима именно как средство обучения, а не как основное занятие, то есть каждая игра, которую мы вводим на уроке, должна иметь конкретные цели и задачи (педагогические, педагогические, педагогические). Важно не забывать о чувстве меры, когда мы играем на уроке, и контролировать процесс, потому что можно повторить или оставить цели или задачи перед игрой.

На начальном этапе изучения иностранных языков использование игр очень важно, так как деятельность детей в возрасте 8-10 лет только начинает переходить от игры к обучению. Особенно у современных детей возникают проблемы с мотивацией к обучению. Ваше внимание больше привлекают компьютерные игры, социальные сети, телевидение и многое другое, все это посылает информацию, которая не требует анализа или умственной работы. Учителю трудно создать учебную среду и «конкурировать» с такими явлениями. Я думаю, что игра является хорошим помощником в этом деле. На начальном этапе он освобождает учеников и предоставляет их для процесса обучения. Это снимает языковой барьер и делает усвоение материала более эффективным, потому что он становится эмоционально значимым для студентов.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Артамонова Л. Н. игры на уроке английского языка и во внеурочной деятельности. // English language, No. 4, 2008-р. 363.
- Петрова Л. В. игровые технологии на уроках английского языка/ / английский язык, № 11, 2008 г.-с. 5
- 2 Гольшклина И. В., Ефанова З. А. изучение английского языка / авт. - сост. - Волгоград: издательство «Учитель». 2017. - 128 с.
- 3 Калимулина О. В. ролевые игры в обучении диалогической речи // иностранные языки в школе. 2018. 247 -С.
- 5 Маркова, А. К. психология овладения языком как средством общения. - М.: Педагогика. 2016. - 240 С.
- 6 Никитенко З. Н., Гальскова н. д. теория и практика преподавания иностранных языков в начальной школе: учебное пособие для учащихся педагогических вузов и колледжей. Смоленск: Ассоциация XXI века. 2017. -176 С.
- 7 Степанова Е. А. Игра как средство развития интереса к изучаемому языку // иностранные языки в школе. 2018. № 2. – С. 30.

## 6.12 Саясаттану ғылымының өзекті мәселелері 6.12 Актуальные проблемы политологии

### ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ ТАНЫЛМАҒАН МЕМЛЕКЕТТЕР ПРОБЛЕМАСЫ

КАППАСОВА Г. М.

доктор PhD, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЕРГАЗЫ М.

студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Дүниежүзі бойынша саяси аренада егеменді елдермен қатар танылмаған мемлекеттерде көптеп кездесуде. Өз тәуелсіздігін алған, белгілі бір аумақта мекен ететін, өзіндік территориялары бар, өздеріне тән тілі, діні қалыптасқан, алайда сыртқы елдер дербес ел ретінде мойындай қоймаған мемлекетті танылмаған мемлекет деп айта аламыз. Бұл ұғымның алғашқылары деп 1794 жылғы қабылданған Францияның Конституциясындағы кез келген адам тең құқылы болуы керек екенін көреміз. Заңның шығуына Ұлыбританияда американ колонияларының тәуелсіздігі мен еркіндікке қол жеткізу үшін және Польшаның, Грецияның, Америка құрлығындағы испан колонияларының бостандығы мен Германияның бірігуі үшін күрескендер осы идеяны ұстанған себепкер болатын.

XIX ғасырдың бас кезінен-ақ, Еуропа жерінде Халық бостандығы кең көлемде жүргізілді. Оның негізгі мақсаты ұлттық және революциялық қозғалыстар барысында болды.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттердің әлем картасында пайда болу процесі жалғасу үстінде, соның бірі ретінде 1932 жылы Қытай мен Жапонияда құрылған Манжоу-Го-ны көреміз [1].

Танылмаған немесе ішінара мойындаған республикалар әсіресе екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң әлемнің түкпір-түкпірінде пайда болды. Ондағы бірі ретінде Азия мен Африка елдерінде орналасқан отарлы елдерді жатқызуға болады.

Ал XX ғасырды әр ұлт өз тағдырын өзі шешу кезеңі деп қарастырды. Осы кезде ірілі-ұсақты көптеген мемлекеттер ыдырай бастайды: Австро-Венгрия, Осман империясы, КСРО, Югославия.

XX ғасыр аяғында дүниежүзі картасында отарлық жүйе жойылады.



Сурет 1 – Әлем картасы

Осылайша, XX ғасырдың 90-шы жылдары әлі де болса таныла қоймаған мемлекеттердің санының шарықтаған кезеңі болды [2].

Саяси көзқарасқа сүйеніп көрсек, танылмаған мемлекеттер атауы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Қазіргі кезде танылмаған мемлекеттердің тізімі кең көлемде, 100 баллдан асады. Бұл мемлекеттер әлемнің 60 елінде кездеседі. Оларды 3 топқа бөліп қарастыра аламыз:

Біріншісі – бұл мемлекеттерді азғантай ел тануы. Мысалы алты мемлекет қана танитын Абхазия немесе Түрік Республикасы мойындаған Солтүстік Кипр.

Екіншісі – өз күштерімен, өздерін жариялаған мемлекеттер – Сомалиланд, Пунтланд, Таулы Қарабақ Республикасы және т.б.

Сондай-ақ, үшінші топқа мемлекеттердің басым көпшілігі тәуелсіздігін мойындаған, бірақ ішінара мойындата алмаған елдер. Мысалы, Пәкістанның Арменияны, Түркияның Кипр мен КХДР-ның Корея Республикасын тани алмауын айтамыз.

ТМД-ның танылмаған республикалары КСРО ыдырағаннан кейін өздерін таныту мақсатында күрес жүргізді. Мысал ретінде Абхазияны айтуға болады. Кеңес одағынан Грузия мемлекетінің шығуынан кейін 1991 жылы Егеменді мемлекеттер Достастығының құрамына кіру туралы референдумға қатысқанымен, ішінара мемлекет ретінде қала берді.

Жалпы танылмаған мемлекеттерді құрылым критерийлері бойынша 4 түрге жатқызамыз:

1 Белгілі бір аумақтары бар танылмаған мемлекеттер: Солтүстік Кипр мен Приднестровье.

2 Жерінің жартысын басқаратын мемлекеттер: Тамил Илим, Оңтүстік Осетия.

3 Қауымдастықпен құрылған мемлекеттер: Мысалы, Косово мемлекетін алып қарайтын болсақ, заңды түрде Сербияның бір бөлігі болып есептелінеді, бірақ іс- жүзінде БҰҰ-да қызмет етеді.

4 Бұл топқа өзін танытуға құқығы жоқ мемлекеттер жатады. Бүгінгі таңда саяси аренада маңыздылығымен көзге түскен Сирия, Ирак, Түркия және Иран сияқты төрт мемлекетпен шектескен Күрдістанмен күрдтер [3].

Сонымен қатар, танылмаған республикалардың тізімі шартты түрде екі үлкен санатта көрсетіледі – де-факто және де-юре. Бұл ұғымдарға жеке-жеке тоқталатын болсақ, бірінші де-факто толықтай танылмаған және бұл елдердің қалыптасу жүйесімен дамуының нақты себебін түсіндіре алмайтынын білдіреді. Ал де-юре түпкілікті тану бола алады және БҰҰ ұйымдарымен тең дәрежеде қарым-қатынас жасау арқылы сипатталады. Сондай-ақ, келісім қағаздар арқылы жүргізіледі.

Біздің планетада көптеген әртүрлі мемлекеттер бар. Соның ішінде танылмаған немесе ішінара танылған бірқатар елдерде бар. Олардың өз территориялары, билігі, мемлекеттік рәміздері бар, кейбіреулерінің тіпті өз валютасы, халықтың өз төлқұжаты бар. Бірақ мемлекеттіліктің барлық белгілеріне қарамастан, БҰҰ мүшелері мұндай елдерді ішінара немесе толығымен мойындамайды. Бірақ саясатқа терең бойламай, танылмаған және ішінара танылған мемлекеттердің тізіміне көз жүгіртсек, 1990 жылы құрылған Молдавия Республикасы КСР аумағының бір бөлігінде жарияланған, танылмаған мемлекет. Шығыста ол Украинамен, батыста - Молдовамен шектеседі. Молдавия республикасын ішінара мойындалған Абхазия мен Оңтүстік Осетия, сондай-ақ мойындалмаған Таулы Қарабах Республикасы таниды. Екінші бір мемлекет 1991 жылы негізі қаланған Таулы Қарабах Автономиялық облысының шекарасында, сондай-ақ Әзірбайжан КСР-нің іргелес бұрынғы Шахумян облысы шекарасында жарияланған, танылмаған мемлекет, бұл шекаралар ішінде Әзірбайжан КСР-нің анклав болды. Сонымен, республика батысында Армениямен, солтүстігі мен шығысында – Әзірбайжанмен, оңтүстігінде – Иранмен шектеседі. Абхазия және Оңтүстік Осетия, сондай-ақ мойындалмаған Приднестровия Молдавия Республикасы

ішінара мойындады. Және де 1991 жылы Сомали да танылмаған мемлекет болып келеді. 1991 жылы 18 мамырда солтүстік кландар Сомалидің 18 әкімшілік аймағының 5-ін қамтитын Сомалиланд Республикасының тәуелсіздігін жариялады [4].

Жалпы танылмаған мемлекеттердің 1990 жылдардан бастап белсенді қолдануы саяси өмірде үлкен орын алды. Әлемдегі тәуелсіздігі танылмаған елдерді жіпке тізетін болсақ, олардың саны тәуелсіз елдерден асып түсуі мүмкін. Тәуелсіздігі танылмаған елдерді халықаралық қауымдастықта мүлде танылмаған және ішінара танылған деп екіге жіктеуге болады. Мысалы, посткеңестік кеңістіктегі Молдавиядағы Приднестровье, Таулы Қарабақ, ДНР және ЛНР. Африка құрлығындағы Сомали территориясындағы Сомалиленд, Пунтленд, Галдумуг, Нортленд елдері, Пәкістандағы Вазиристан, Мьянмадағы Шан және Ва елдері өз тәуелсіздігін мойындата алған жоқ. Кейбір елдердің тәуелсіздігі әлемдік қауымдастықтың бір бөлігінің тарапынан мойындалды. Мысалы, Сахара араб демократиялық республикасын 49 ел, Палестинаны 97 ел, Косовоны 60 ел, Тайваньды 23 ел, Абхазия мен Оңтүстік Осетияны екі ел ғана мойындап отыр.

Ал кейбір елдер өзара бір-бірінің тәуелсіздігін мойындамайды. Израиль мемлекетінің өзі көптеген араб елдерінің тарапынан тәуелсіздігі таныла қойған жоқ. Сол сияқты Қытай Тайваньның, Чехия мен Словакия Лихтеншейннің, ал Лихтеншейн Чехия мен Словакияның, КХДР Оңтүстік Кореяның, Жапонияның, Францияның, Оңтүстік Корея КХДР-дың тәуелсіздігін мойындай қойған жоқ екенін нық сеніммен айта аламыз.

Қорытып айтқанда, жаңа мемлекетті танудың өзі маңызды заңды салдарға әкелетінін атап өткен жөн, өйткені бұл мойындайтын мемлекеттің танылған субъектімен дипломатиялық қатынастар орнатуға және халықаралық-құқықтық, өзара тиімді қатынастар орнатуға дайын екендігіне делдал болады.

Онымен қатар, мемлекеттерді тану процесін тереңірек түсіну үшін мәселенің тарихи бөлігін, атап айтқанда танылмаған мемлекеттердің қалыптасуына әсер ететін факторларды қарастырған жөн. Егер көп ұлтты елдерде болған сепаратистік немесе революциялық оқиғалар немесе әртүрлі этностардың өмір сүру аймақтарынан өтетін шекаралардың өзгеруі нәтижесінде жаңа мемлекеттік бөлімдер жиі пайда болатындығын ескеретін болсақ, онда танылмаған мемлекеттердің пайда болуының басты себебі – геосаясаттағы өзгерістер, деп айта кету керек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Борбасов С. М. Қазіргі саяси процестер : оқу куралы / С. Борбасов.- Алматы: Агроуниверситет. 2010 - 223 б.
- 2 Johnson, J.B. Political science research methods / J.B. Johnson, H.T. Reynolds, J.D. Mycoff. - Washington: CQ Press. 2008.- 613 p.
- 3 Бочарова А. Развитие института оценки эффективности государственного управления // Мировая экономика и международные отношения. – 2013. - № 9. - С. 69-75.
- 4 Каригулова С.С. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының даму тарихы [Электронный ресурс]: <https://e-history.kz/kz/contents/view/2419> [дата обращения 23.03.2021].

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМЫ ҮШІН МАҢЫЗЫДЫЛЫҒЫ**

ИЛЬЯСОВ С. Д.  
студент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.  
ЕЛЬМУРАТОВ Г. Ж.  
с.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

2019 жылдың 19 наурыз айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттілігін тоқтату шешімін қабылдағаны жақсы белгілі. Конституцияға сәйкес Президенттің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өкілеттілігі Парламент Сенатының төрағасына беріледі, кейін мемлекетімізде жаңа Президенттік сайлау өткізіледі. Сол тарихи сәтте Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент өкілеттілігін ала отырып, 2019 жылдың 9 маусым айында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы шешім қабылдайды. Президенттік сайлауда жеңіске жету нәтижесінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланады. Бұл оқиға біздің мемлекетімізде жаңа саяси, тарихи заманының басталуының белгісі. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент қызметіне ресми кірісу сәтінде елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құру жөнінде шешім қабылдап, 2019 жылдың 17 шілдесінде кеңестің ережесі мен құрамын бекітеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі елімізде консультативті-кеңес органы болып табылатыны жақсы мәлім. Ұлттық қоғамдық кеңестің құрамы ротация негізінде құрылған, яғни кеңестің құрамы үнемі өзгеріп отырады. Ұлттық кеңестің басты мақсаты саяси партиялардың, азаматтық қоғамның өкілдерімен елдегі, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешетін нақты ұсыныстарды тұжырымдау, билік пен қоғам арасында конструктивті, тұрақты диалогты дамыту, мемлекеттегі стратегиялық проблемаларды жан-жақты қарастыру, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру. «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі қоғам өкілдері мен сарапшылардың жабық клубы емес. Бұл ұдайы жаңарып отыратын ашық диалог алаңы. Мұнда түрлі ұстаным мен көзқарас тұрғысынан сан алуан пікірлер айтылады. Ротацияның негізгі мақсаты да осы. Ұлттық кеңесте бәтуәге келу қағидатымен өткір мәселелерге деген сындарлы көзқарас орныққан», - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев [1].

Қазақстанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылуының алдында көптеген консультативті-кеңес органдары, диалог алаңдары болғаны белгілі, құрылған консультативті-кеңес органдары тек белгілі бір мәселені шешуге бағытталған еді. 2002 жылғы Азаматтық қоғамды одан әрі демократияландыру мен дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша тұрақты жұмыс істейтін кеңес, 2004 жылғы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия, 2006 жылғы Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу мен нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссия, 2016 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жер реформасы жөніндегі комиссия жайлы атап өтуге болады. Қазақстанда консультативті-кеңес беру органдарының жүйесі үнемі өзгеріп отырғанын көруге болады. Сол себептен мемлекетіміздегі үлкен өзгерістерді, мәселелерді қоғаммен, халықпен талқылаудың үлкен тәжірибесі бар деген қортындыға келуге болады.

Бүкіл әлемде азаматтарды мемлекеттік мәселелерге шешім қабылдау үдерісіне тарту билік пен қоғам арасында сенімді байланыс, диалог орнатудың негізгі элементтердің бірі болып табылады. Әлемдегі дамыған мемлекеттерде консультативті-кеңес органдарының жақсы жұмыс жасап, нәтиже көрсетіп жатқанын көруге болады. Мысалы, Ұлыбританияда көптеген заңнамаларды және реформаларды енгізу барысында қоғаммен

кеңесу және талқылау бойынша жұмыстар өткізіледі. Бұл жұмысты талқылау, кеңесу үрдісін Ұлыбритания үкіметі жанындағы мамандандырылған консультативтік комитеттер жүзеге асырады. Мысалы, Ұлыбританияның Денсаулық сақтау министрлігінде Қоғамдық денсаулықты сақтау жөнінде консультативті-кеңестер бар. Францияда қоғаммен кеңесу үрдісі конституциялық деңгейде бекітілген, оған дәлел ретінде Францияның Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңесі бола алады. Бұл кеңес Францияның Үкіметі мен Парламентіне көптеген ұсыныстарды дайындайды. Францияның Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңестің құрамына 233 адам кіреді және 5 жылдық мерзімге сайланады. Бұл кеңестің міндетіне азаматтарды мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы ақпараттандыру, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша белгілі бір тұжырымдамаға келу. Ресей Федерациясындағы Қоғамдық палата 2005 жылы құрылған консультативті-кеңес органы болып табылады. Қоғамдық палатаның мақсаты ретінде азаматтық бастамаларды насихаттау және қолдау, азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, қоғамдағы мәселелерді шешу жолдарын қарастыру. Қоғамдық палатаның құрамы 168 адамнан тұрады [2, 18–29 б.].

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысына дайындық 2019 жылдың 28 маусым айында өткізілді. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бірінші отырысы сол жылдың 6 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы төрағалығымен өтті. Ұлттық кеңестің бірінші отырысының жұмысын ашу барысында Қазақстан Республикасының Президенті мемлекетіміздегі маңызды мәселелерді шештін нақты ұсыныстарды әзірлеуді ұсынды. Бірінші Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысының нәтижесінде 77 тармақтан тұратын, отырыстағы айтылған ұсыныстарды жүзеге асыратын нақты жоспар жүйесі құрылды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің маңыздылығы, қоғамдағы рөлі арта түсті.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысы 2019 жылдың 20 желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа реформалар пакетін енгізіп, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодекстің 130-бабтың «Жала жабу» жайлы қылмыстық құқық бұзушылықты декриминализациялануды

ұсынған болатын. Екінші отырыстың нәтижесінде митингтерді өткізу мәдениетін дамыту және азаматтардың жеке позицияларын көпшілік алдында білдіру үдерісін ынталандыру мақсатында митингілерді ұйымдастыру туралы хабарлама қағидатын енгізу, партиялық тізімдердегі міндетті жастар мен әйелдерге арналған 30 % квотаны енгізу тапсырылды.

2020 жылдың 27 мамыр айында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысының тақырыбы «Қазақстандағы адами капиталды дамыту» болғаны жақсы белгілі. Бүкіл әлемге пандемияның кең таралуы, мемлекетімізде әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздытың пайда болуына әкеп соқтырды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде білімді, жоғары сапалы кадрларды көбейту, адами капитал саласына назар аудару керектігін айтып кеткен. Үшінші отырыстың нәтижесінде мемлекетіміздің білім беру және денсаулық сақтау салаларына үлкен көңіл бөлу жайлы ұсыныстар айтылды.

Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында елеулі ұсыныстар ұсынылғаны белгілі. Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің билік пен қоғам арасында сындарлы диалог орната алатын тиімді институционалды құрылымға айналғанын және кеңестің мүшелері еліміз үшін маңыздылығы жоғары ұсыныстарды ұсынып, олардың жүзеге асуына үлкен үлес қосқанын атап өтті. Елімізде цифрлық инфрақұрылымды құру, сапалы білім беру, балалардың құқығын қорғау мәселелеріне Қазақстан Республикасының Президенті ерекше назар аударған болатын.

2021 жылдың 25 ақпанында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысы өтті. Бұл отырыстың нәтижесінде халықтың тұрғын-үй және экономика саясатын жетілдіру, білім беру саласын дамыту, адам құқығын қорғауды жүзеге асыру керектігі айтылды. Онымен қоса, педагогикалық, медицина салаларындағы жоғары оқу орындарына оқитын студенттердің стипендиясын көтерген бастамалар өз жемісін берді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отырыстың барысында шетелдіктерге және шетелдік заңды тұлғаларға еліміздегі ауыл шаруашылығындағы жерлерді сатып алуды, жалға беруді заң бойынша тыйым салып, жер реформасы бойынша комиссия құрылуын тапсырды. 12 наурызда Қасым-Жомарт Кемелұлы

Тоқаев заңды шығару бастамасы құқығын пайдаланып, Қазақстан Республикасының Мәжіліс Парламентіне шетелдіктер мен шетелдік заңды тұлғаларға сатуға және жалға беруге тыйым салу жайлы заң жобасын жіберген болатын. Жер реформасы бойынша комиссия 25 наурызда өзінің жұмысына кіріседі.

Токсан сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің еліміз үшін маңыздылығы жоғары ұйым екеніне көз жеткіземіз. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің халықтың үніне құлақ асатын мемлекет атты концепциясын жүзеге асырып, мемлекетіміздің көптеген салаларындағы мәселелерді шешу үшін нақты реформалардың енгізіліп жатқанын көреміз. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде өткізілген отырыстардың оң нәтиже көрсеткені рас. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі еліміздегі тұрақтылық пен ынтымақтастықты сақтай отырып, азаматтық қоғамның дамуына үлкен үлес қосады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің ережесін және құрамын бекіту туралы. URL: [https://www.akorda.kz/kz/legal\\_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulityk-kogamdyk-senim-kenesinin-erezhesin-zhane-kuramyn-bekitu-turaly](https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakstan-respublikasy-prezidentinin-zhanyndagy-ulityk-kogamdyk-senim-kenesinin-erezhesin-zhane-kuramyn-bekitu-turaly)

2 Шаукенова З.К ULITYQ KENES: Хроника. Особенности. Результаты.// Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2020. – 212 с.

**6.13 «Болашаққа бағдар – Рухани жаңғыру» баяндама және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы**  
**6.13 Программа «Руханижаңғыру – взгляд в будущее» и статья «Семь граней Великой степи»**

#### ТІРІ БОЛСАМ, ҚАЗАҚҚА ҚЫЗМЕТ ҚЫЛМАЙ ҚОЙМАЙМЫН

ЖЕКСЕМБАЙ Ж. М.

студенті, 3-курс, Б. Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

ОРАЗАЛИНА А. Б.

«Қоғамдық пәндер» оқытушысы, Б. Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

Мақсаты: Халқымыздың біртуар перзенті, алаш көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері - Әлихан Бөкейханның еліміздің өткен тарихындағы атқарған ерлік ісі, қалдырған мұралары кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Қазақ халқының жарқын болашағына, өз елінің азаттығы жолында аянбай қызмет еткен Әлихан Нұрмұхамедұлының тарихтағы алар орны ерекше. Қазақ тарихындағы ұлт басына төнген қасірет, зобалаң жылдарда жеке мүддеден ұлт мүддесін артық қойып, елінің тәуелсіздігі жолына өз өмірін арнаған Әлихан Бөкейханның тарихи ерлігінен бүгінгі тәуелсіз елдің жас ұрпағы үлгі алуы тиіс. Сол себепті, алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығында оның тарихи ерліктерін атап өту, оны кейінгі ұрпаққа паш ету бүгінгі ұрпақтың басты міндеті болмақ.

Өзектілігі: Тарихта халықтың өзін-өзі тануы, мемлекеттілік мәселесіндегі қиын да күрделі процестерді зерттеу нәтижесінде, әрбір тарихи кезеңдерде ұлттық зиялылар қызметі арқылы жүретіндігі мәлім. Солардың бірі, өзінің көп үлесін қосқан, елім-жерім деп өткен қоғам қайраткерлерінің бірі – Әлихан Бөкейханов болды. Ол қазақ елін отарлық езгіден құтқаруда, ұлт-азаттық жолындағы күресте бастаушы болды. Сондықтан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов мұраларын оқу, білу және зерделеу болашақ ұрпақтың әрдайым назарында болуы керек. Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлихан Бөкейхановтың қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін

жеткізу керек. Осы жолда кішкене болсада өз үлесімді қосу парыз деп санадым.

«Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», – деп Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында болатын. «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп ұрандаған Алаш арысы, ел мақтанышы Әлихан Бөкейхан өз заманында бүгінгі біз көріп отырған тәуелсіздік үшін жан аянбай күресті. Ағымдағы жылы ел тарихындағы айрықша маңызды кезең – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында сөйлеген сөзінде былай деген болатын: «30 жылдыққа байланысты шаралар халыққа рухани серпіліс әкелуі қажет. Негізгі мақсатымыз – азаматтардың, әсіресе жастардың бойына отаншылдық сезімін орнықтыру. Сондықтан, әрбір іс-шара мемлекетшілдік сананы нығайтуға арналуы керек. Руханият саласындағы жұмыстың бірнеше бағыты бар. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған көрнекті тұлғалардың еңбегін насихаттау аса маңызды». 1866 жылдың 5 наурыз күні XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлының туған күні. Ағымдағы жылы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы – Әлихан Бөкейханға 155 жыл толып отыр. Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі кездейсоқ емес деп білемін. Бүгін міне, Алаш арыстарының арманы орындалып, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – Әлихан Бөкейхан бастаған зиялы қауымның еңбегі мен күресінің жемісі. Белгілі Алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың сөзінше: «Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің

мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр».

«Алаш» партиясы (1917–1920) – Тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны даярлады Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлтзаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Төрағасы – Әлихан Бөкейханов. XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев, Б. Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Ж. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, М. Шоқай, Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты. 1917 жылдың 21 қараша күні «Қазақ» газетінде Алаш партиясы бағдарламасының жобасы және съез материалдары жарияланды. «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Сол кездегі қазақ зиялыларының ғылыми жұмыстарымен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару әрекетімен де, көркем әдебиетімен де айналысқанын көруге болады. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде

- оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақысыз болуы;
- жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектептер ана тілінде оқылады;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;
- оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы;
- үкімет оқу ісіне кіріспеуі;
- мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;
- ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.
- газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік – деп көрсетілген. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынбор қаласында



Екінші жалпықазақ съезі өтеді. Съездегі қаралған аса маңызды мәселелер: қазақ-қырғыз автономиясы; милиция құру; ұлт кеңесі; оқу мәселесі т.б. Бұл сиезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу тартыстар бірнеше күнге созылды. Осы съезде Алаштың аяулы азаматы Міржақып Дулатов баяндама жасады: қазақ даласында медресе мен мектептердің аздығын, қазақ тілінде оқулықтардың жетіспейтінін, сондықтан міндетті түрде ұлттық мектептерді құру керектігін тілге тиек етті. Осы мәселе бойынша құрамы 5 адамнан тұратын бастауыш және орта мектептерге арналған қазақ тілінде оқулық жазатын комиссия құрылды. Комиссия орталық ұлттық кеңеспен бірге болу керек. Комиссияға оқулықтан басқа да жұмыстар жүктелді. Атап айтсақ: ұлттық мектептерге арналған бағдарламалар; мұғалімдерге арналған нұсқаулар; бала тәрбиесі жөніндегі кітаптар; барлық қырғыз-қазақ мектептерінде халықтық білім беру іс-шараларының Ережелерін жасау; қазақ тілінде жазу үлгілерін енгізу; қазақ тіліне пайдалы кітаптарды, брошюраларды аудару т.с.с. Комиссия 1918 жылдың басынан жұмысқа кірісу керек. Өздері құрастырған кітаптарын, бағдарламаларын баспаға жариялап отыру қажет. Комиссия құптамаған оқулықтар басылымға шығарылмайды. Комиссия жұмысына қаражатты облыстық земстволар ұлттық қордан бөлуге тиіс делінген. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, жаңадан құрылып жатқан «Алашорда» үкіметі алғашқы сағатынан бастап ұрпақ тәрбиесіне, ұрпақ болашағына зор көңіл бөлген. Жас ұрпақтың туған тіліне деген сауаттылығын арттыру үшін, ана тіліндегі оқулықтарды жасауға кіріскен. Бала тәрбиесіне, оқуына осындай қиын заманда жаңаша бетбұрыс, бұл болашаққа деген сенім еді. Білімді жастар, еліне салауатты да сауатты қызмет етеріне деген үміт болатын-ды. Ғалым көтеріп отырған идеялар мыналар: Бірінші ұстаным - жер мәселесі. Себебі, жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Екінші ұстаным - жердің астындағы, үстіндегі және аспанындағы барлық игілік тек қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ө. Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын. Үшінші ұстаным Ө. Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Төртінші нысана - қазақ мемлекетінде

мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Ол қазақтың басын біріктіріп, тәуелсіз ел болуын армандап, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бар саналы өмірін арнады. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойласа, патша заманында мансапқор болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Әлихан Бөкейханға ол жол оңай болар еді. Бірақ ол өзінің қара басының қамын ойламай, қазақ халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін адал еңбек ету жолын таңдады. Әлихан қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керегін ұғып, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қойып, ол ұлттық идеяның негізгі қағидаларын қалыптастырды. Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде былай деген еді: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені, кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр». Әлихан Бөкейханов – жер, тіл, адам құқығы мен әділдік һәм қазақтың тұтас тәуелсіздігі үшін күресті. Сол үшін талай тауқымет көріп, сол жолда жанын да қиды. Ол Алашына қамқор болуды өзінің өтпес-өтелмес борышы, ер-азаматтық парызы санады. Ол «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!»-деп ертеден-ақ халқы алдында серт беріп, сол сертіне ақырғы демі біткенше адал болып өтті. Әлихан Бөкейханов бастаған Алаштың ұстанымы – бұл халық ұстанымы, ұлт ұстанымы болды. Ол қазақ халқымен бірге өмір сүретін болады. Бүгінгі таңда біз «Алаш» идеясы - халықтың құндылықтарын сақтау, оны ұрпаққа жеткізу идеясы екенін түсініп, білуіміз керек. Сондай-ақ, «Алаш» идеясы сол қазақтың асты-үсті байлығын ұрпаққа жеткізу үшін жасалған идея. Олар ондаған жыл бойы осы мақсат үшін күресіп, жандарын да қиды. «Алаш» көсемі Әлихан Бөкейхановтың: «Мемлекеттігі жоқ халық - жетім халық» деген қанатты сөзі содан қалса керек-ті.

Әлихан Бөкейханов - қазақтың тарих көшінің бағыт-бағдарын белгілеп, ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін жұрт жұмысының жауапкершілігін мойнына жүктеп, бәйгеге тіккен тарихи тұлға. Иә, бұл кезеңде елге адал қызмет

еткен ұлт зиялыларының әрқайсысының тарихымыздағы өзіндік орны, ұлтымыздың оянуына, өркендеуіне сіңірген зор еңбегі бар. Ол айдан анық. Алайда, солардың арасында қайсар мінез, табанды қайраткерлік болмысымен, саяси күрескерлік рухының биіктігімен және жан-жақты білімділігімен, бүтін бір елдің тағдыры мен оның алдыңғы қатарлы зиялы қауымын қалыптастыру, азаттық үшін бірігіп күресу жолында көшбасшылық қасиетімен ерекшеленіп, дараланып тұрған ең көрнекті тұлға – Әлихан Бөкейхан. Ол қазақтың XX ғасыр басындағы мейлінше ілгерішіл ұлт зиялыларының лидері, қазақтың өлкетану ғылымының негізін қалаушы, қазақ халқының төл тарихы, әдебиеті, фольклоры, этнографиясы, қазақ өлкесінің экономикасы мен халық шарушылығы бойынша жүздеген еңбектің авторы есебінде, ғұлама ғалым, дарынды публицист ретінде кең танылды және өмірінің соңына дейін ғалым болып қалды. «Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз - кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды аманаттау» деп ел Президенті ҚЖ.Тоқаев айтқандай кешегі Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған жолды бүгін біз жалғап, қазақ жерінің тұтастығы мен бірлігін сақтап, Тәуелсіздігімізді берік етіп, осы жолда күресіп, өздерінің өмірлерін қиған ұлт азаматтарын білу, олардың еңбектерін оқу және үлгі тұту жас ұрпақтың бірінші міндеті. Себебі, тарихын білмеген, оны сыйламаған ұрпақтың болашағы баянды болмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алаш қозғалысы : құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы : Алаш, 2005. – Т. 2. – 496 б.
- 2 Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді... : естеліктер. – Алматы : Ғылым, 1995. – 116 б.
- 3 Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 160 б.
- 4 Қойшыбаев Б. Орынбекұлы Әлихан Бөкейханов. – Алматы : Жеті жарғы, 2001 159 б.
- 5 Қойшыбаев Б. Орынбекұлы Рух-Сарай : 4-кітап: Жекпе-жек. Мәңгі бастау. – Алматы : ҚазАқпарат, 2010.– 484 б.
- 6 Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов : [Алаш көсемі Ә. Н. Бөкейхановтың өмірі мен қызметі жайлы].- Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 160 б

## АДАМНЫҢ ТАҒДЫРЫ ЕСІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МА?

ҚҰНАНБАЙ А. Қ.

студент, 2 курс, ТОРА 26-19 тобы, Павлодар монтаждау колледжі, Павлодар қ.

*Абайсыз қоғам адасып,  
Қасымсыз қоғам күйреген!*

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлендері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Сонымен бірге елбасымыздың мақаласында Абай тәрзіді ұлы тұлғалардың рухани мұрасын пайдалану мәселесі көтеріледі.

«Абай мұрасын зерттеу ісі дағдарыста» деген ойды абайтанушы ғалымдардан да жиі еститін болдық. Абай қазақ халқының рухани тірегінің бірі. Ендеше Абайсыз, оның мұрасынсыз еліміздің рухани жаңғыруы мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Ендеше Елбасымыз нұсқауын орындап, ұлы ойшыл мұрасын игеруді неге дағдарысқа ұшыратпай, кеңінен зерттеп насихаттамаймыз? Бұл дағдарыстың себебі неде? Неге бұл мәселені ғалымдар талқыға салып, ойшыл мұрасын көпшілік игілігіне айналдыруға көңіл бөлмей отыр?

Бұлар әркімді де толғандыратын сұрақтар. Рухани жаңғыру заманында бұл сұрақтардың жауабын іздеу және абайтануды дұрыс жолға қою өзекті мәселе екені дау тудырмайды.

Рухани жаңғыру адамның жас шағынан, яғни мектеп қабырғасынан басталуы керек. Олай болса абайтану мектепте толық енгізіліп, жас ұрпақ Абай ілімі аясында тәрбиеленуі тиісті. Біз Абайдың ойшылдығын жоғары бағалап, оның терең сырлы сөздеріне үніліп, ой жүйемнен өткізуге ұмтыламын. Сондықтан абайтану мәселесіне көп назар аударып, барлық өзгеріс, жетістіктерді қадағалап жүреміз.

Біздің байқауымша, еліміз егеменді болып, саяси және рухани тұсаудан арылған соң абайтану кеңінен зерттеліп, оған деген жаңа көзқарас қалыптаса бастады.

Ұлы Даланың жеті қырын нәтижелі пайдалана отырып рухани жаңғыруымыз үшін бәрімізге де Абайдың рухани тағлымы өте қажет. Абай тұлғасынан ұлы ақынды ғана емес, енді ұлы ойшылды да көре білгеніміз жөн. Ол үшін Абайды ұлы гуманист, ағартушы ғана емес, енді оның хақимдігін танып, ұлы ойшыл ретінде қабылдауымыз керек. Яғни, оның рухани деңгейін ашып көрсетуіміз керек. Сонда ғана ұлы мұраның бүкіладамзаттық құндылығын көріп, Абайды өз дәрежесінде қабылдай аламыз.

Ойшыл Абай екі ғасыр бойы адамзаттың бірнеше ұрпағын ойының тереңдігімен және айқын тілімен тамсандырып келеді. Н. Ә. Назарбаевша айтсақ: «Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағлым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің Әділет пен Абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден бір белгісі де осы болып табылады». Бүгінде Абай туындылары қазақстандықтарды Отанына қызмет етуге шабыттандырады, олардың білімге, ғылымға ұмтылысын, ұлттың мәдениет арқылы дамуын қолдауда.

Рухани жаңғыру мәселесі осыны керек етіп отыр. Абай ілімін қолдану жолдары кеңінен зерттеліп, ойшыл мұрасының түпкі мәнін, кемел адам, хал ілімі, имани гүл, толық адам ілімі деген әлі де болса бұлыңғыр болып жүрген танымдар жүйесін зерттеп ашуымыз керек. Ал бұлардың барлығы да философиялық танымдар, сондықтан, сөз жоқ, оларды зерттеу филологтардың ғана емес, енді философтар мен теологтардың ісі болса керек. Осылай жан-жақты зерттелгенде ғана ойшыл мұрасы өз дәрежесінде ашылып, абайтану саласы жаңа деңгейге көтерілер еді деген ой келеді.

Ұлы Абай жас ұрпақтың білім алып, ғылымды игеруіне айрықша мән бергендігі оның өлеңдері мен қара сөздерінде мейлінше байқалады. Өйткені, білім мен ғылым өркениетке бастар алғышарт екендігін ұлы ойшыл жете түсінген, жан-тәнімен терең ұғынған. Білім алу бүгінде әрбір адам баласы үшін міндетті түрде алдынан ашылатын есік болса, оның мектеп атты қасиетті табалдырығын аттау барша жас өскіндер мен өрендердің басынан өтетін жағдай. Білімге деген көңіл бөлу қазірде тәуелсіз елімізде

мемлекеттік деңгейге көтерілген басты әрі негізгі мәселе екендігінде ешкімнің күмәні жоқ. Яғни, білім алуға жан-жақты алғышарт жасалынған. Қазірде елімізде интеллектуальдық дұмыту қажет екендігін өмірдің өзі алға тартып отыр.

Ұлы Абайды толғандырған білім мен ғылым мәселесінен біздер бүгінде нені ұғамыз? «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде ақын ғылымды жас кезден бастап үйрену, білудің қажеттігіне ерекше назар аударады. Ер жеткен соң бәрі кеш екендігін ұқтырады. Бұл дұрыс та. Жас шыбық секілді иілгіш, бейімделгіш шақта, ғылым да бойға тез даритындығын сендіреді. Білім мен ғылымға бейімделудің ерте кезден басталғаны жөн екендігін атап көрсетеді. Қазірде білім берудің сандық және сапалы деңгейі мен түрлері саналуан болған шақта, білімнің қадір-қасиеті мен құдіретін жоғалтып алмауды ұмытпаған жөн.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде. Яғни, адамға жат кісімсіну, ақыл сөзге ынта танытпау, бос мақалдау, тілді мал үшін безеу, сол үшін жанды жалдау, біреуді алдап, біреуді арбау, мақтау өлең айтып, сөз қадірін кетіру, көр-жерді өлең ету, әншейін күн өткізбек ниеттегі әңгімелерді құлай тындау, мақтан қуу, мал құмарлық, қусын десе қуану, ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талапты ешкімнің де керек етпеуі, терең ой, терең ғылымды іздемеу, өтірік пен өсекті жүндей сабалау секілді қылықтар күні кешегі заманға орай айтылса да, дәл бүгінгінің тірі, жанды сөзі секілді өз оқырманын толғандырады. Бұл өлең тек қазақ өлеңіне қойылар негізгі талап қана емес, ұлттың назар аударарлық мәселелерінің тұтас бір қыры. Бірегей жадта сақтар, дұрыс бағдар жасау жолындағы философиясы, психологиясы және педагогикасы мен өзін-өзі тану пәні десек те болады. Және де осынау қитұрқы теріс қалыптағы мінез-құлық, жүріс-тұрыс мәселелерінің баршасы білімсіздіктен туындайтынын Абай айқын аңғартады. Абайша айтқанда, білім тек дүниеуи пәндерді игеру ғана емес, адами қасиеттерге иелік жасай білушілік те.

Абай «Жиырма бесінші сөзінде»: «Орысша оқу керек, хикмет те мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор.» дейді де ойын әрі қарай сабақтайды. «Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек-көзің ашылады», – дейді тағы да. Рас қазірде әлемдік өркениеттің ғылым мен білім, экономика мен саясат, әдебиет пен мәдениет саласындағы қажетті мағлұматтарды алуда орыс тілді ақпараттарды

көбірек оқимыз. Қазақ тілінде әлі де аздау. Бірақ ұлы Абай сол үшін «Орысша оқу керек» десе де, ұлттық тілінен безінген бүгінгі кейбір ұрпақтың пайда болатынын мүлдем сезбеген болар. Өйткені, ол өз ойын ашық айтқан осы сөзінде. Тұшынып, түсініп оқылық, ендеше. «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» дейді. Абай айтудай-ақ айтқан. «Жетелі жеті тілді біледі» дегенді көңіліне тұтқан. Өз тіліне өгейлік танытпаған. Қайран да қайран төл тілімізде ұрпақтар мәңгіге оқитын киелі де қасиетті асыл сөздерінің ғажайып та, сырлы әлемін қалдырудың өзі – соның айғағы емес пе.

Ұлы Абай өлеңдері мен қара сөздері жас ұрпақ үшін өмірлік бағдарламдай әсер етеді. Қазақ даласы енді-енді ағартушылық идеясымен сусындай бастаған шақта, ақын әрі кемеңгер ойшыл білім мен ғылымға қозғау салды, зор серпін берді. Ғаламдық деңгейде өркениет атаулысы – білім мен ғылымға арқа сүйей бастағанын дүйім жұртқа алғашқылар қатарында айту, жадында жаттатқызу – халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі – ұлы Абайға бұйырғаны әрі заңдылық, әрі қажеттілік болатын.

Абай шығармашылығына зер салғанда біздер бүгінгі уақыт тұрғысынан бағамдап, баға берсек, оның білім мен ғылым жайлы ой-пікірлері, көркемдік сөз әлемі әлі де маңызы мен мәнін жоғалтпағанына көзіміз жете түседі.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды кадамның бірі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.1. өлеңдер мен аудармалар. – 296 б.
- 2 Абайсыз рухани Жаңғыру мүмкін емес! 18. Тамыз 2019 ж.
- 3 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.2. өлеңдер мен аудармалар. – 296 б.

- 4 Құран Кәрим. Қазақша мағына және түсінігі. / Халифа Алтай. – Мәдина: Фаһд патша Құран басым комбинаты, 1991.
- 5 Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕСІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӨМІРХАН А. Д.

студент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.  
САРЫБЕКОВА Қ. Н.

п.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының Ата Заңында Қазақстан халқының дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі екендігін, адам құқы мен бостандығын танытындығын, демократиялық қоғам мен құқықты мемлекет құруға бекем бел байлағандығын, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ететіндігі көрсетілген. Қазіргі жаңалық кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесіндегі адам факторын және оны жандандыру, өмірінің барлық жақтарын жаңарту жағдайында бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр [1].

Рождению девочки тоже очень радовались, но во-первых, считалось, что девочка это – гость в доме. Қонақ. Она все равно когда-нибудь уйдет в чужую семью. Вернее, ее увезут. Потом девочка сменит фамилию, а дети ее достанутся другим. И у них у

всех будут другие фамилии. Затем они тоже повыходят замуж или женятся, и тогда вообще все покроеется туманом. Поэтому мальчик якобы предпочтительнее.

Надо сказать, что это не совсем так. Правда заключается в том, что девочек в степи ждали и любили не меньше, а иногда даже больше мальчиков. Их баловали, пока они росли, потому что – помните? – «кыздың жолы жіңішке» – «у девочки тропка узкая, в смысле короткая». То есть их судьбы как бы predetermined: они появлялись на этот свет для того, чтобы самим кого-нибудь подарить этому миру. А что может быть благороднее и дороже?

Относительно того, что девочка уйдет, если уж на то пошло, то мы все тут присутствуем временно. Мы все тут гости. И мы все с вами когда-нибудь да уйдем. Нас сюда пустили тоже, знаете, не навсегда. Никто не останется ждать, чем оно все тут закончится. И на смену нам придут другие. Которые тоже уйдут. И так будет всегда. А жизнь им дадут как раз наши с вами девочки.

Да и потом, надо признать, не всем в степи везло с мальчиками. Иные девочки превосходили и до сих пор превосходят по всем показателям многих мальчиков. И красивее, и роднее, и умнее...

А еще говорят, что девочки ближе к родителям. Некоторые ближе к отцам. И это тоже правда. Но... Раньше папы не очень близко общались со своими дочками. Они общались с ними через ее мать. (Кое-где это еще вполне себе сохранилось). К примеру, если им хотелось что-нибудь им сказать, то они передавали месседж через свою жену. Прямой контакт был практически исключен. Воспитанием дочери занималась непосредственно женщина. С нее и спрос был в случае чего. Лишь один раз отец мог напрямую обратиться к своей дочери – при выборе жениха. И она не смела ослушаться.

Принимая все это во внимание, до семи лет девочек (кыз бала) воспитывали наравне с мальчиками. Точнее, они росли вместе с ними, играли в общие игры. Лишь после семи девочек потихоньку начинали приобщать к ведению хозяйства, поручали выполнять небольшие работы по дому, ухаживать за младшими. Как правило, мамы, и особенно бабушки, начинали их учить ремеслам: валять войлок, шить одежду, готовить пищу. Но что особенно важно – они рассказывали им о традициях и обрядах, объясняя смысл каждого. А, как известно, за каждой традицией стоял многовековой опыт. Который в свою очередь объяснял смысл жизни, а это, согласитесь, серьезные университеты. Поэтому девочки вырастали

образованными, уверенными, достойными, хозяйственными, учтивыми и весьма неглупыми. Поскольку с самого малолетства они вооружались практическими знаниями и пониманием сути вещей.

Да, общество по своему укладу больше было патриархальным, но отношение к женщине было весьма почтительным. Поэтому наши женщины никогда не выглядели забытыми, униженными и, что особенно важно, они никогда не прятали своих лиц. Такая унижительная вещь, как паранджа, нашим женщинам неизвестна. Они вообще жили в атмосфере допустимой свободы. Они могли, к примеру, в любой день взять, да и пойти толпой на ярмарку. Или в кино. Или же уйти пообщаться с подружками, и никто бы им ничего не сказал. Надо было только предупредить и вернуться не позднее десяти ночи. Конечно, никто из них не носил мини-юбок и не стригся коротко, но зато все они с детства обучались езде верхом и даже владению оружием. Многие ездили на охоту с ловчими птицами, умели метко стрелять и прилично бороться. Владели приемами дзюдо, каратэ, джиу-джитсу и казакша курес. Каждая могла постоять за себя. А при случае встать наравне с мужиками плечом к плечу и сражаться за свой аул. В истории таких примеров множество.

Одним словом, казахские женщины – это вольные граждане и абсолютно равноправные члены общества. Такими их воспитывали. Поэтому все это неправда, будто бы ждали только мальчика. Ждали кого угодно, лишь бы роды прошли без осложнений, лишь бы мать сохранила здоровье, лишь бы ребенок родился целым и невредимым. А кто он там по своему полу, так это не было так важно. Казахи очень любили детей. В этом, можно сказать, заключался смысл их бытия – в продолжении. Поэтому рождение ребенка – это чуть ли не самый важный акт в жизни любой казахской женщины. Поэтому каждую девочку готовили к нему с малолетства.

Принято думать, что нравы в древнем кочевом обществе были не очень мягкими. Даже суровыми. Что детей, особенно девочек, растили в строгости и воспитывали строго. Лично я так не думаю. Да, были разные семьи, и в каждой отдельной семье действовали свои законы. Но в целом в народном сознании, в установках воспитания бытовали три истины: ар, ұят и намыс. Соответственно, совесть, стыд и честь (достоинство). Это были три столпа, за которые следовало держаться.

Однако в то же время казахи своих детей по возможности старались баловать. Особенно девочек. Потому что они были



«гостями». А к гостям относились по-особенному. И пока в степь не пришел ислам, девочки росли в формате относительной свободы.

Помимо всего прочего, детей нельзя было сильно наказывать. На них нельзя было кричать. Детей нельзя было бить. Считалось, что это может повлечь за собой массу неприятностей. Ребенок может вырасти трусливым. Закомплексованным. «Баланы соксаң бағы қайтады», – говорили. «Будешь бить ребенка, закроешь ему путь к счастью». Но эти предостережения касались все-таки больше мальчиков.

Что касается девочек, то Шокан Валиханов в свое время сильно был недоволен скорым и повсеместным распространением ислама. А именно некоторых его предписаний. Это касалось в основном запретов и правил поведения женщин в быту. Вот что он писал:

«Не лучше ли было бы оставить их при прежней терпимости? Песни, древние поэмы, борьба, свобода женского пола и участие его в публичных увеселениях – все начинает выходить из употребления! Нашлось уже много ратоборцев гаремного заключения, и бедные жены их, заключенные в юртах, украдкой вырезают войлок юрты, чтобы смотреть на белый свет и на прохожих. Такова натура женщины: они мучаются и страдают до тех пор, пока не вкусят запретный плод».

Юношам, кстати, тоже не разрешалось откровенно разглядывать девушек. Поэтому все смотрели друг на друга как бы вскользь. Или же потупив взор. Исподлобья. Не думаю, что таким взглядом можно было влюбить в себя девушку. Или юношу. Скорее, наоборот.

Сохранились записи известного немецкого ученого фон Герна 1899 года, которые также приводит в своих исследованиях Шокан Валиханов. Вот что там написано:

«Целомудрие как казахских, так и кыргызских женщин и девушек небезупречно, и в народе, который, по преданиям, за проступки женского пола против целомудрия наказывал в былые времена смертью, в настоящее время целомудрие не имеет никакой цены и значения во время женитьбы».

Поскольку всюду бушевали «страсти человеческие». И в этом смысле наши предки ничем не отличались от тех же, скажем, любвеобильных итальянцев или пылких испанцев. А то, что «под влиянием татарских мулл произошла некая трансформация в поведении казахских женщин и они стали прятаться от посторонних мужчин, закрываться при встрече с ними...» – так это неоспоримый и, в каком-то смысле, даже печальный факт.

Да, конечно, за ними и до этого внимательно следили. За юными девами, имеется в виду. Везде были глаза и уши. Помня об этом, все они вели себя, как уже было сказано, весьма достойно – сдержанно и скромно. Так оно было принято. Застенчивость была их первой и главной отличительной чертой. Поэтому они не могли подолгу разговаривать с юношами, засиживаться с ними на бревнышках допоздна. И тем, и другим позволено было лишь обмениваться дежурными фразами о погоде, о текущих делах, о том, о сем. И все. Как-либо выражать красивыми признаниями свои чувства – если они вдруг вспыхнули – они не могли.

Но зато существовала такая замечательная вещь, как переписка. Нет, не по «Ватсапу и не по «Инстаграмму». Девушка вышивала на платочке всякие разные закорючки, финтифлюшки и узоры. Там, среди этих узоров, она могла спрятать сердечко – что означало симпатию с ее стороны. Если же там присутствовали птички, то это означало, что она готова «улететь» с любимым хоть на край света. А это уже, как вы сами понимаете, серьезно. Помимо птичек, там могли быть еще и цветочки, травинки, листочки, ручейки... Это вообще значило, что девушка обещает юноше устроить «жизнь в райских куцах». Эти письма-послания девушки передавали своим избранникам через аульных пацанов-курьеров. Или же через женгешку. И если жигита такая постановка вопроса полностью устраивала, то он посылал через тех же курьеров свой ответ. Ответом могло быть какое-нибудь украшение. Колечко или кулончик. Или еще что-нибудь подобное. Какая-нибудь симпатичная безделушка. Это означало, что парень тоже готов и согласен на райские сады.

Поэтому, если девушка в один прекрасный день, не будучи замужем, вдруг приносила в подоле, то про такую говорили: «базардан әкелді». То есть «купила на базаре». Понятное дело, радовались не очень, но такого ребенка не сдавали в приют и не выбрасывали на улицу, а оставляли дома и любили как своего. Правда, мать его теперь могли выдать замуж только за мужчину «с пробегом», то есть за вдовца. Или же отдать токалкой какому-нибудь старику. Причем без калыма. Если же от такой молодой мамы все отказывались, и никто не хотел брать ее замуж, то аульчане могли поймать ее где-нибудь за углом и отрезать ей косы (обмазать лицо сажей, вывалить в грязь). Но! Ни в коем случае не закидывали бедняжку камнями – как это было принято в некоторых арабских странах. Не секли прилюдно плетями и не закапывали живьем в землю... Они могли лишь для острастки слегка поиздеваться и

выставить на всеобщее осмеяние. Полагаю, так оно гуманнее. Хотя... как посмотреть. В любом случае нравы в степи были помягче, чем у арабов. Или где-либо еще. Но давайте вернемся к основной теме.

Наигравшись в детские игры с такими же несмышленишками, как и они сами, примерно с 12-13 лет девочки переходили к следующему этапу взросления. В этом возрасте девочка уже не кыз бала. Она уже просто – кыз. В этом возрасте заканчивался ее первый мүшел. Что такое «мүшел»? Это старинное исчисление возраста человека по двенадцатилетнему циклу. В этом возрасте девочки превращались в девушек. И это было уже заметно по всему. И одевались они уже по-другому. У них было много разных побрякушек, стразов и блестяшек. И считалось, что чем больше таких украшений, тем лучше. И еще много было косичек. Их заплетали вместе с этими же побрякушками.

Фактически девочки становились уже невестами. На них так и смотрели. И им уже не разрешалось играть с мальчиками в прятки, в казаки-разбойники и т.д. Их уже вовсю привлекали к работам по дому, готовили приданое. Через пару лет девочки уже умели все. А самый «выдаваемый» возраст в степи – когда кыз становилась бойжеткен. Это примерно 16-17 лет. Считалось, что это самое то! И не старая еще, но и не ребенок уже.

Кыз уйде конак» с казахского языка переводится как «Девушка в доме гость», потому что в казахской традиции к девочкам, девушкам в своих семьях всегда относились с особым пиететом. Считается что рано или поздно (лучше конечно, если рано) девушка выйдет замуж и поэтому ее здесь и сейчас нужно всячески баловать, холить и лелеять. Непонятно же еще за кого замуж выйдет – удачно или нет. Будут ли к ней хорошо относиться в новой семье?

Я привыкла, что в казахских семьях именно так. А еще последние годы прослеживается такая тенденция, что девочек воспитывают излишне строго и как-то по-спартански (в Спарте, кстати, девочек воспитывали аскетично, но в хорошем смысле этого слова). При этом тренд такой, что мальчиков воспитывают в атмосфере всеобщего обожания, умиления и вседозволенности. Мальчику в современной казахской семье достаточно просто родиться мальчиком. Как говорится, бала болса – бопты. Но так в нашей культуре не было! Это с девочками принято носиться как с писанной торбой преподнося все на блюдечке с голубой каемочкой. Потому что «Девичий путь итак уязвимый», как гласит казахская пословица.»Кыздын жолы жинишке».

И так как к девочкам в своих семьях принято относиться как к гостям (а гость для казахов - это вообще очень важная персона), то даже за столом принято усаживать на самое почетное место. У нас же есть определенный ритуал по рассадке гостей за столом. Самые важные, самые почетные – садятся как бы в верхней части стола. Торге отыргызады. А хозяева дома садятся в нижней части стола – это та часть, которая ближе к двери.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Попова З.Д., Стернин И.А. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. – Воронеж, 1999.
- 2 КоянбаевЖ., ҚоянбаевР.М. Педагогика. – Алматы: Жалын, 1995. – 276 с.
- 3 Калиев С., Жарыкбаев К. Казахское обучение и воспитание. – Алматы: Санат, 1996. – 350 с.
- 4 Казахская юрта. Национальное отображение мира // Подготовил: Б.Кайырбеков. – Алматы: Родной яз., 1998. – 80 с.
- 5 АргынбаевХ.А. Казахская семья. – Алматы: Кайнар, 1996. – 288 с.
- 6 КайдарА. Каков казахский народ? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 с.
- 7 Сейдимбек А. Казахский мир. – Алматы: Санат, 1997. – 464 с.
- 8 АкпанбекГ.А. Есть ли научная основа в казахских традициях? // Ак желкен. – 1995. – № 1. – С. 14-15.
- 9 ЖумабаевМ. Педагогика. – Алматы: Родной яз., 1992. – 160 с.
- 10 Исмагулова Б., Ережепова Э. Казахско-русский, русско-казахский словарь. – Алматы., 2002.

**БАҒАЛАУ – ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ**

АХМЕТОВА Г. К.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті,  
ағылшын тілі оқытушысы, Б. Ахметов атындағы  
Жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

ТӨЛЕГЕН А. А.

студент, Б. Ахметов атындағы Жоғары педагогикалық колледж, Павлодар қ.

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі - білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Ұлы педагог Ы. Алтынсарин «Оқытушыны бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Бағалау – оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор [1, 97 б.].

Алғашқы балдық жүйе бойынша бағалау 16-17 ғасырларда Германия мектептерінде пайда болды. Мұндай бағалаудың мақсаты үлгерімі төмен оқушылардың білім дәрежесін, үлгерімін жоғарылату үшін іс-шаралар қолдану болды. Оқушылар «өте жақсы», «орташа», «нашар» деген санаттарға бөлінді. Әр санат санмен белгіленіп отырған. Ең жоғарғы көрсеткіш «1» болған. Білім алушылардың көбі орташа нәтижені көрсеткендіктен, оларды санаттарға бөлуге тура келді. Осыдан кейін оқушылардың білімін көп сатылы бағалау қалыптасқан [2].

Қазіргі кезде әрбір елдің өзіне тән бағалау жүйесі бар. Олар өзінің бағалау критерийлерімен ерекшеленеді. Мысалы:

АҚШ-та оқушының білімі A/B/C/D/F әріптерінің белгіленуі арқылы бағаланады, мұндағы А – өте жақсы, F-қанағаттанарлықсыз дегенді білдіреді.

Вьетнамдағы мектептер мен университеттер бағалауда 10 баллдық шкаланы қолданады, мұнда 10-ең жоғары баға, ал 0 – ең төменгі баға. Минималды қанағаттанарлық бағалау 4 болып табылады. Ал Австрияда 5-тен 1-ге дейінгі бағалау жүйесі қолданылады. Мұндағы 1-өте жақсы, ал 5-қанағаттанарлықсыз баға [2, 16-26 б].

**Оңтүстік Корея мемлекетіндегі балдық бағалау жүйесі**

Оңтүстік Корея елінде бағалау тек оқу пәндері бойынша стандарттарда көзделген мақсаттарға қол жеткізуге ғана емес,

сонымен бірге зияткерлік дағдыларды, ХХІ ғасырда тұлғаға қажетті қасиеттер мен дағдыларды дамытуға бағытталған. Зияткерлік дағдылардың тізіміне сыни тұрғыдан ойлау, дәлелді пайымдау, шығармашылық пен жаңашылдық, ынтымақтастық, мәселені шешу бағыттарын таңдаудағы тәуелсіздік және т.с.с. жатқызуға болады. Осы дағдылардың дамуы математика, оқылым, жазылым, жаратылыстану, әлеуметтік ғылымдар пәндерін оқыту кезінде тексеріледі [3, 64-78 б].

Оқушылардың жетістіктерін бағалау **қалыптастырушы және диагностикалық бағалау** түрлерінің қолданылуымен мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағалау түрлері мұғалімге белгілі бір оқушының жетістіктері мен кемшіліктері туралы жедел ақпарат алуға және оған уақытында көмек көрсетуге, сондай-ақ белгілі бір сыныпта ұйымдастырылған оқу әрекеттеріне тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді [3].

**Мектепшілік бағалау.** Мектептер оқушылардың жетістік деңгейін оқу пәндерінің мазмұнына сәйкес әр түрлі материалдар мен әдістерді қолдану арқылы бағалайды. Бастауыш сынып оқушысының жетістіктері оның сыныптан тыс жұмыстарға қатысуына, тұлғалық ерекшеліктеріне және пәндерді игерудегі жетістіктеріне байланысты.

Орта мектеп оқушыларының жетістіктері әрбір оқу жылының семестрлерінің соңында бағаланады. Пән бойынша тестілеу нәтижелері мұғалім басшылығымен қадағаланады. Бұл тестілеу нәтижесінде оқушы дәрежесі, тестілеуді өткен және пәнді меңгерген оқушылар саны белгіленеді. Пән бойыншы оқушының оқу нәтижесі тестілеуде бірдей нәтиже көрсеткен оқушылар тобының пайыздық үлесі негізінде анықталады [3, 64–78 б.].

Оңтүстік Кореядағы оқушыларды бағалау жүйесі жарты жылдық және емтихан бойынша нәтижелері болып табылады. (Ең жоғарғысы-100 балл). Пайыздық көрсеткіштер оқушының белгіленген пән бойынша білімін салыстыруға көмектеседі. Бұл жүйедегі максимум – 100 %, ал минимум – 0 % [2, 27 б.]. (1-кесте).

Кесте 1 – Оңтүстік Корея балдық бағалау жүйесі

Баға	Пайыз	Сөзбен белгіленуі
A	90–100 %	Su 수, 秀
B	80–90 %	Wu 우, 優
C	70–80 %	Mi 미, 美

D	60–70 %	Yang 양, 良
E	0–60 %	Ga 가, 可

Кореяда бағалау жүйесі жатталған материалға емес, ақпаратты түсіну және оны қолдану қабілетіне негізделген. Мысалы, тақырыпты түсіндіргеннен кейін оқушыларға жоба ретінде тапсырма беріліп, оны аяқтауға жарты сағат беріледі. Бұл әдіс студенттерге білімді қолдануға үйретеді.

Сыртқы жиынтық бағалау халықаралық салыстырмалы TIMSS және PISA зерттеулеріндегі оқушылар көрсеткен нәтижелердің негізінде айқындалады [3, 64–78 б.].

### Сингапур мемлекетіндегі бағалау жүйесі

Оқу үрдісінде бағалаудың үш түрі қолданылады: қорытынды, қалыптастырушы, диагностикалық.

Қорытынды бағалау оқушының тақырыпты игергенін анықтау үшін тест немесе емтихан көмегімен жүргізіледі. Оның нәтижелері балл түрінде белгіленеді.

Қалыптастырушы және диагностикалық бағалау оқу процесінде оқушыларға және оқыту процесінде мұғалімге уақытылы көмек көрсетуді қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Оқыту процесінде бағалаудың негізгі мақсаты оқушылар мен студенттерге көмек көрсету екені анық, сондықтан қалыптастырушы және диагностикалық бағалау маңызды орынға ие. Сонымен қатар, бағалау кезінде оқушының деңгейін анықтау үшін дәстүрлі жазбаша тесттерден басқа, бағалаудың басқа әдістерін қолдану ұсынылады.

Оқушылардың оқу жетістігін бағалау білім беру мазмұны негізінде, оқушылардың қызығушылықтары, ынтасы мен қабілеттеріне қарай ұйымдастырылған оқу әркеттері арқылы жүзеге асырылады [4, 9 б.].

Сингапурлық әдістеме бойынша күнделікті бағалау оқушылардың сабаққа қатысуын және бір-біріне дегенді құрметті, бір-бірін тыңдай білу қасиеттерін бақылайды. Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдау керек екенін түсінуі керек, әсіресе мұғалім бүкіл сыныптың жауаптарындағы қателерді түзеткен кезде мұқият болу қажет. Бағалау критерийлерін түсіндіру маңызды (кемінде 3 сөйлем). Оқушыға баға қалайша қойылады? Оқушылардың білімін бағалау жолдарының бірі:

Оқушылар берілген құрылым бойынша тапсырманың жауаптарын сабақтың басында жазады; келесі кезеңдердің

бірінде олар серіктесінен естіген ақпаратты жазады; сабақтың соңында оқушы өз-өзін бағалайды; мұғалім жазбаша жұмыстарды жинап, орындалған тапсырмалардың дұрыстығы мен оқушының өзіне қойған бағасын салыстырады. Оқушылар бағаны мұғалім растайтынын білетіндіктен, өзіне баға қоярда өздерін қатан және шынайы бағалайды [5].

Сингапурда бағалаудың екі негізгі түрі бар: мектепішілік және сыртқы.

Мектеп ішілік бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын қолдана отырып, сабақ беру және оқытуға оң әсерін тигізуге мүмкіндік береді.

Мектепішілік бағалау тәжірибесінде қалыптастырушы және жиынтық бағалау қолданылады.

Оқу нәтижелері студенттердің оқу процесін, нәтижелерін жақсарту үшін қолданылады, соның ішінде жиынтық бағалау – оқушының оқудың белгілі бір кезеңінде пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтау үшін қолданылады.

Сыртқы жиынтық бағалау. Сингапурдағы мектептердің көпшілігі Кембридждік емтихан бағалау жүйесіне сүйенеді. Оқушылар негізгі мектептің 4 немесе 5 жылында GCE «O» деңгейінің емтиханын, орта мектептің 2 немесе 3 жылында GCE «A» деңгейінің емтихандарын тапсырады [4, 9 б.].

Мұғалімдер оқушының бастапқы білімін сирек тексереді және оқу мақсаттары мен сабақ мақсаттарын көп талқыламайды. Сондай-ақ, мектеп оқушыларының білімін тексеру және жұмыстарын бағалау кезінде мұғалімдер оқушылардың тапсырмада берілген сұрақты қалай шешу керектігін түсінгеніне емес, оқушылардың сол сұраққа дұрыс жауапты білуіне баса назар аударады.

Сингапурдың орта мектептеріндегі оқушылардың білімін бағалау жүйесінде 9 балдық шкала әдісі қолданылады.

Ең төмен балл F9 шкаласының мәніне сәйкес келеді, ең жоғары – A1.

Тоқсанның соңында мектептер 100 % шкала бойынша тестілеу түрінде бақылау өткізеді. Егер бала кем дегенде 51 % жинаса, онда ол тестілеуден өтті деп саналады («passed») [6]. (2-кесте)

Кесте 2 – Сингапурдағы балдық бағалау жүйесі

Пайыз	Баға	Мағынасы
75–100 %	A1	Үздік
70–74 %	A2	

65–69 %	B3	Жақсы
60–64 %	B4	
55–59 %	C5	Қанағаттанарлық
50–54 %	C6	
45–49 %	D7	Қанағаттандырылмаған
40–44 %	E8	
0–39 %	F9	

Сингапур мемлекетінде мұғалімдер оқушылардың үлгерімін ашық талқыламайды, сондықтан оқушылар өз құрдастарының бағаларын білмейді, бірақ олар оны өз араларында талқылай алады.

### Қазақстан мемлекетінің балдық бағалау жүйесі.

Қазақстан мемлекетінің білім беру жүйесі 5 балдық бағалау жүйесінен бас тартып, критериалды бағалау жүйесіне көшкен. Критериалды бағалау оқушының материалды игеруі мен практикалық дағдыларды қалыптастыруына негізделген. Жүйеге сәйкес формативті, бөлімдік жиынтық және тоқсандық жиынтық бағалау түрлері қолданылады [1]. Формативтік бағалау бойынша күнделікті оқу жетістіктері мен кері байланыс оқушыларға өз оқуы туралы қорытынды жасауға және нәтижені жақсарту үшін керекті шешім қабылдауға ықпал етеді. Мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету секілді формативті бағалаудың түрлері күнделікті сабақта қолданылады, себебі бұл бағалау баға қоюмен жүзеге асырылмайды. Ал жиынтық бағалау нәтижелері әрбір тоқсан, кезең бойынша балл ретінде қойылады. Қорытынды баға әр пән бойынша аралық бақылау мен емтихан нәтижелерінен анықталады [1; 7].

Білім алушылардың барлық оқу тапсырмаларына қатысты оқу жетістіктері білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес бағаланады. Бағалау жүйесі 100 балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады [7; 8] (3-кесте).

Кесте 3 – Қазақстандағы балдық бағалау жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95–100	Өте жақсы
A-	3,67	90–94	

B+	3,33	85–89	Жақсы
B	3,00	80–84	
B-	2,67	75–79	
C+	2,33	70–74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65–69	
C-	1,67	60–64	
D+	1,33	55–59	
D	1,00	50–54	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0–49	

Бағалау – оқыту процесінің ажырамас бөлігі. Әрбір оқушының білімін бағалап, оны жетістікке жеткізу әрбір мұғалім міндеттерінің бірі. Осыған орай, Сингапур мен Оңтүстік Корея мемлекеттерінің бағалау жүйесі жайлы ақпараттарды, оқыту процесінде қолданылатын бағалау түрлеріне талдау жүргізілген зерттеу, екі мемлекеттегі бағалау жүйесінің төмендегідей артықшылықтарын атап өтуге мүмкіндік берді.

Бағалау жүйесінің артықшылықтары:

1 «XXI ғ. дағдылары» халықаралық стандарттарына жауап беретін зияткерлік дағдыларды қалыптастырады;

2 Оқушының білім деңгейін арттырады;

3 Заман талабына сәйкес бәсекеге қабілетті, білімді, іскер жеке тұлғаны дамытады;

4 Оқушының білім деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді ;

5 Пәндік нәтижелерді ғана емес, сондай-ақ зияткерлік дағдылар мен оқушының жеке дамуын бағалайды.

Сонымен қатар, Оңтүстік Корея мен Сингапур мемлекеттерінің білім беру саласындағы жетістіктері оразан зор. Екі мемлекеттегі мектеп оқушылары жаратылыстану және гуманитарлық бағыттар бойынша TIMSS және PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулерде барлық мемлекеттер тізімінде 1–3 орындарды, халықаралық пәндік олимпиадаларда жүлделі орындарды иеленеді. Атап өтсек, «International Mathematical Olympiad», «International Physics Olympiad», «International Linguistics Olympiad» тағы да басқа халықаралық олимпиадаларында жақсы нәтиже көрсетіп, жүлделі орын иегерлері атанып қана қоймай, халықаралық олимпиадалар бойынша мемлекеттер арасындағы рейтингте ең мықты нәтиже көрсеткіштеріне ие болуда. Осындай үлкен жетістіктерге қол

жеткізулері оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатымен ұйымдастырылған білім беру жүйесінің жемісі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Урмашев.Б.А. Критериалды бағалау технологиясы.-Алматы: «ССК» баспасы, 2016.

2 Полякова А.О., Ю.О. Сидорова (авторы-составители); под ред. В.И. Скоробогатовой. Актуальные вопросы признания иностранного образования и (или) иностранной квалификации. Методическое пособие /– Москва: РУДН, 2017.

3 Kwangho Kim, Gapsung Kim, Sungsook Kim, Jungmin Kim, Jooah Kim, and JunghaPark.Country background Report for Korea. Korean Educational Development Institute Republic of Korea. 2010

4 А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденова.О.И. Можаяева, Методология системы критериального оценивания учебных достижений учащихся: Учебно-метод. пособие / – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017.

5 Wei Ling Karen Lam. Singapore teachers ‘classroom assessment: preparing student’s for the «test of life», or a «a life of tests»? Department of Teacher Education, Special Education and Curriculum & Instruction.2014

6 Academic grading in Singapore. [Электронды ресурc]. – URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/Academic\\_grading\\_in\\_Singapore](https://en.wikipedia.org/wiki/Academic_grading_in_Singapore) [10.03.2021].

7 Новая система образования в Казахстане. [Электронды ресурc].– URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> [13.03.2021].

8 Бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі [Электронды ресурc].– URL: <https://tekeli.kz/index.php/kz/bilim-beru-uderisi/b-l-udy-b-ldyk-rejtingti-zh-jesi> [11.03.2021].

#### 6.15 Психология ғылымының даму мәселелері 6.15 Проблемы развития психологической науки

#### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

СЕЙДУАЛЫ М. Ә.

студент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

САРЫБЕКОВА Қ. Н.

п.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. К.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің негізгі даму басымдықтарын атап көрсетті. Ұлт саулығы мемлекетіміздің басты басымдығы. Бүгінгі уақыттың күрделілігі сол, оның үдесінен шығып, ілесе білуіміз қажет. Сонда ғана болашағымыз сәуелі болады... - деп көрсеткен болатын [1, 2 б.].

Бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамның психикасына және оның бейімдік қабілеттеріне жоғары талаптар қояды. Қазақстан Республикасында жүйке-психикалық аурулардың, әр түрлі тәуелділіктердің, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени факторлардың салдарынан болатын ауыртпалықты күйініштердің бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен пайда болған беймаздық қорқыныштар, ноогендік, мазасыз қынжылулардың және т.б. өсуі байқалады. Осының барлығы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысты оқиғалармен күрделене түседі. Қазіргі кезде адамдардың психологиялық сырқаттарының белгілері: өзінің өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алмаушылық және құбылмалы әлемде өмір сүру барысында әлеуметтік-құзыретті тұлға болып қала алмау, дезадаптациялық мінез-құлық және қоршаған ортадағы адамдармен тиісті қарым-қатынас сақтауға мүмкіндіктің жоқтығы көбеюде [2, 35 б.]. Осыған байланысты ғылымға жүктейтін қазіргі қоғамның сұранысы, тұлғаның және жалпы қоғамның психологиялық денсаулық мәселесі өзекті болып саналады.

Тараз қаласының бастауыш сынып оқушыларының психологиялық денсаулығының ерекшеліктерін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперименталды зерттеу жұмысын жүргіздік. Зерттеудің мақсаты – бастауыш мектеп оқушыларының

1 және 4 сынып оқушыларының психологиялық денсаулығының ерекшеліктерін зерттеу болып табылды. Зерттеу жұмысының барысында:

1 Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық денсаулығының интегралды-тұлғалық қасиеттерін зерттеу: невротизациялық деңгейі, стресске төзімділік деңгейі, бейімділік ерекшелігі, мазасыздану деңгейін анықтап;

2 Психологиялық денсаулықтың рефлексиялық құрамын зерттеп: өзін-өзі бағалау, бақылау локусын анықтап;

3 Психологиялық денсаулықтың эмоционалды құрамын зерттеу: эмоционалды ақыл-ой даму деңгейін және тұлғаның эмоционалды қасиетінің жүйесін ұсынып;

4 1 сынып пен 4 сынып оқушыларының психологиялық денсаулық құрамының даму ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Бастауыш сынып баласының стресске төзімділігі оның іс-әрекетіне, қоршаған ортасына және өзінің денсаулығына зиянсыз іс-әрекет ету ерекшеліктерімен шартталған интеллектілі, ерік, эмоциялы жүктемелерге шыдауға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиетінің жиынтығымен анықталады. Екі таңдауда да оқушылардың жартысынан көбісі стресске қарсыласудың орташа табалдырықты дәрежесімен сипатталды. 1 сынып оқушыларының төмен деңгейі 9,5 % көп екендігі анықталды. Кесте 1-ке сәйкес:

Кесте 1 – Сыналушылардың стресске төзімділігінің деңгейі бойынша бөлу (Холмс және Риге бойынша стресске төзімділікті және әлеуметтік бейімделуді диагностикалау әдістемесі бойынша % есебінде)

Сыналушылар таңдауы	Стресске қарсыласу дәрежесі		
	Жоғары [150-199]	Орташа [200-299]	Төмен [>300]
1 сынып	27,3	50,5	22,2
4 сынып	20,0	67,3	12,7

Студент t-критериясының көмегімен эмпирикалық және сынамалы мәндерді салыстырудың негізінде  $|t| > t_{\text{сын}}$ . [ $\alpha < 0,01$ ] аламыз: 4 сынып оқушыларының стресске төзімділігі 1 сынып оқушыларына қарағанда жоғарырақ [3, 28 б.].

Бұл өз кезегінде аталмыш мәселелердің дер кезінде айқындалып, емделуін және алдын алуды талап етеді .

Бейімделу әлеуетінің зерттеу нәтижесінде 1 сыныптың 27,7% бейімделу әлеуеті төмен екендігі анықталды. Бұл көрсеткіш олардың қажет жағдайларға бейімделе алмаушылығын білдіреді. Олар жаңа жағдаяттарды қиындықпен кешіреді. Бұл оқушылардың жартысы қанағаттанарлық бейімделу әлеуетімен сипатталады. Салыстырмалы талдау 1 сыныптың бейімделу қабілеті 7,7 % төмен екендігін көрсетті.

1 сыныптың көпшілігінің адамгершілік нормативтілігінің деңгейі орташа екендігі анықталды. Бұл олардың оқушылар ортасындағы адамгершілік нормаларының дамығандығын дәлелдейді. Адамгершілік нормативтілігінің көрсеткіші бойынша көрсетілген жоғары деңгейдегі санды қайырымшылықтарды белгілеуге болады: 4 сынып арасында мұндай оқушылар 7,8 %-ға жоғары [Студент t-критериясының көмегімен статистикалық мәнді айырмашылықтар белгіленді] [4, 78 б.].

Аталмыш сауалнаманы талдау нәтижесінде мұндай оқушылар ұжымда өз мәртебесін шынайы бағалап, жалпыға бірдей қоғаммен қабылданған мінез-құлық нормаларын сақтауға бағдарланатындығы анықталды. Мазасыздануды тұлғаның бітісі ретінде дәл балалық шақта зерттеудің маңыздылығы аталмыш жас шамасында субъектінің интенциялды құрылымының жеткілікті дәрежеде қалыптасатындықтан тұлғалық ұйымшылдылығының тұрақтылығын айтуға болды. Балалық шақта мазасыздану даму дағдарысын анықтайтын феномен болудан қалып, оңтайланады.

Сыналушылар эмоционалды ақыл-ой дамуының интегративті шкаласы бойынша бөлінді. Кесте 2-ге сәйкес:

Кесте 2 – Эмоционалды ақыл-ойдың интегративті шкаласы

Сыналушылар таңдауы	Эмоциялы ақыл-ойдың интегративті шкаласы		
	Төмен деңгейі [-39]	Орташа деңгейі [40-69]	Жоғары деңгейі [-70]
1 сынып	27,7	51,1	21,1
4 сынып	23,3	51,1	25,5

Эмоционалды ақыл-ой деңгейі жоғары деп анықталған оқушылар өздерінің әрі өзгелердің де эмоциялы реакцияларын жақсы тани алады. Адамдармен қарым-қатынастары мазмұнды, өздерін және қоршаған әлемді жақсырақ тану үшін өз эмоцияларын қолданады.

Эмоцианалды ақыл-ой деңгейі орташа деп анықталған оқушылар өзгелердің эмоциясын жеткілікті дәрежеде жақсы түсіне, меңгере алады. Олар эмоцияларын білдіруде біраз жұмыс жасап, олардың дене тұрғындағы симптомдарына назар аударып, себебін анықтауы қажет.

Эмоцианалды ақыл-ой деңгейі төмен деп анықталған оқушылар өз сезімдерін дұрыс сезіне алмайды, оларға құлақ аспайды, не болмаса оларға тым кеш болғанда көңіл бөледі. Эмоциялары тек қолайсыздық тудыратындықтан, оларды білдірмейді немесе ашумен шығарады [5, 105 б.].

Жоғарыдағыларды есепке ала келе, оқушылардың психологиялық денсаулығының ерекшеліктерін зерттеу нәтижелерін талдаудың, атап айтсақ, келесі қорытындылар шығып отыр:

– Тәжірибелік-эксперименталды зерттеудің нәтижесінде оқушының жас шамасындағы психологиялық денсаулық дамуының жас ерекшелік заңдылықтары анықталды:

– бірінші және төртінші сынып оқушыларының көпшілігінде адамгершілік нормативтілігінің деңгейі қанағаттанарлық және жоғары;

– төртінші сынып оқушыларының психологиялық денсаулықтарының барлық көрсеткіштері бойынша біртекті мәндерді білдірді;

– бірінші сынып оқушыларында денсаулық, даму, қызықты жұмыс басым мазмұндық құндылықтар деп есептелсе, төртінші сынып оқушыларында даму, денсаулық, қызықты жұмыс және достардың болуы бағалы екендігі анықталды;

– бірінші сынып оқушылары үшін адалдық, тәуелсіздік және білімділік, ал төртінші сынып оқушылары үшін - тәуелсіздік, адалдық, білімділік басым сындарлы құндылық деп есептеледі [6, 124 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық денсаулықтарының даму факторлары анықталды:

– оқудың бастапқы кезеңінде этномәдени орта, атап айтқанда, онда қабылданған құндылықтардың, қатынастардың және отбасылық тәрбие дәстүрі басым фактор ретінде айқындалды;

– этномәдени фактор адамның әлеуметтік сапаларының көрініс беруіне, тұлғаның жеке дара-типологиялық қасиеттері мен психикалық күйлерін біршама ықпал етеді. Бірінші сынып негізінен моноэтникалық орта өкілдерінен құралады. Оларға полимәдениортаға бейімделу қажет. Демек, олар тұрмыстық қабылдаудан демалу шараларын ұйымдастыруды меңзейтін мәдени

кұбылыстардың кең аумағына дейін мәдени айырмашылықтарды қабылдау мен ұғынуға ұласады.

Зерттеушілер бұл үдеріс әлемнің этникалық көрінісінің өзге халықтардағы басым нормаларымен және құндылықтарымен ара қатынасын болжап, өзін қайсыбір этносаралық мәдени қоғамдастыққа ену, не болмаса өзге халықтарға қарсы қою түрінде көрініс беруі мүмкін деп есептейді.

4 сыныпқа қарай білімділік пен тәуелсіздіктің құндылығы біршама артады. Эксперименттік жұмыс бойынша салыстырудың нәтижесінде 1 сынып сезгіштік, қуатты ерік сапаларын жоғары бағаласа, 4 сынып үшін – ұқыптылық, өмірге ризашылық, орындаушылық сияқты қасиеттер бағалы екендігі, олар өзіндегі және өзгелердегі кемшіліктерге шыдамсыздық білдіретіндігі анық.

Психологиялық денсаулықты дамытудың, психологиялық әдістермен түзеудің және психологиялық алдын алудың кешендік бағдарлама жасалып, жүзеге асырылды, оның тиімділігі эксперименталдық жолмен дәлелденді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан. 1.09.2020. № 321.

2 Шерьяданова Х.Т., Абеуова И.А., Ныгметова К.Н. Психопедагогика здоровья: учебное пособие. – Алматы: ТОО «Типография Комплекс», 2006. – 280 с.

3 Акажанова А.Т. Девиантология: оқу құралы. – Алматы, 2009. – 302 б.

4 Абеуова И.А. Психопедагогика здоровья : Учебное пособие. – Алматы: ТОО Типография Комплекс, 2006. -287 с.

5 Намазбаева Ж.И., Садыкова А.Б. Лавриненко Н.С. Технология формирования психологически здоровой личности: учебное пособие. – Алматы: INFILINE, 2011. – 300 с.

6 Нығметова Қ.Н. Балалардың психикалық денсаулығына экологиялық ортаның ықпалы: психол.ғыл.канд. ... дис.: 19.00.07. – Алматы: ҚазМҚПУ, 2009. – 200 б.



## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ҮЙЛЕСПЕУШІЛІКТЕРІН ДИАГНОСТИКАЛАУ

СҮЛЕЙМЕНОВА Е. Н.

студент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

САРЫБЕКОВА Қ. Н.

п.ғ.к., доцент, М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Жеке адамның эмоциялық жағдайының тұрақты болуы оның өмір сүретін ортасына, экономикалық және ғылыми техникалық жетістіктеріне байланысты екені ҚР Президент Қ. К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында балаларға салуатты өмір салтын үйретіп, «әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін» арттыру қажет екендігі көрсетілген [1, 2 б.]. Оқушылардың жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін дер кезінде диагностикалау, олардың эмоционалдық жағдайында нормадан ауытқуы байқалған кезде көмек көрсету көкейкесті мәселердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезде бастауыш сынып баласының ағзасында орын алатын психофизиологиялық өзгерістер пайда болуымен байланысты кризистік даму кезеңі орын алады және осы ахуалмен байланысты бала мінезінің кейбір көрсеткіштері шамадан артық дамып кетуі, агрессиясының орын алуы байқалады. Біз бірнеше жыл бойы бастауыш сынып оқушысының психоэмоционалдық үйлеспешілігін болдырмау және осы жағдайдан шығару әдістемелерін мектеп мұғалімдеріне тиімді пайдалану жолдарын ұсынып келдік.

Тараз қаласының мектептерінде оқушылардың эмоционалдық үйлеспешіліктерін айқындау экспериментін өткізу мақсатында 4 сыныптарда оқитын балаларды қамтып, зерттеу жүргіздік. Оқушылардың акцентуациясы мен мазасыздануының көрініс беруін зерттеудің нәтижелерін бір-бірімен ұштастырып салыстырмалы түрде талдадық.

Балалардың акцентуацияның түрлері мен оның көрініс беру деңгейін бағалау үшін Шмишек-Леонгард тестін пайдаландық [2, 147 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының мінез акцентуациясының қыр-сырын жан-жақты зерттеген К.Леонгард жасаған теориялық қағидаларға сүйене отырып көптеген зерттеу әдістемелері жасалды [3, 58 б.].

Бұл тестер арқылы жүргізілген диагностикалық бағдарлама баланың өмір жағдайы мен психологиялық дамуының түрлі жақтарын анықтауға мүмкіндік берді. Осы мәселені зерттеу үшін 4 сынып оқушыларының дезадаптация, акцентуация, агрессия көрініс беруін және оның себептерін анықтауға арналған сауалнамаларды жүргіздік. Бастауыш сынып оқушыларында тек сол жасқа тән ерекше қасиеттерді анықтау үшін арнайы психодиагностикалық әдістер жүргізіледі.

Тест нәтижесін талдау барысында балалардың басым көпшілігінде акцентуацияның бір түрінің, кейде одан көп түрлерінің белгісі бар екені анықталды. Зерттелініп отырған үшінші сынып оқушыларында орын алған акцентуация түрлерін олардың жас ерекшеліктері сипаттамамен салыстырып көргенде жағдай шектен шықпаған, норма көрсеткіштерінің дисперсиясында орналасқанын анықтадық. Тек қана 4 оқушының акцентуациясы нормадан шамалы асық болды.

Зерттеу нәтижелерін талдау кестесінде көрсетілгендей балалардың басым көпшілігінде сенситивтік және демонстративтік акцентуация түрлері анық байқалды, сонымен қатар тұрақсыздық акцентуацияның басқа түрлері 2-3 баланың көрсеткіштерінен байқалды, ал акцентуацияның эпилептоидтық және экзальтациялық түрлерінің көрсеткіштері нормадан көп ауытқу бермеді, сондықтан ондай көрсеткішке ие болғандар жоқ деп есептедік. «Кесте 1»-ге сәйкес:

Кесте 1 – Шмишек тесті бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі

№	Акцентуация типі	Анықталған балалар саны
1.	Гипертимдік тип.	6
2.	Лабильдік тип.	7
3.	Сенситивтік тип.	4
4.	Шизойдтық тип.	0
5.	Эпилептоидтық тип.	1
6.	Тұрақсыз тип.	0
7.	Астено-невротикалық тип.	0
8.	Демонстративтік тип.	0
9.	Циклоидтық тип.	3
10.		0

И. Спилбергер ұсынған «Әлеуметтік – ситуациялы мазасыздану шкаласы» әдістемесін пайдалана отырып бастауыш сынып оқушыларының мазасыздануы өзіндік, адамаралық, отбасы мүшелерімен тіл табыса алмай жүргенімен байланысты немесе

мектеппен байланысты екендігін анықтадық. Берілген шкала бойынша мазасызданудың мектепішілік, өзіндік және адамаралық деген үш түріге бөліп бағаланады.

Нәтижелері мазасызданудың түрлерін және оның деңгейін көрсетті. Мазасыздану деңгейі төмендегі стандарттар бойынша анықталады. «Кесте 2-ге» сәйкес:

Кесте 2 – Мазасызданудың өртүрлерінің деңгейі

Мазасызданудың көрсеткіші	Мазасызданудың өртүрлерінің деңгейі			
	жалпы	мектептік	өзіндік бағалау	Жеке адамаралық
норма	17-54	4-17	4-18	5-17
жоғары	55-73	15-20	19-25	20-26
өте жоғары	92	31	33	31
Шектен тыс салмақтылық	16	1	3	3

Балалардың жауаптарын талдау және ретке келтіру нәтижесінде зерттелінушілердің акцентуациясы олардың өмір сүретін орталарындағы статусына байланысты екені анықталды және мұндай көрініс осы жас кезеңіндегі балалар үшін норма деп айтуға болады. Өйткені басқа сыныптарда жүргізілген зерттеулердің нәтижесі осы көрсеткішке жақын болды.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың мазасыздануын туғызатын себептердің ішіндегі жетекшісі сынып ішіндегі қарым-қатынасқа, ұялшақтыққа, өзіне және айналадағыларға деген бейадекватты қарым-қатынасына келіп тіреледі. Бұл жағдайлар тереңдеп кетпес үшін, мазасыздану деңгейі жоғары болған оқушыларға көбірек көңіл бөліп, жеке әңгімелесу жүргізілді. Сонымен қатар, сынып ішінде, топтық іс шаралар кезінде көбіек арластырып, сабақты әр уақытта сұрап, сұрақтарды көбірек қойып, топтық әңгімелер, баланың жеке мәселесін ұмыттыруға негіз болатын жеке әңгімелерді жүргізілді.

Мектеп оқушыларының ішіндегі жеткіншек жас кезеңіндегілердің акцентуациясын және осы ерекшелікпен ұштасып келетін мазасыздану ерекшеліктерін зерттеу олардың жалпы жағдайын анықтап, қиындық көріп жүрген баларға психологиялық көмек көрсету мақсатында жүргізілді. Сондықтан зерттеудің келесі кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескере отырып жүргізілген психодиагностикалық жұмыстар нәтижесіне сүйене отырып балалардың ерекше мінез-құлық көрсетуінің негізгі себебі – оқушылардың өздері өмір сүретін ортасымен қарым-қатынасының қалыптаспағандығы және қарым-қатынас

мәдениетінің төмендегі, аландаушылықтың басымдығы, өзіне деген сенімнің төмендігімен байланысты деген қорытынды жасадық.

Зерттеу нәтижесінде мектеп оқушылары арасында вербалдылық агрессия өте жоғары дамығандығын көрсетті. Ол әсіресе ұл балаларға тән, олар балағат сөздерді өте көп қолданатыны анықталды. Сонымен қатар қыздар арасында да вербалдылық агрессия сирек емес. Екінші орында өкпелегіштік пен негативизм көрсеткіштері келеді. Бастауыш сынып оқушыларында күдіктенушілігінің жоғары болуы заңды нәрсе, ол үлкендік сезімнің орын алуы және үлкендердің бастауыш сынып оқушыларына көзқарасындағы қайшылықтардан туындайтын проблема екені көптеген зерттеулерде дәлелденген [4,79 б.]. «Кесте 3-ке» сәйкес:

Кесте 3 – Қорытындылау кестесі

Агрессиясы байқалғандар	Шектелгендік көрсеткендер	Ашық-жарқын	Байсалдылар
10 %	10 %	45 %	25 %

Кестеде көрсетілгендей сыныптағы оқушылардың біршамасы әлі де өзін шектелген деп сезінеді, дегенмен агрессия көрінісі күрт төмен түскені анық байқалады. Сонымен қатар, ашық-жарқындық, байсалдылық жақсы көрініс беретіндер саны көбейгені анықталады. Бұл қысқа мерзімде жүргізілген жұмыс, ал мектеп психологі психокоррекциялық әдістемелердің бірнеше түрлерін жүйелі түрде қолданып жүрсе оның оң әсері терең болатыны сөзсіз.

Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеуге арналған көптеген әдістемелер жасалған. Олардың көпшілігі мектеп психологиялық қызметінде сынып оқушыларының қарым-қатынас ерекшеліктерін, оқушының әлеуметтік статусын зерттеуге кеңінен пайдаланып жүрген түрлері социометрия және трансактілі талдау жүргізу. Сондықтан мектеп жасындағы балалардың қарым-қатынас мәдениетін бағалап, қажетті болған кезде коррекциялау, тәрбиелік мәні бар қосымша іс-шаралар ұйымдастыру үшін сынып ұжымы ыңғайлы. Баланың өзі оқитын сыныпта жолдастары, достары, бірге ойнайтын, бос уақытты бірге өткізетін құрбылары бар. Осы ортада қалыптасқан сыныптағы ұжымшілік қатынас ерекшеліктерін зерттеу арқылы балардың қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан. 1.09.2020. № 321.

2 Бугумбаева Е.М. Тұлғаның мінез-құлығындағы агрессия белгілерінің психологиялық негіздері. Әлеуметтік ғылымдар магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған / Е.М. Бугумбаева; Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор Сарыбекова Ж.Т. - Тараз, 2015. - 81б.

3 Немов Р.С. Психология. В 3-х книгах: учебник. Кн.3: Психодиагностика. Введение в научное психологическое исследование с элементами математической статистики / Р.С. Немов. - 4-е изд. - М. : Гуманит. изд.центр ВЛАДОС, 2003.

4 Бейсенбекова Г.Б. Кіші жастағы оқушы тұлғасының психологиялық-педагогикалық диагностикасы: Оқу құралы /Г.Б. Бейсенбекова. - 3-ші басылым. - Қарағанды: «Ақ Нұр», 2019. - 122б.

**6.16 Әлеуметтік жұмыс: тәжірибе және перспективалар**  
**6.16 Социальная работа: опыт и перспективы**

**НАКОПИТЕЛЬНАЯ ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА  
КАК СТИМУЛ БЛАГОСОСТОЯНИЯ НАРОДА**

ТИМЧЕНКО Н. С.

студент, Павлодарский высший экономический колледж Казпотребсоюза,  
г. Павлодар

АНДИРЖАНОВА Г. М.

научный руководитель, преподаватель специальных дисциплин высшей категории, Павлодарский высший экономический колледж Казпотребсоюза,  
г. Павлодар

Вокруг пенсионной системы Казахстана споры идут уже давно. Единый накопительный пенсионный фонд упрекают за непрозрачность и неэффективность управления накоплениями, а саму систему в целом – в малых объёмах средств на счетах казахстанцев и, соответственно, маленьких выплатах будущим пенсионерам.

Предлагаю подвести итоги ушедшего 2020 года и что нас ждет в новом 2021 году.

